



KAZGUU
LAW SCHOOL

«M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti»

акционерлік қоғамы

**АЗАМАТТЫҚ, КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫ КАФЕДРАСЫ**

ИДРЫШЕВА С.Қ.

**«АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ»
(ЖАЛПЫ БӨЛІМІ)**

ӘДІСТЕМЕЛІК ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Астана, 2018 ж.

УДК 347(075)
ББК 67.404(5 Қаз)я73
И27

Сын пікір берушілер:

Заң ғылымдарының докторы, профессор Қаудыров Т.Е.
Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Құдиярова Ұ.Е.

Идрышева С.Қ.

Азаматтық құқық (жалпы бөлімі): әдістемелік оқу құралы. - Астана:
Fastprint, 2018

«Азаматтық құқық» пәнінің жалпы бөлімі бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулар «Құқықтану», «Құқыққорғау», «Халықаралық құқық» мамандықтарының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы. Оқу құралының мазмұны «Азаматтық құқық» пәнінің жалпы бөлімі бойынша барлық тақырыптарды қамтиды, әрбір тақырып бойынша негізгі құқықтық нормалар мен институттарды қысқаша нысанда сипаттап, әр тақырыпты толық игеру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі) және оған қоса тағы да қандай заңнамаларды білу қажет екендігі көрсетіледі.

Оқу-әдістемелік құралдың түсініктеме беретін жазбаша мәтініне қоса сол тақырыпты тереңірек игеруге арналған сызбалар берілген, бұлармен мұқият танысуға қажет, себебі сызбалар негізінде теориялық білімдер жүйелі түрде бекітіледі.

Әр тақырыпты тәжірибелік көріністе бекіту үшін Нұсқауларға қосымша есептер (қысқаша кейстер) келтірілген. Тәжірибелік жағдайларды дұрыс реттеп шешу үшін сол кейс қандай тақырыпқа қатысты құрастырылғанын ескере отыру жөн, өйткені әрбір жағдай арнайы тақырып бойынша теориялық білімдерді бекітіп, оларды тәжірибеде қолдануды үйренуге бағытталған.

Нұсқаулық «Азаматтық құқық» оқулығына тек қосымша ретінде пайдалануға жатады, бұл Нұсқаулықты пайдалану студенттерді «Азаматтық құқық» оқулығын толық көлемінде оқып зерделеуден босатпайды.

Бұл оқу-әдістемелік құралы «Азаматтық құқық» пәнінің ерекше бөлімін де түсініп, игеруге көмек болады.

ISBN 978-601-7450-36-6

УДК 347(075)
ББК 67.404(5 Қаз)я73

«M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti» акционерлік қоғамының
Ғылыми Кеңесімен ұсынылған
(2018 ж. 19 наурыздағы № 61 хаттамасы)

© Идрышева С.Қ., 2018

МАЗМҰНЫ

Қысқартулар мен белгілеулер	5
Азаматтық құқықтың ұғымы, пәні және реттеу тәсілдері	6
А сызбасы	8
Азаматтық заңнамалардың негізгі бастаулары (қағидаттары) және азаматтық құқықтың қайнар көздері.	9
Инкотермс ережелері	11
Қазіргі замандағы дүниежүзілік азаматтық-құқықтық жүйелері бойынша қысқаша шолу	15
Азаматтық құқықтық қатынастар	17
Ә сызбасы	19
Б сызбасы	20
Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау	22
В сызбасы	25
Азаматтық құқықтардың объектілері	27
Г сызбасы	29
Ғ сызбасы	30
Жеке тұлғалар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде. Құқыққабилеттілік пен әрекетқабилеттілік	33
Азаматтың есімі, тұрғылықты жері. Дара кәсіпкерлік	36
Д сызбасы	38
Заңды тұлғалар: ұғымы, белгілері, құқыққабилеттілігі. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу	42
Е сызбасы	46
Заңды тұлғалардың қызметін тоқтату	52
Ж сызбасы	53
Коммерциялық ұйымдардың жекелеген түрлері	55
Коммерциялық емес заңды тұлғалардың жекелеген түрлері	57
З сызбасы	58
Мемлекет азаматтық құқықтың субъектісі ретінде	61
И сызбасы	62
Мәмілелердің түсінігі, нысандары және түрлері	64
К сызбасы	67
Қ сызбасы	68
Мәмілелердің жарамсыздығы	69
Өкілдік және сенімхат	72
Азаматтық құқықтағы мерзімдер	76
Л сызбасы	76
Заттық құқықтар туралы жалпы ұғымдар, олардың белгілері	81
Меншік құқығының түсінігі, мазмұны, нысандары және түрлері	82
М сызбасы	84
Шектелген заттық құқықтар	86
Меншік құқығының және өзге де заттық құқықтардың туындау	

және тоқтату негіздері	90
Н сызбасы	92
О сызбасы	93
Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғау	98
Міндеттемелік құқық. Міндеттемелердің түсінігі және пайда болу негіздері	103
П сызбасы	105
Р сызбасы	106
Міндеттеменің қатысушылары	107
Міндеттемелерді орындау	110
Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету.	
Айыппұл, кепіл	113
С сызбасы	115
Т сызбасы	116
Кепілдік, кепіл болушылық, кепілпұл, мүлікті ұстап қалу, және кепілдік жарна	118
Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық	11
Міндеттемелерді тоқтату	126
У сызбасы	127
Келісім шарт туралы жалпы ережелер	130
Ұ сызбасы	133
Келісім шартты жасасу, өзгерту және тоқтату	135

Қысқартулар мен белгілеулер

Осы оқу құралында келесі қысқартулар мен белгілеулер қолданылады:

б. – бап

ҚР АҚ, АҚ – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

т.б. – тағы басқа

ТМД – тәуелсіз мемлекеттердің достастығы

АҚ – акционерлік қоғам

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ж. - жыл

1-тақырып. Азаматтық құқықтың ұғымы, пәні және реттеу тәсілдері

Бұл тақырыпты оқу барысында, «Азаматтық құқық» ғылым ретінде, құқық саласы, заңнама саласы және оқу пәні ретінде түсіну мен пайдалану айырмашылықтарын білген жөн. Азаматтық құқық - ол «Құқық» мамандықтары тобының негізгі бір пәні, жеке құқық саласындағы барлық пәндерін оқып игеруге негіз болып табылады.

Құқық жүйесінің әр саласын бір бірінен олардың реттеу нысанасы мен реттеу әдістері айырады. Құқық саласының реттеу «нысанасы» - ол құқық саласы нені, яғни, *қандай* қоғамдық қатынастарды реттейді, ал «әдістері» - ол құқықтық сала сол қоғамдық қатынастарды *қалай* реттейді деген сұрақтарға жауап береді.

Азаматтық құқықтың негізгі нысанасы ақшалай-тауарлық қатынастар болып табылады, яғни нақтылы құндылығы бар мүліктік құқықтар мен игіліктер жөніндегі мүліктік қатынастар.

Сонымен қатар, азаматтық құқықтың нормаларымен жеке (өзіндік) мүліктік емес қатынастар да реттеледі (мысалы, ар-намыс, азаматтың есімі, жеке құпия т.с.с. жөніндегі қатынастар). Мүліктік емес жеке қатынастар өз кезегінен мүліктік қатынастармен байланысты және мүліктік қатынастармен байланыссыз топтарға төлінуге жатады (ҚР Азаматтық кодексінің 1-б., 1-2 тармақтары) Мысалы: авторлық құқық саласындағы қаламақы алу жөнінде қалыптасатын қатынастар жеке мүліктік емес қатынастар бола тура, сонымен бірге мүліктік қатынастармен байланысты болады, себебі қаламақыны есептеу мүмкін болуының салдарынан автор нақты соманы алуға және оны таоап етуге құқылы.

Мүліктік емес жеке қатынастар тұлғамен тығыз байланысты болғандықтан, оларды тұлғадан бөлуге болмайтындықтан, және олардың көбіне қатысты нақтылы бағасын белгілеуге мүмкіншілік болмауына байланысты, тек субъективтік түрде бағаланатындықтан олар «жеке, дара, мүліктік емес» деп те аталады (А сызбасын қараңыз).

Азаматтық құқықтық қатынастарын *реттеу әдісінің* негізгі белгісі - азаматтық құқық субъектілерінің құқықтық теңдігі болады. Қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеуде азаматтық айналым қатысушыларының мүлкін оқшауландыру, еріктерінің дербестігі/автономиясы тәсілдері және азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мүліктік сипаты да қолданады.

Жария құқығының реттеу әдістеріне қарағанда, азаматтық құқықтың негізгі реттеу әдісі рұқсат ету әдісі болып танылады, яғни мемлекет азаматтық құқық субъектілеріне өзара қатынастарын заң деңгейінде өздеріне реттеуге рұқсат етеді. Бұл мақсатта императивтік емес, диспозитивтік әдісі қолданылады (бірақта кейбір жағдайларда азаматтық құқықтық қатынастарын реттеуде императивтік әдіс те қолданылады). Осылайша, Азаматтық кодексінің 2-бабының 2-тармағына сай, субъектілер өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге

асырады. Азаматтық құқықтық қатынастардың объектілеріне қатысты осы бапта олардың айналымға түсуі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында емін-еркін болуы бекітілген. Тауарлар, қызметтер мен жұмыстардың айналымға түсуіне шектеулер тек қана қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, табиғат пен мәдени қазыналарды сақтау үшін енгізіледі.

Азаматтық құқық жүйесіне тоқтайтын болсақ, азаматтық құқық өзге құқық салалары сияқты, жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады. Олардың әр қайсысының өз реттеу нысанасы, өз құқықтық нормалары мен институттары бар. Сонымен бірге жүйенің екі бөлімі де бір бірімен тығыз байланыста және арақатынаста болады. Тәжірибеде құқықтық жағдайларды қате реттеудің/шешудің бір себебі - әр бөлімнің нормаларын бір бірінен бөлек, жүйесіз қолдану болады: мысалы, ерекше бөлімнің нормаларын жалпы бөлімнің ережелерін ескермей, оларды өзара байланыссыз қолдану.

Азаматтық құқықтың жалпы бөлімі ҚР Азаматтық кодексінің жалпы бөліміне негізделгендігін ескере жүру керек (1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданып, 1995 ж. 1 наурызда күшіне енген). Ал тиісінше, ҚР Азаматтық кодексінің ерекше бөлімі 1999 ж. 1 шілдеде қабылданып, күшіне енгізілген, және азаматтық құқықтың ерекше бөлімі Кодекстің осы бөліміне негізделеді.

Азаматтық құқық саласына қарағанда, азаматтық құқық ғылымы оның дамуын зерттейді, азаматтық заңдарды талдайды, жалпы ғылыми әдістерге, салыстырмалы құқықтану әдістеріне және арнайы әдістерге сүйене отырып әртүрлі ғасырлар, әртүрлі мемлекеттер, әртүрлі құқық жүйелері заңнамаларын салыстырып бағалайды. Қазақстан Республикасы азаматтық құқық ғылымының дамуына, оның нормаларының, институттарының қалыптасуына және дамуына, континенталдық құқық жүйесінің негізі болып танылатын рим құқығы нормаларының рецепциясы әсер еткен және сонымен бірге соңғы жылдарында ағылшын-саксондық құқық жүйесінің нормалары да әсер етеді. Соның нәтижесінде, мысалы, Қазақстанда акционерлік қоғам, мүлікті сенімгерлікпен басқару институттары, т.б. енгізілген, «Астана» халықаралық қаржылық орталығы шегінде туындайтын мүліктік даулар ағылшын-саксондық сот тәжірибесі бойынша қарастырылуға жатады.

Азаматтық құқықты заңнама саласы ретінде қарастыратын болсақ, ол әр мемлекетте ең кең ауқымды заңнамалар көлемін қамтиды, себебі зайырлы, құқықтық мемлекеттерде азаматтық құқықтық қатынастар өзге құқықтық қатынастардың көлемімен салыстырғанда ең үлкен көлемді болып келеді, ал мұндай қоғамдық қатынастар сәйкесінше көлемдегі заңнамалармен реттелуге жатады.

Азаматтық құқық оқу пәні ретіндегі міндеті – азаматтық құқықтың оқу орындарында құқықтың және құқықтық ғылымның саласы ретінде оқытылуы.

А сызбасы



2-тақырып. Азаматтық заңнамалардың негізгі бастаулары (қағидаттары) және азаматтық құқықтың қайнар көздері

Азаматтық құқықтың негізгі бастаулары (қағидаттары, принциптері) өзге құқық салаларының қағидаттары сияқты, тиісті нормаларды дұрыс түсініп, оларды тиісінше қолдануға мүмкіншілік беретін негізгі бастамалар. Құқықтық қағидаттар конституциялық және салалық болып бөлінеді.

Арнайы немесе азаматтық құқықтың салалық қағидаттары нормативтік деп аталады, өйткені олар Азаматтық кодекстің екінші бабында бекітілген. Бұл бапта келесі қағидаттар аталған: қатысушылар теңдігі, меншікке қол сұқпаушылық, шарт еркіндігі, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласпауы, азаматтық құқықтардың кедергісіз жүзеге асырылуы, нұқсан келген құқықтардың қалпына келтірілуі, азаматтық құқықтардың сотта қорғалуы. Әр қағидаттың мазмұнын студент толық ашып көрсету қажет.

Мысалы, азаматтық айналымға қатысушылардың теңдігі дегеніміз субъектілердің көлемі, физикалық көрсеткіштері бойынша емес, тек құқықтық теңдігі деп түсініледі. Бұл қағидатқа сай кез келген тұлға өзге тұлғалармен тең дәрежеде келісім шарттар жасасуға, талап қоюға, кәсіпкерлікпен айналысуға, өзге де заңмен тыйым салынбаған әрекеттер жасауға құқылы және мүліктік жауапкершілікті де құқықтық теңдік талаптарына сай көтереді.

Шарт еркіндігі деген қағидат бойынша тұлғалар кіммен, қандай шарт жасасуды, шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және оның заңнамаға қайшы келмейтін кез келген талаптарын өз еркімен айқындайды. Алайда, кейбір субъектілер олар жасауға міндетті деп заңда белгіленген шарттарды жасасудан бас тартуға құқықтарынан айырылады. Сонымен қатар, тараптардың келісімімен тиісті нысанда жасалған ерікті шартты бір тараптың өз бетімен негізсіз тоқтатуға (оны орындаудан бас тартуға) құқығы жоқ.

Азаматтық құқықтың **қайнар көздері** (дерекнамалары, бастамалары) – ол, жалпы ереже бойынша, азаматтық құқық нормаларынан тұратын нормативтік құқықтық актілер жиынтығы (заңнамалар). Азаматтық құқықтың негізгі қайнар көзі болып Қазақстан Республикасының Конституциясы танылады. Онда барлық меншік түрлерінің теңдігі, кәсіпкерлікпен айналысу құқығы, т.б. бекітілген.

Аса маңызды заң актісі - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі болады. Ол 1994 жылы 27 желтоқсанда қабылданып, 1995 жылы 1 наурызда күшіне енген Жалпы бөлімнен және 1999 жылы 1 шілдеде қабылданып күшіне енген Ерекше бөлімнен тұрады.

Азаматтық заңдардың құрамы қылмыстық, әкімшілік, жер және өзге заңдар құрамына қарағанда өте кең ауқымды болады. Мысалы, азаматтық құқықтың қайнар көздеріне мүліктік қатынастарды реттейтін көптеген заңдар мен заңға тәуелді актілер кіреді.

Азаматтық құқықтың қайнар көздері/дерекнамалары ретінде халықаралық шарттардың орнын және рөлін де атап өту қажет.

Басқа құқық салаларына карағанда, азаматтық құқықтың ерекшелігінің бірі, оның дерекнамалары ретінде *әдеттегі құқықтар және іскерлік (кәсіпкерлік) қызмет өрісіндегі әдеттерінің* қолданылуы. Мысалы, ҚР Азаматтық кодексінің 272, 274, 274 және өзге де көптеген баптарында «іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар» міндеттемелерді тиісінше орындаудың бір негізі ретінде бекітілген.

Іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттерінің мысалы ретінде ИНКОТЕРМС ережелерін атауға болады.

Бұл тақырыпты меңгеруде 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қосымша қолдану қажет. Және де «Мемлекет және құқық теориясы» пәнінен алған білімдерге сүйене отырып, азаматтық құқықтық актілерінің уақытта, кеңістікте және қатысушыларына қарай қолданылу мәселесін меңгере білген жөн.

Сот тәжірибесі азаматтық құқық қайнар көзі ретінде тек қана Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары түрінде қолданылуы мүмкін. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» № 7 нормативтік қаулысы, «Меншік иесімен тасталған тұрғын үйге құқық жөніндегі дауларды соттардың қарау практикасы туралы» 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 3 нормативтік қаулысы, «Тұрғын үйге меншік құқы туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі № 10 нормативтік қаулысы, т.б.

Жоғарғы соттың әрбір нормативтік қаулысының соңғы тармақтарында «осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға бірдей міндетті болып табылады» - делінген.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулыларының арасында азаматтық құқықтық қатынастарды реттейтін келесі қаулыларды атап кетуге болады:

- «Қостанай облысы Қостанай қаласының № 2 сотының өтініші бойынша «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310-III Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 3-тармағының және 25-бабының 1-тармағы б) тармақшасының конституциялылығын тексеру туралы» 2008 жылғы 23 сәуірдегі № 4 нормативтік Қаулысы;

- «Қарағанды облыстық сотының ұсынымы бойынша 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 218-бабы 6-тармағының конституциялылығын тексеру туралы» 2014 жылғы 11 маусымдағы № 2 нормативтік қаулысы, т.б.

Конституциялық Кеңестің әрбір нормативтік қаулысының соңғы тармақтарында да Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағы негізінде қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енетіні, шағымдануға жатпайтындығы, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және түпкілікті болып табылатындығы туралы ескертіледі.

Бұл тақырыпты оқу барысында азаматтық құқықты сабақтас құқық салаларынан: отбасы, еңбек, жер, тұрғын үй, азаматтық іс жүргізу құқықтарынан оқшаулау белгілерін зерттеп өту қажет.

Инкотермс ережелері

Инкотермс ережелері – бұл мемлекеттермен, заңды тұлғалармен және кәсіпкерлермен дүниежүзілік деңгейде танылып, халықаралық сауда-саттықты тасымалдау арқылы жүзеге асыруда қолданатын ең тиімді терминдердің түсініктемелері.

Осы ережелер (кәсіпкерлік саладағы әдеттегі құқықтар) тауар жеткізілімі шартында тараптардың құқықтары мен міндеттерін реттейді. Инкотермстің соңғы мәтіні Халықаралық Сауда Палатасымен 2010 жылы бекітілген, сондықтан қолданыста Инкотермс-2010 деп аталады. **Incoterms 2010**-ның әрбір термині 3 латын әріптерінен тұрады және оларға тиісті көлік портының атауы қосылады.

Тараптардың шарт бойынша әрекеттері (құқықтары мен міндеттері)	Терминдердің әліппе бойынша тізілімі	Қандай көлік түрімен тасымалдауда қолданады	Келісім шартта қандай сөз тіркестерімен анықталады
E әрпінен басталатын терминдер - сатып алушы тауарды өзі тиіп алу	<u>EXW</u>	Тауарды тасымалдау көліктің кез келген түрімен жүзеге асырылғанда қолданады	EX Works (... named place) - Франко-завод (EX Works + алынатын тауар орналасқан жер, мекенжай)
F тасып ақысы сату төлен		көліктің кез келген түрімен	Free Carrier (...named place) - Франко-чжайдың,
C әрпі Тасып бағас			Астана қаласында тұратын дара кәсіпкер Омаров сатып алушы ретінде Қытай Республикасының «Майонг» фирмасымен тауар жеткізілімі шартын жасасып, сол тауар үшін 3 млн теңгені қытайлық валютаға аударып, алдын ала толық төлем жасайды. Алайда келісілген мерзімде тауар Астанаға келмейді. «Майонг» фирмасына хабарласу нәтижесінде ол келісім шарттың 1.5 тармағы бойынша «Инкотермс-2000» ережелерінің «DAF-станция Қорғас» шарттығымен жасалғанына сілтеп, сол жерге тауар тиісті мерзімде жіберілгені туралы құжаттарды қоса береді. Омаров Инкотермс ережелері Қазақстан заңнамасының құрамына енбейтіндігіне сілтеп, тауарды Астанаға дейін тапсырып беруді талап етеді.

Дауды шешіңіз

Есепті шешу алгоритмі:

Бұл есеп/кейс «Азаматтық құқықтың қайнар көздері» тақырыбын бойынша білімдерді бекітуге арналған. Сондықтан ҚР Азаматтық кодексінің 3-бабының 4-тармағына сүйенеміз. Онда: «Азаматтық қатынастар, егер әдеттегі құқықтар, соның ішінде іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген азаматтық заңдарға қайшы келмесе, солармен»

танылған бсындай іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнама құрамына енген болғанымен, келісім шарттарда осы ережелер келтірілген болса, тараптар оның нормаларына бағынышты болу керек.

Ал «DAF-станция Қорғас» шарттығының мәнін түсіну үшін осы Инкотермс ережелерімен тағысы керек, бұл ереже еркін қолданыстағы интернет желісінде кеңінен таралған, және 2010 ж. соңғы мәтіні Халықаралық Сауда палатасымен бекітілген. Алайда тараптар өз келісімдерімен, шартта көздей отыра, Инкотермс ережелерінің 2000 жылғы мәтінін де қолдануға құқығы.

сатушымен төленген көліктің кез келген түрімен аталған шарттық бойынша Омаров тауарын бөласін тек Қорғас станциясына дейін жеткізуді ғана төлеп шыққан. Ардақарай мәселені өзі және шешу керек – қазақстандық тасымалдаушымен тауарларды Қорғас (CIP + Астанаға дейін жеткізуді, кедендік баждарды тауар жеткізу орны)

CPT көліктің кез келген түрімен тасымалдағанда Carriage and Insurance Paid To (... named place of destination) – тасымалдау ... дейін төленді (CPT + тауар жеткізу орны)

DAT көліктің кез келген түрімен тасымалдағанда Delivered At Terminal (... named terminal of destination) – терминалға дейін жеткізу (DAT + терминалдың атауы)

DAP көліктің кез келген түрімен тасымалдағанда Delivered At Piont (... named point of destination) – белгілі бір пунктқа дейін жеткізу (DAP + пункттің атауы)

DDP көліктің кез келген түрімен тасымалдағанда Delivered Duty Paid (... named place of destination) - баж төленіп жеткізу (DDP+ жеткізілетін жердің атауы)

DDU көліктің кез келген түрімен тасымалдағанда **Инкотермс 2010-н алынып тасталды**
Delivered Duty Unpaid (... named place of destination)
Поставка без оплаты пошлины (... название места назначения)

DAF көліктің кез келген түрімен тасымалдағанда **Инкотермс 2010-н алынып тасталды**
Delivered At Frontier (... named place)
Поставка до границы (... название места поставки)

DEQ көліктің кез келген түрімен тасымалдағанда **Инкотермс 2010-н алынып тасталды**
Delivered Ex Quay (... named port of destination)
Поставка с пристани (... название порта назначения)

DES көліктің кез келген түрімен тасымалдағанда **Инкотермс 2010-н алынып тасталды**
Delivered Ex Ship (... named port of destination)
Поставка с судна (... название порта назначения)

D әрпі –
Тауарды сатып алушыға жеткізу

17 жастағы Ыбыраев Алмас Дамирович өз ата-анасы бірнеше жыл бұрын оның атына «Алтынбанкке» салған және бірнеше рет толтырып жүрген депозитынан 20 мың теңге алу үшін төлқұжатымен банкке келеді. Алдында ол ата-анасымен сол әрекеті туралы ауызша кеңесіп, келісіп алған.

Бірақ банк қызметкері, Ыбыраев кәмелетке толмағанына негіздеп, оған депозитінен ешбір ақша беруден бас тартады. Ыбыраев ҚР Азаматтық кодексінің 25-бабында «он төрт жасқа толған кәмелетке толмағандар өздерінің атына басқа біреу салған салымдарға өз бетінше билік етеді» деп бекітілгенін көрсетіп, ақшасын беруді қайта талап етеді.

Банк қызметкері болса, Азаматтық кодекске банк бағынышты емес екендігін, бұл жағдай тек банктік Қағидаларымен реттелетініне сілтеп негіздейді.

*Келтірілген жағдайды заңи тұрғысынан реттеңіз.
Заңдардың иерархиясы дегеніміз нені білдіреді?*

Есепті шешу алгоритмі:

Бұл кейс «Азаматтық құқықтың қайнар көздері» тақырыбы бойынша білімдерді бекітуге арналған. Оның ішінде «заңдардың иерархиясы» сұрағына қатысты. Осылайша, ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңының 10-б., 3-тармағына сай, «Төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс» деген нормаға сүйене отырып, банктік қағидаларының ҚР Азаматтық кодексіне қайшы болмауы туралы ережені келтіреміз.

Келтірілген норманың нәтижесі ретінде дұрыс шешім шығарамыз.

3-тақырып. Қазіргі замандағы дүниежүзілік азаматтық-құқықтық жүйелері бойынша қысқаша шолу

Бұл тақырыпты зерттеуде «құқықтық жүйе» және «құқық жүйесі» терминдерін айыра білу жөн, мысалы, «Қазақстан Республикасының құқық жүйесі». Атап кетсек, қазіргі заманда дүние жүзінде төрт құқықтық жүйелерін ажыратуға болады: роман-германдық (еуропалық, континенталдық), ағылшын саксондық (ағылшын-американдық), діни (оның ішінде ислам/мұсылмандық) және дәстүрлі құқықтық жүйелері. Олардың арасында соңғы ғасырларда кең тараған жүйелер ретінде роман-германдық және ағылшын-саксондық құқықтық жүйелерін атап кету қажет.

Роман-германдық (континенталдық) құқықтық жүйесі рим құқығының нормаларына негізделген. Бұл жүйеде құқықтық қайнар көздері ретінде бірыңғай жүйеге қалыптастырылған нормативтік-құқықтық актілер болып, ал негізгі заң ретінде конституция танылады және заңдардың иерархиясы қағидаты қолданады. Континенталдық құқықтық жүйеге Еуропа континентінің көптеген мемлекеттерінің құқық жүйелері (Ұлыбритания мен Ирландиядан басқа), ТМД мемлекеттерінің құқық жүйелері жатқызылады.

Ағылшынсаксондық құқықтық жүйесіне Англия мен Уэльс, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия және өзге мемлекеттер кіреді, оның ішінде бұрынғы Ұлыбритания империясының колониялары болған мемлекеттер де бар. Бұл мемлекеттерде негізгі құқықтық қайнар көзі болып сот прецеденттері танылады.

Шетел мемлекеттерінің азаматтық құқықтық ережелерінің жалпы сипаттамасына келе тұра бүгінгі заманда ТМД мемлекеттері де біріне бірі шет ел екендігін ескеру қажет. Алайда бұл бірлестіктің көпшілік мемлекеттері қолданудағы Азаматтық кодекстері ТМД-ға арналып жазылған бірыңғай Үлгілі Азаматтық кодекске негіздеген (Модельный Гражданский кодекс СНГ). Қазақстан Республикасының құқық жүйесі негізінен роман-германдық құқықтық жүйесінің ережелеріне сүйенеді, сонымен қатар соңғы жылдары ағылшын-американдық құқықтың да нормаларын қолданысқа алып отыр.

2015 жылғы 7 желтоқсандағы «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 4-бабына сәйкес, осы Орталықтың қолданыстағы құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделі отыра, сонымен қатар берілген өкілеттіктер шегінде Орталықтың органдары қабылдайтын, **Англия және Уэльс құқығының** қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және (немесе) әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуі мүмкін Орталықтың осы Конституциялық заңға қайшы келмейтін актілерінен де тұрады. Орталықтың органдары Орталық қатысушыларының және (немесе) Орталық органдарының және (немесе) олардың жұмыскерлерінің арасында туындайтын азаматтық-құқықтық, азаматтық-процестік, қаржылық қатынастарды реттейтін актілерді қабылдауға құқылы.

1-3 тақырыптар бойынша білімдерді тексеруге арналған қысқаша тестілер

1. ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) қашан қабылданып, күшіне енгізілген:

- 1994 жылы 27 желтоқсан – 1995 жылы 1 наурыз
- 1994 жылы 10 желтоқсан - 1995 жылы 1 наурыз
- 1999 жылы 1 шілде - 1999 жылы 1 шілде
- 1995 жылы 10 желтоқсан - 1996 жылы 25 наурыз
- 1994 жылы 12 желтоқсан - 1995 жылы 1 қаңтар

2. Мүліктік емес игіліктерге не жатады:

- Үй жануарларына меншік құқығы, жеке басына тиісті мүліктерге меншік құқығы
- Тек іскерлік бедел құқығы
- Ар, намыс, қадір–қасиет, іскерлік бедел, ғылым, өнер шығармасына автор болу және тағы басқалары
- Жеке бастың құпиясымен қатар әркімнің өз жұмысының нәтижесіне деген құқығы
- Барлық жауап дұрыс.

3. Азаматтық заңнамалардың негізгі бастаулары – ол:

- Азаматтық құқықтық нормаларының хронологиялық бастамалары
- Азаматтық кодексінің преамбуласы (кіріспесі)
- Қолданыстағы тәжірибелік маңыздылығы жоқ жалпы ережелер
- Азаматтық заңнамалардың қағидаттары
- Азаматтық құқықтың негізгі институттары

4. Келісім шарт еркіндігі қағидаты – ол:

- Шарттан еркіндік
- Қатысушылар шартты жасау және оның ережелерін айқындауды өз еріктерімен шешу құқығы
- Шарт заңның императивтік нормаларына қайшы болу мүмкіндігі
- Бір тарап екінші тараптың келісімінсіз шарттан бас тарту мүмкіндігі
- Коммерциялық ұйымның жариялық шартты жасамау құқығы

5. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері:

- Мемлекеттік билік органдарының субъектілері
- Жанды тұлғалар
- Азаматтар, заңды тұлғалар және мемлекет
- Кәсіпорындар, ұйымдар
- Жәбірленушілер мен құқықбұзушылар

6. ҚР Азаматтық кодексінің диспозитивті нормалары қандай ережені бекітеді

- Тараптарға құқықтық қатынасты тоқтатуға мүмкіндік бермейді
- Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілерінің өздеріне берілген құқықтарын еркін жүзеге асыруға құқығын бекітеді
- Тараптарға құқықтық қатынасты тоқтатуға мүмкіндік береді
- Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқықтарын шектейді
- Бір тарапқа құқықтық қатынасты өз еркімен өзгертуге мүмкіндік береді

7. Азаматтық құқықтық қатынастардың қатысушыларының теңдігі деген қағидат нені білдіреді

- Құқық иеленушілерінің субъективтік құқықтарының пайда болуының, өзгеруінің және тоқтатылуының тең негіздері
- Субъективтік құқықтардың әлеуметтік және материалдық теңсіздігіне тәуелділігі
- Субъектілердің құқықтық мәртебесінің теңдігі
- Субъективтік құқықтардың құқық иеленушілердің бір-біріне бағынышты болуына тәуелділігі
- Бір тарап басқа тараптың келісімінсіз шарттан бас тарту құқығы

8. Қатысушылардың теңдігі, диспозитивтілік, азаматтық құқықтық санкциялардың мүліктік сипаты деген белгілер қандай түсінікке тән

- Азаматтық құқықтың жүйесі
- Отбасылық құқықтың реттеу әдісі
- Әкімшілік құқықтың реттеу әдісі
- Азаматтық құқықтың реттеу әдісі
- Азаматтық құқықтың нәрсесі

4-тақырып. Азаматтық құқықтық қатынастар

Бұл тақырыпты оқу кезінде азаматтық құқықтық қатынастарының *анықтамасын* білу қажет. Азаматтық құқықтық қатынастар дегеніміз азаматтық құқықтық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар, яғни, мүліктік (ақшалай-тауарлы) және мүліктік емес дара қатынастар; бұл түсінік мемлекет және құқық жалпы теориясына негізделген екендігі айқын көрінуде.

Азаматтық құқықтық қатынастардың ерекшеліктері:

- бұл құқықтық қатынастар субъектілердің құқықтық теңдігіне негізделеді, сондықтан өзге құқықтық қатынастардан ажыратылады;
- азаматтық құқықтық қатынастар заңнамаларда көзделген де, көзделмеген де негіздерден туындауы мүмкін;
- азаматтық құқықтық қатынастардың жағдаяттарын және мазмұнын белгілеуде тараптардың келісімі басымдылыққа ие болады;
- азаматтық құқықтарды қорғау тәртібі мен әдістері өзге құқықтық салалармен салыстырғанда ерекше болып табылады.

Азаматтық құқықтық қатынастарының түрлері: мүліктік және өзіндік мүліктік емес, абсолюттік және қатысты, заттық және міндеттемелік қатынастар.

Осы үш жұп топтың мазмұнын оқып білгеннен кейін азаматтық құқықтық қатынастарың *элементтерін (құрамын)* талдау керек.

Азаматтық құқықтық қатынастарының элементтері – ол азаматтық құқықтық қатынастарының тараптары, мазмұны, субъектілері мен объектілері. Азаматтық құқықтық қатынастарының *мазмұны* оның субъектілерінің субъективтік құқықтары мен міндеттерінен тұрады, және де олардың құқықтары мен міндеттері өзара тығыз байланысты болады. Субъективтік құқықтар мен міндеттер қатысушылардың ерікті әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтық құқықтық қатынастарының *қатысушылары (субъектілері)*: құқылы жақ (несие беруші, кредитор) және міндетті жақ (борышкер) болып бөлінеді. Азаматтық құқық қатынастарының негізгі белгісі - қатысушыларының құқықтық теңдігі болады.

Азаматтық құқықтық қатынастарының *объектісі* - олардың пайда болуына себеп болатын және субъектілерінің әрекеттері соған бағытталатын нәрселер болып танылады. Азаматтық құқық пәніне байланысты, бұл құқық саласының объектісі мүліктік (материалдық) және мүліктік емес (материалдық емес) өзіндік/дара құқықтар мен игіліктер болады.

Азаматтық құқық объектілердің негізгі түрлері ҚР АҚ 115-бабында аталған. Аталмыш баптың нормаларына орай, мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыстар, қызметтер, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды немесе субъектінің өзін дараландырудың өзге де құралдары жатады (Ә сызбасын қараңыз).

Жеке (дара, өзіндік) мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға: жеке тұлғаның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абыройы, игі атағы, іскерлік беделі, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады (Ғ сызбасын қараңыз).

ҚР АҚ 7-бабында аталған құқықтық фактілер азаматтық құқықтық қатынастарының пайда болу негіздері болып танылады. Сонымен бірге осы баптың бірінші тармағында айтылғандай, азаматтық құқықтық қатынастары азаматтық құқықтармен міндеттердің пайда болуына негіз болатын субъектілердің басқа әрекеттерінен де туындауы мүмкін, мұндай әрекеттер заңнамаларда аталмаса да, азаматтық құқықтың жалпы бастаулары мен мәніне байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді туындатады.

Құқықтық фактілер, еріктік белгілерге байланысты, оқиғалар мен әрекеттерге бөлінеді. Осыған орай, оқиғалар субъектінің еркіне байланыссыз пайда болады, ал әрекеттер тек субъектілердің ерік білдіруіне байланысты туындайды. Мысалы, мәміле (келісім шарт) жасасу – ол әрекет; ал су тасқыны, жер сілкінісі, адамның туылуы, қайтыс болуы – ол оқиғалар.

Азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындауына әкелдіретін қатысушылар әрекеттері заңды және заңсыз болады.

Құқықтық фактілердің толық жіктелуі «Мемлекет және құқық теориясы» оқулықтарында келтіріледі (Б сызбасын қараңыз).

Азаматтық құқық қатынастарының қатысушылары, яғни субъектілері:


- жеке тұлғалар: Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ жеке тұлғалар;

- заңды тұлғалар: коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар (Е сызбасын қараңыз);

- мемлекет, оның атынан унитарлы Қазақстан Республикасы және әкімшілік-аумақтық бөліністер: облыстар, қалалар, аудандар, кенттер, ауылдар.

Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері болу үшін, қатысушылар құқыққа қабілетті және әрекетке қабілетті болуы қажет. Аталған терминдерді түсіну үшін негізгі ұғымдар ретінде **құқыққабілеттілігі мен әрекетқабілеттілігі** болады, бұл терминдерді болашақ заңгерлер үшін жетілдіре біліп түсіну абзал.

Ә сызбасы



Б сызбасы



Мамаевтың отбасы үш жылдан астам уақыт бойынша Имановтың пәтерін жалдап тұрып, оның жалдау төлемақысын және коммуналдық төлемдерін тиісінше төлеп тұрған. 2016 ж. мамыр айынан бастап жалдаушы төлемақыны төлеуді тоқтатып, ол төлемдерді талап етуге мүмкіншілік бермей, жалға берушімен кездесуден жалтарып, ол келгенде есігін де ашпай, ал соңғы кездері бүкіл отбасымен осы үйге түн ортасынан кейін қайтып келетін болды.

Жарты жылдан кейін борышкер мен кредитор әйтеуір кездесіп, жалға алушы өзінің көптеген қарыздарына байланысты қиын жағдайға ұшырығанын, осы себептен пәтер үшін төлемдерді төлей алмағандығын түсіндіреді. Жалға берушінің пәтерді босатуы туралы талабына ол келіседі, бірақта бірнеше жылдың ішінде осы пәтерде отбасының көптеген заттары жиналып қалған (жиһаз, төсекорын, ыдыс, т.б.), оларды қазір ешқайда алып кете алмайтынын айтып, заттарды осы пәтерде қалтыруын сұрайды. Иманов ол өтінішіне келісіп, заттарды қалтырады.

10-15 күннен кейін Мамаев Имановқа келіп, заттарын алып кететінін білдіреді. Иманов одан қарызды өтеуді талап етеді, ал Мамаев қарызды төлеуден бас тартады.

Қарызды өтеу жолдарын қарастырудың орнына, Мамаев полиция органына барып, Имановқа қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 389-бабында көзделген «Өзінше билік ету» үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуды талап етеді де, оның арызы бойынша қылмыстық іс қозғалады.

Осы жағдайда қылмыстық іс қозғалғаны негізді ме? Бұл жағдайда қандай құқықтық қатынастар орын алған?

Жалға берушінің өзге адамның заттарын қайтармауы қандай себепке байланысты жасалған?

Егер Иманов Мамаевтың заттарын мәжбүрлі түрде алып қалса, онда шешіміңіз өзгерер ме еді?

5-тақырып. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру – ол субъективтік азаматтық құқық мазмұнын құрайтын әрекеттерді жасау. Мысалы, меншік құқығын жүзеге асыру, ол – мүлікке ие болу, оны пайдалану, сақтау мақсатында шаралар қолдану, оны сату, сыйға тарту, айырбастау және т.б. әрекет арқылы жүзеге асыру, және өзге тұлғалардан меншік иесінің құқықтарын бұзбауды талап ету болып танылады.

Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын, өз қалауынша пайдаланады.

Азаматтық құқықтың нормативтік қағидаттарының бірі - субъектілердің ерікті түрде, өз мүдделері үшін құқықтарын кедергісіз жүзеге асыру. Тұлға өз құқығынан бас тартуға құқылы, бірақта ол заңда көзделген жағдайда субъективтік құқықтың тоқтатылуына әкелдірмейді.

ҚР Азаматтық кодексінің 8-бабында көзделгендей, тұлғалар өз құқықтарын жүзеге асыруда адалдық, парасаттылық және әділдік талаптарын, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс. Аталған талаптарды келісім шарт бойынша да алып тастауға немесе шектеуге болмайды.

Сонымен қатар, өзге тұлғаларға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттере де жол берілмейді. Теріс пиғылды мінез-құлқымен ешкім де артықшылық алуға құқылы емес.

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру шексіз болуы мүмкін емес, яғни оларды жүзеге асыруда заңды түрде талаптар қойлады. Ол үшін: әділдікті, іскерлік этиканы, іскерлік өрістің әдеттерін бағалау санаттары, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау мерзімдерін анықтау т.б. қолданылады. Өз құқықтарын жүзеге асыру кезінде әр тұлға өзгелердің және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауы қажет. Заттық құқықтар құқылы субъектісі заң тыйым салмаған кез келген әрекеттерді жасау арқылы жүзеге асырылады. Субъективтік міндет міндетті тұлғамен белгілі бір әрекеттерді жасау арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, заң азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың белгілі шектерін де бекітеді. Мысалы: азамат өз субъективтік құқықтарын жүзеге асыру кезінде қоғамның адамгершілік қағидаларын және басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін бұзбауы қажет. Соған байланысты, кәсіпкерлік саласында болатын теріс пиғылды бәсекелестікке тыйым салынады. Құқықты асыра пайдалануға да заңмен тыйым салынады (АК 11-б.).

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру азаматтық міндеттерді орындаумен тығыз байланысты болады. Ол тиісті бір әрекетті жасау немесе оны жасаудан бас тарту міндетінен тұрады. Субъективтік азаматтық құқық – құқылы тұлғаның әрекет етуінің мүмкіншілігі, ал субъективтік азаматтық міндет – ол міндетті тұлғаның қажетті әрекет ету міндеті.

Азаматтық құқықтарды қорғау дегеніміз – ол заңда көзделген құқыққа қолсұқпаушылықты қамтамасыз етуге, нұқсан келген құқықтарды қалпына келтіруге және азаматтық құқықтарды бұзатын әрекеттерді тоқтатуға бағытталатын шаралар жүйесінен тұрады. Нақтылы қорғау тәсілдері ҚР АҚ 9-шы бабында бекітілген: құқықты мойындату; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру, құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін төндіретін әрекеттерді тоқтату; міндетті заттай орындатуды ұйғару; залалдарды, төленетін айыпты өндіріп алу; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның өтемін төлету, және т.б.

Бұл жерде осы бапта келтірілген залалдар түсінігіне назар аудару қажет, ол ҚР АҚ-ң 9-бабының 4-тармағына сәйкес нақты нұқсан және айырылып қалған пайдадан құралады (В сызбасын қараңыз).

Моральдық зиянның түсінігі және белгілері Азаматтық кодексінің 951-бабында келтірілген.

Мемлекеттік органдардың заңдарға сай келмейтін құжат шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген залалды Қазақстан Республикасы немесе тиісінше әкімшілік-аумақтық бөлініс өтеуге тиіс.

Мүліктік құқықтарды қорғаумен қоса заң шығарушы жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктерді азаматтық құқықтық құралдарымен қорғауды да көздейді, мысалы: моральдық зиянды ақшалай түрде өтеу (141-143 баптар және т.б.).

Заң шығарушы кәсіпкерлер мен тұтынушылар құқығын қорғауға ерекше назар аударады (ҚР АҚ 10-11-баптарын және «Кәсіпкерлік кодексін», «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заңын қараңыз). Кәсіпкерлердің құқықтарымен қатар оларға міндеттер де жүктеледі: мемлекеттік тіркеуден өту, мүліктік жауапкершілік көтеру, салық төлеу, т.б. Мысалы, ҚР АҚ-ң 11-бабында заңды бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, негізсіз артықшылықтар алуға, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға бағытталған монополистік және қандай болса да басқа қызметке жол берілмейді, делінген.

Және де азаматтық құқықтарды қорғаудың үш нысанын атап өту қажет: өзін өзі қорғау, сот тәртібімен қорғау және әкімшілік тәртібімен қорғау. Оның көне түріне өзін өзі қорғау жатады (ҚР АҚ-ң 9-б., 3-тармағын қараңыз).

Өзін өзі қорғау шараларын қолдануда тұлғалар қажетті қорғанудың шектерінен шықпау керек.


Абаев жеке тұрған үйде отбасымен тұрып жатқан, үй ауласы қоршалғанына қарамастан, ол үйлеріне бірнеше рет ұрылар түсіп, едәуір мүліктерін ұрлап кеткен болатын.

Сондай жағдайларды алдын алу мақсатымен Абаев аула қоршауының үстінен электр сымдарын орнатып, бөтен біреу қашаның үстінен рұқсатсыз кіретін болса, электр қуаты оны токпен соғатындай етіп, өз мүлкін осылай қорғау шараларын қолданады.

Бір күні Абаев полиция бөліміне шақыртылып, оның үйінен ұрлық жасамақшы болған азамат Н. орта дәрежедегі жарақат алып, ауруханаға түскенін біледі, ал Абаев жауапкершілікке тартылатындығы мәлімденеді.

Абаев өзін өзі қорғау шаралары туралы талдау жасаңыз

В сызбасы



4-5 тақырыптар бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Азаматтық құқықтық қатынастың мазмұнын не құрайды:

1. Тауарлы-ақшалай қатынастар
2. Азаматтық құқықтық қатынаста қатысушылардың субъективті құқықтары мен міндеттері
3. Қатысушылардың теңдігіне негізделген қоғамдық қатынастар
4. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік мүліктерді басқарудағы қызметтері

2. Мүліктік қатынасты қалай түсінеміз ?

1. Құқықтық теңдік негізіндегі мүліктік құндылықтар бойынша дербес тұлғалар арасындағы еркіндік қатынастар
2. Заттар арасындағы байланыс
3. Адамның затқа еркіндік қатынасы
4. Адамның нәрсеге қатынасы
5. Ақша жөнінде дербес тұлғалар арасындағы еркіндік қатынастар

3. Азаматтық құқықтарды қорғау әдістері

1. Бұзылған құқықтарды қалпына келтіруден бас тарту, шығынның орнын толтыру
2. Материалдық зиянның орнын толтырудан бас тарту
3. Құқықты бұзатын немесе бұзылу қауіпін тудыратын әрекеттерді алдын-алу, айып төлеуді өндіріп алу
4. Құқықты бұзатын немесе бұзылу қауіпін тудыратын әрекеттерді алдын-алудан бас тарту, моральдік зиянның орнын толтыру
5. Бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, құқықты бұзатын немесе бұзылу қауіпін тудыратын әрекеттердің алдын-алу, шығынның орнын толтыру

4. Ешкімді де өзінің мүлкінен айыруға болмайды, тек қана:

1. Мемлекеттік органның шешімімен
2. Сот шешімімен
3. Оның келісімімен
4. Ведомстволық органның шешімі бойынша
5. Әкімшілік акт негізінде

5. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері

1. Азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік аумақтық бөліністер
2. Тек жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар
3. Азаматтар және Қазақстан Республикасы
4. Қазақстан Республикасының азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар
5. Тек толық әрекет қабілеттілігі бар тұлғалар

6. Құқықтық жауапкершіліктің мүліктік сипаты – бұл:

1. Азаматтық құқықтық қатынастарды реттеу әдісінің белгісі
 2. Азаматтық құқықтық қатынастарды реттеу пәні
 3. Еңбектік құқықтық қатынастарды реттеу пәні
 4. Әкімшілік құқықтық қатынастарды реттеу әдісінің белгісі
- Әкімшілік құқықтық қатынастарды реттеу пәні

7. Реституция дегеніміз

1. Мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның бәрін қайтарып беруге, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда құнын ақшалай өтеу міндеті
2. Мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда тараптардың әрқайсысы бір біріне келтірген залалдың құнын міндетті түрде ақшалай өтеу міндеті
3. Мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның бәрін қайтарып беруге, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда құнын өтеуден босатылуы
4. Мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда тараптардың біреуі ғана екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның бәрін қайтарып беру міндеті
5. Мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның бәрін тек сол затпен қайтарып беруге міндеті

6-тақырып. Азаматтық құқықтардың объектілері

Азаматтық құқықта объекті ұғымы өте даулы. Жалпыға таныс анықтамасы келесі: азаматтық құқық объектісі дегеніміз - ол азаматтық құқықтық қатынастарының пайда болуына себеп болатын және субъектілердің әрекеттері оған бағытталатын (ықпал ететін) нәрселер. Рим құқығынан бастап азаматтық құқық объектілеріне материалдық игіліктер: мүлік (мүліктік құқықтар мен игіліктер), жұмыстар мен қызметтер жатады. Азаматтық заңнамаларда жоғарыдағы аталғанға қосымша объектілерге шығармашылық қызмет нәтижелерін және материалдық емес, яғни мүліктік емес жеке құқықтар мен игіліктер де жатқызылады.

Сонымен, заттар (мүлік) азаматтық құқық объектілерінің тек бір түрі ғана болып табылады. Дегенмен, заттар басқа объектілермен салыстырғанда ең кең тараған түрі болады. Заттардың жіктелуі өз бастамасын рим құқығынан алады және де ол заманның өзгеруіне байланысты жаңа түрлерімен толықтырылған (Г сызбасын қараңыз). Заттардың жіктелуінің тәжірибелік маңызы өте зор, мәселен, АК ерекше бөлімінде келтірілген келісім шарттардың жеке түрлерін бөлуде. Мысалы: жалға алу шартының объектісі - дара белгілермен анықталған, тұтынуға жатпайтын зат болса; ал несие шартының объектісі – ол тектік белгілерімен анықталған, тұтынылатын заттар болады. Жылжымайтын мүлік әрқашан дара белгілермен анықталған зат болып танылады.

Заттардың жіктелуінде барлық заттар айналым қабілеттілігі бар, айналым қабілеттілігі шектелген және азаматтық айналымнан мүлдем алынып тастаған заттар ретінде бөлінетіннің білуі қажет. Осылайша, мүліктердің басым саны азаматтық құқықтық айналымда емін-еркін жүреді. Ал, мысалы, кейбір дәрілер, қару-жарақтарға иелену үшін арнайы рұқсат алу қажет болады.

Радиоактивті заттар, әскери қару-жарақтар мемлекет кеңістігінде мүліктік айналымнан мүлдем алынып тасталған, яғни, оларды жеке және заңды тұлғаларға иелену, пайдалану, билік етуге тыйым салынған.

Ал керек-жарақ дегеніміз – ол басты затқа қызмет етуге арналған және тек сонымен бірге ортақ шаруашылық мақсатта қолдануға мүмкін болуымен байланысты болатын зат. Керек-жарақ деп аталатын зат, егер заңдарда немесе шартта өзгеше белгіленбесе, басты затқа ілесіп жүреді. Яғни, жалпы ережеге сай, басты зат өзге тұлғаның меншігіне ауысатын болса, оның керек-жарағы да сол тұлғаға өтуі қажет (122-бап).

Стратегиялық объектілер ерекше объект ретінде қарастырылады (193-1 бап).

Бағалы қағаздардың түсініктерін, түр-түрлерін де осы тақырып бойынша білу керек. Ол үшін ҚР Азаматтық кодексіне қоса, бағалы қағаздардың атауларын, түр-түрлерін, белгілерін, айналымға шығарылу нысандарын, арнайы ережелерін бекітетін тиісті заңдардың нормаларымен танысу қажет.

Жұмыстар мен қызметтер, зияткерлік меншік құқығының нәтижелері азаматтық құқықтардың объектілері ретінде Азаматтық құқық пәнінің және Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінде қарастырылады.

Мүліктік емес өзіндік құқықтар мен игіліктердің жіктелуі бірнеше негіздер бойынша жүргізіледі. ҚР Конституциясының екінші бөлімінде адам мен азаматтың айырылмас құқықтары белгіленген. Олар: өмір сүру құқығы, денсаулық сақтау, жеке өміріне қол сұқпаушылық, өзіндік және отбасы құпиясын сақтау, өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау, тұрғын үйге қол сұқпаушылық, ар-ождан бостандығы, және т.б. құқықтар (Ғ сызбасын қараңыз). Бұлардың сипаттамасына: экономикалық/мүліктік мазмұны жоқ, иесінің жеке басынан ажырағысыз, қолданыстағы заңдармен танылған, реттейтін және қорғайтын игіліктер ме бостандықтар жатады. Аталмыш объектілерді қорғау құралдарының бірі болып моральдық зиянды өтеу, онын ішінде ақшалай өтеу көзделген.

Азаматтық құқық қатынастарының ерекше объектілеріне заң шығарушы интеллектуалдық меншік объектілерін (ҚР АҚ 125-б.), қызметтік және коммерциялық құпияны (126-б.), ақшаны (127-б.) және валюталық құндылықтарды (128-б.), бағалы қағаздарды да (129-139 б., б.) жатқызады. Қазақстан заң шығарушысы ҚР АҚ 130-бабында келтірілген бағалы қағаздар тізімінен вексель мен чекты шығарып тастаған болса да, азаматтық құқық теориясында бұлар жалпыға танымал бағалы қағаздар болып танылады. Құжатсыз бағалы қағаздармен қоса, заңда және тәжірибеде құжатты бағалы қағаздардың басқа жаңа түрлері пайда болды: ипотекалық кәуәліктер, қойма кәуәліктері (варрант), дәнді дақылдар қолхаты және т.б. Бағалы қағаздардың құқықтық мәртебесі, олармен мәміле жасау тәртібі, арнайы заңдармен белгіленген (2003 ж. қабылданған ҚР-ның «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы және т.б.).

Азаматтық құқықтың ерекше объектілеріне ақпарат, энергия (жылу энергиясы, электр энергиясы – ҚР АҚ 25-ші тарауы, 5-параграфы) және газ, су, мұнай да жатады.

Жұмыстар, қызметтер, шығармашылық қызмет нәтижелері азаматтық құқықтың объектілері ретінде және олар жөнінде құқықтық қатынастар Азаматтық құқықтың ерекше бөлімінде қарастырылады.

Г сызбасы

ЗАТТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ (түрлері, классификациясы)

Жылжитын және жылжымайтын (қозғалатын, қозғалмайтын) мүлік (117, 118 б.б.)

Айналымға қабілетті, айналымы шектелген және азаматтық айналымнан алынып тасталған заттар (116-б.)

Бөлінетін және бөлінбейтін мүлік (120-б.)

Жай, күрделі және құрамды заттар (121-б.)

Басты/негізгі зат және оның керек-жарағы (122-б.)

Тектік белгілермен анықталған және жеке/дара белгілермен анықталған заттар

Тұтынылатын және тұтынылмайтын мүліктер (541, 546 және т.б. баптар)

Негізгі қорлар және айналымдық қорлар/құралдар (200-б.)

Ақшалар, бағалы қағаздар (127, 128, 129 баптар)

Жемістер, өнімдер, табыстар (123-б.)

Ғ сызбасы



Дара кәсіпкер Омаров Ербол екі досымен бірігіп, сатуға шығарылған «Дос» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (ЖШС) сатып алуға келіседі. Бұл серіктестіктің 100 қызметкерлері бар екендігін біліп, олар сатушыдан қызметкерлерін жұмыстан шығаруды талап етеді, себебі өздерінің қалауы бойынша басқа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау құқықтары бар екендігін айтады.

Сонымен қатар, сатып алатын кәсіпорынның мүліктерінің тізілімімен танысып, ЖШС-тің біраз сомладағы қарыздары бар екендігін біледі де, оларды қабылдаудан бас тартады.

Және сатылып алатын «Дос» ЖШС-н қайта мемлекеттік тіркеуден өткізу керек, ол үшін тиісті алым сомасын мемлекеттік бюджетке төленетінін біліп, осының заңға сәйкестігін/сәйкессіздігін дәлелдеуді заңгерден талап етеді.

Келтірілген жағдайларды реттеңіз, заңгер атынан жауап беріңіз.

Ақмола облысының Целиноград аудандық сотының үкімімен өзінің жұбайына қатысты жала жапқаны үшін азамат П. кінәлі деп танылды. Оған 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл түрінде жаза тағайындалды деп Ақмола облысының Целиноград аудандық соты хабарлады.

Сотта анықталғаны: П. өзінің жұбайымен некені бұзу туралы азаматтық іс бойынша істі қарауда жалғыз балаларының тұрғылықты жерін белгілер, ол баланы өзімен қалдыруды сұрады.

Сонымен бірге П. жұбайының күмәнді сектаның құрамына кіргендігін көрсетіп, бұл ұлының тәрбиесіне кері әсерін беруі мүмкін деп оған жала жабады. Бұдан басқа бұл хабарды ол бұқаралық ақпарат құралдарына да жариялапты.

Мұнымен азамат П. жұбайының абыройы мен қадір-қасиетін қорлап, ар-намысына нұқсан келтірді.

Бұл жағдайда қандай құқықтық қатынастар орын алған?

Бұл жағдайда жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың бұзылуы орын алған ба?

Моральдық зиян келтіргені үшін тұлғаны сотпен кінәлі деп танудың салдары қандай?

Моральдық зиянның ақшалай өтемақысының мөлшері қалай анықталады?

6-тақырып бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Азаматтық құқық объектілері:

1. Азаматтық құқық субъектілері оларға қатысты өзара құқықтық қатынастарға түсетін игіліктер
2. Тек заңды тұлғалар оларға қатысты өзара құқықтық қатынастарға түсетін материалдық игіліктер
3. Жеке тұлғалар өзара құқықтық қатынастарға түсетін материалдық игіліктер
4. Адам және азаматтар
5. ҚР азаматтары

2. Азаматтық құқық қатынастарының объектілері бола алатын материалдық емес объектілерді көрсетіңіз:

1. Техникалық мәселені шешу үшін инженердің ұсынған идеясы
2. Ақпараттық сипаттағы оқиғалар және фактілер туралы хабар
3. Суретшінің шығармашылық ойы
4. Абырой, қадір- қасиет, іскерлік бедел
5. Халық шығармашылығының туындылары

3. Жылжымайтын мүлікке жататындар тізімі:

1. Үйлер, ғимараттар, көлік құралдары
2. Үйлер, ғимараттар, ішкі суда жүзу кемелері
3. Үйлер, ғимараттар, жер учаскілері, жануарлар
4. Үйлер, ғимараттар, ақша
5. Үйлер, ғимараттар, бағалы қағаздар

4. Бөлінбейтін мүлік дегеніміз:

1. Кез келген шаруашылық мақсатын өзгертіп бөлуге болатын мүлік
2. Космостық кеңістік
3. Өзінің шаруашылық мақсатын өзгертпей бөлуге болмайтын мүлік
4. Мұндай мүлік болмайды
5. Шетелдіктердің кез келген шаруашылық мақсатын өзгертіп бөлуге болмайтын мүлкі

5. Мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің жиынтығы – ол:

1. квитанция
2. сертификат
3. диплом
4. куәлік
5. бағалы қағаз

6. Заңды тұлғаның меншік құқығының объектісі:

1. Ғимараттар, автокөліктер, құралдар;
2. Теңіз экономикалық аймағының табиғи ресурстары;
3. Радиоактивті заттар;
4. Әскери техника;
5. Барлық жауап дұрыс

7. Азаматтық құқық қатынастарының объектілері бола алатын материалдық емес объектілерді көрсетіңіз:

1. Техникалық мәселені шешу үшін инженердің ұсынған идеясы
2. Ақпараттық сипаттағы оқиғалар және фактілер туралы хабар
3. Суретшінің шығармашылық ойы
4. Абырой, қадір- қасиет, іскерлік бедел
5. Халық шығармашылығының туындылары

8. Жылжымайтын заттарға не жатпайды?

1. Жер участкелері
2. Жер қойнауы
3. Ғарыштық объектілер

7-тақырып. Жеке тұлғалар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде.

Құқыққабылеттілік пен әрекетқабылеттілік

Жеке тұлғалардың (азаматтардың) құқыққа қабылеттілігі мен әрекет жасауға қабылеттілігі әртүрлі уақытта пайда болады. Азаматтардың құқыққабылеттілігі мен әрекетқабылеттілігінің анықтамасы Азаматтық кодексте бекітілген.

Жеке тұлғаның *құқыққабылеттілігі* дегеніміз – ол оның азаматтық құқықтарға ие болып, міндеттерді атқару қабылеті. Бұл қабылет барлық жеке тұлғаларда (азаматтарда) бірдей болады, адам туғанында пайда болып, қайтыс болғанда тоқтатылады (ҚР АҚ 13-б.). Бірде бір жеке тұлғаны құқық қабылеттілігінен айыруға немесе шектеуге болмайды, тек қана кейбір жағдайларда құқық бұзушылық (қылмыс) жасағаны үшін сот үкімімен (шешімімен) азаматтың құқық қабылеттілігі шектелуі мүмкін. Жеке тұлғаның құқық қабылеттілігін шектеуге бағытталған мәмілелер жарамсыз болып танылады (18-бап).

Азаматтарға тиесілі құқықтардың жүзеге асырылмауы, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл құқықтардың тоқтатылуына әкеп соқпайды. Және де азаматтардың өздерінің өз құқықтарынан бас тартуы олардың тоқтатылуына әкелдірмейді (ҚР АҚ 8, 18-баптары).

Азаматтың құқық қабылеттілігінің мазмұны – ол мүлікке, меншік құқығына ие болу, тұрғылықты жерін таңдау, кәсіпкерлікпен айналысу, заңды тұлғалар құру, заң тыйым салмаған кез келген мәмілелерді жасау, мүлікке өсиет қалдыру, мұрагер болу, өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтеру және т. б. құқықтар мен міндеттерден тұрады (ҚР АҚ 14-б.).

Құқық қабылеттілігін жүзеге асыру, яғни азаматтық құқықтық қатынастарына өз әрекеттерімен тікелей қатысу қабылеті, ол азаматтың *әрекет қабылеттілігіне* байланысты болады. Яғни, жеке тұлғаның әрекетқабылеттілігі – ол өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болу, оларды жүзеге асыру, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындау қабылеті. Бұл қабылет азаматтарда толық мөлшерде кәмелетке толғанда ғана пайда болады (ҚР АҚ 17-б.). 18 жасқа толған азаматтар өз бетімен заң тыйым салмаған кез келген мәмілелерді жасауға (мәмілеге қабылеттілік), өз міндеттемелері бойынша мүліктік жауаптылық шегуге қабылетті (деликтқабылеттілік) болады. Бұл әрекетқабылеттілігінің мазмұны болып танылады.

Бірақта, егер жеке тұлға жүйке ауруымен ауыратын болса, немесе оның ес-ақылы кем болса, сол себептен өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмай, не істегенін білмесе, өз әрекеттеріне жауапты бола алмаса, онда ол мүдделі тұлғалардың өтінішімен, сот шешімі арқылы әрекетқабылеттілігі жоқ деп танылады, оған қорғаншы тағайындалады (ҚР АҚ 26-б.).

Ал 14 жасқа толмаған жасөспірімдер (жас балалар) сот шешімімен емес, заң бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылады (ҚР АҚ 23-б.). Олар өз бетінше тек қана жасай салып орындалатын өздерінің жасына лайықты, ұсақ тұрмыстық мәмілелерді жасауға құқылы болады. Ал олардың әрекеттері үшін мүліктік жауаптылық ата-аналары немесе өзге заңды өкілдеріне жүктеледі. Олардың мүдделеріне қатысты мәмілелерді заңды өкілдері жасайды, бірақта мұндай мәмілелер жасау үшін міндетті түрде қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жазбаша келісімі қажет.

14-пен 18 жас аралығындағылар сот шешімімен емес, заң бойынша, құқықтық әрекетке жартылай қабілетті деп танылады. Олар өз бетімен өз жастарына сай, кішігірім тұрмыстық мәмілелерді жасауға құқылы болады, ал қалған мәмілелерді тек өз табыстарының (кірістерінің) мөлшерінде ғана өз бетімен жасай алады. Өзге мәмілелерді олар ата-аналарының, қамқоршыларының келісімімен жасайды. Ол келісімнің нысаны мәміленің нысанына байланысты болады. Бұл жасөспірімдер мүліктік жауапкершілікті өз бетімен (өз есебінен) табыстары/кірістері мөлшерінде ғана атқаратын болады, ал табыстары/кірістері болмағанда, немесе жеткіліксіз болған жағдайда, олардың ата-аналары, қамқоршылары қосымша жауапкершілік көтереді, егер зиян келтірілуде олардың кінәсі жоқ екендігін дәлелдей алмайтын болса.

Жартылай/ішінара әрекет қабілетті жасөспірімдер өздерінің табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өздері жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік етуге құқылы. Және де ҚР Азаматтық кодексінің 25-бабына сай, бұлар банкілерге салымдар салуға және өздері салған салымдарға дербес билік етуге құқылы; сонымен қатар өздерінің атына басқа біреу салған салымдарға да өз бетінше билік етеді.

Егер 14-тен 18 жасқа дейін жасөспірім табыс алатын болып, бірақта оны тиімсіз, теріс қылықтарға, құмар ойынға пайдаланатын болса, онда мүдделі тұлғалардың талабы бойынша сот кәмелетке толмаған адамның өз табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өзі жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік ету құқығын шектеуі немесе ол құқықтан айыруы да мүмкін (22-бап).

Отбасылық құқық саласында кәмелетке толмағандарды толық әрекет қабілетті деп тану туралы жағдайлар да көрсетілген. Мысалы, ҚР Азаматтық кодексінің 17-бабына сай, он сегіз жасқа жеткенге дейін елеулі себептермен некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады.

Сонымен қатар, ҚР Азаматтық кодексінің 22-1-бабында кәмелетке толмаған жасөспірімді толығымен әрекетке қабілетті деп жариялау (эмансипация) туралы ережелер бекітілген. Осыған орай, жасы он алтыға жеткен кәмелетке толмаған адам, егер ол еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін болса немесе оның заңды өкілдерінің келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, толығымен әрекетке қабілетті деп жариялануы мүмкін. Ал заңды өкілдері мұндай келісім бермеген жағдайда эмансипациялау сот шешімі бойынша жүргізіледі.

Мектепте оқитын Рахманов Оразға ата-анасы 16 жасқа толғанына арнап соңғы үлгідегі қымбат ұялы телефон сыйлайды. Біраздан кейін ұлдары бұрынғы өзінің телефонын пайдаланып жүргенін көріп, сыйға тартқан телефоны туралы сұрақ қояды. Ораз ол телефон енді өзінің меншігінде болғандықтан ол өз қалауы бойынша оны досы Жараспен алмастырып, телефонның орнына Жарасқа ағасынан қалған ескі мопедін алғанын мәлімдейді. Ата-анасы телефонды қайта алуын талап етеді, бірақ Жарас келіспейді, мопед жүргізуге арнайы куәлігі жоқтығына да, оны сақтау орнының жоқтығына да қарамастан.

Рахмановтар Жарастың ата-анасымен кездесіп, қымбат телефонды қайтарып, мопедті алуды талап етеді, ал олар болса: балаларымыз өздерінің келісімімен жасаған әрекетке араласпаймыз, ешкім оларды мәжбүрлемеген деп, бас тартты.

Рахмановтың ата-анасына қандай құқықтық кеңес бересіздер? Олардың талаптары заңды ма, қанағаттандыруға жата ма?

Асатовтар отбасы өз автокөліктерімен жол жүріп келе жата, жол апатына ұшырайды да, жұбайлардың екеуі де сол жерде қаза табады. Олардың 6 жастағы ұлы мен 10 жастағы қызы жетім қалады. Біраз уақыттан кейін туыстары жиналып, балаларының жағдайын талдауға салды. Ата-әжесінің пікірінше, олар екі немересін кәмелетке толып, жоғарғы оқу орындарын бітіргенше асырауды өздеріне міндет етіп алатындарын айтады, ол үшін қайтыс болған ата-аналарының барлық мүлкін қазір сатып, оның ішінде пәтерді өздерінің атына аударып алатындығы туралы айтады.

Балалардың анасының апайы болса, ол балаларға қорғаншы болатынын, солармен бірге сол пәтерге меншіктеніп, балаларды өмірбақи өсіретіндігін айтады.

Жағдайды реттеңіз.

8-тақырып. Азаматтың есімі, тұрғылықты жері. Дара кәсіпкерлік

Азаматтың есімі оны басқа тұлғалардан дараландыру құралы болып танылады, бала тұғанда тіркеуді қажет етеді (ҚР АҚ 15-б.). Азаматтық құқықта адамның есімі ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, оның есімінен, әкесінің атынан және тегінен тұрады. Азаматтың есімін өзгерту де, қайтыс болуы сияқты, мемлекеттік тіркеуден өткізуді қажет етеді. Бұл жағдайда маңызды рөлді Азаматтық жағдайлар жөніндегі актілерді тіркеу органдары атқарады (АХАТ).

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Заңының 5-бабына сәйкес, тұратын жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мәртебесіне сәйкес келетін жеке басты куәландыратын құжаттарының болуы міндетті. Жеке басты куәландыратын құжаттарға келесілер жатқызылады: Қазақстан Республикасы азаматының паспорты; Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі; шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат; азаматтығы жоқ адамның куәлігі; Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты; Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты; босқынкуәлігі; Қазақстан Республикасы теңізшісінің жекекуәлігі; шетелдік паспорт; қайтып оралуға арналған куәлік; туу туралы куәлік. Осылардың арасынан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ішкі айналымда қолдануда тек паспорт, жеке куәлік, ал кәмелетке толмағандар үшін туу туралы куәлік жарамды болады. Паспортқа иелену біздің азаматтардың құқығы болып танылады, ал жеке куәлік алу – міндет ретінде бекітілген.

Азаматтың тұрғылықты жері де азаматтық өрісте, әсіресе кәсіпкерлік саласында, аса маңызды рөл атқаратынын білу абзал. Азаматтың тұрғылықты жері болып, ол тұрақты немесе көбінде тұратын мекенжай саналады (ҚРАК 16-б.).

Егер азамат азаматтық айналымнан шығып қалған болса, онда ол заңда көзделген негіздер болған жағдайда сот шешімімен хабар ошарсыз кеткен (ҚРАК 28-б.) немесе өлген деп танылуы мүмкін (ҚРАК 31-б.).

Азаматтар кәсіпкерлікпен айналысуға құқылы, тек ондай қызметпен айналысу үшін мемлекеттік тіркеуден өту қажет болады (ҚР Конституциясының 26-б. 4 т., ҚРАК 19-б.).

Кәсіпкерліктің ұғымы мен түрлері ҚРАК 10-бабында және 2015 жылғы 29 қазандағы ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабында келтірілген: кәсіпкерлік дегеніміз - азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (*жеке кәсіпкерлік*), немесе мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізу, жедел/оралымды басқару құқығына (*мемлекеттік кәсіпкерлік*) негізделген

дербес, бастамашылық қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлікпен заңды тұлға құру арқылы және заңды тұлға құрмастан айналысуға болады (Д сызбасын қараңыз). Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлікпен айналысу дара кәсіпкерлік санатына жатқызылады, ол үшін Күәлік, патент алу, немесе бір мәрте төлем төлеу қажет болады. Кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттері ҚРАК 10-бабында және 2015 жылғы 29 қазандағы ҚР Кәсіпкерлік кодексінде, өзге заңнамаларда бекітілген.

Дара кәсіпкерлік өзіндік немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік кодексінің 31-бабына сәйкес, өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады. Өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін жеке тұлға ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда мұндай пайдалануға жұбайының нотариус куәландырған келісімі қажет. Өзіндік кәсіпкерлік шаруа, фермер қожалығы нысанын пайдаланыла отырып жүзеге асырылуы да мүмкін.

Бірлескен кәсіпкерлік туралы жалпы ережелер Кәсіпкерлік кодексінің 32-бабында жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырылады деп бекітілген. Бірлескен кәсіпкерліктің нысандарына келесілер жатқызылған:

1) ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын *ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі*;

2) шаруа қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғынжайға ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын *отбасылық кәсіпкерлік*;


3) *жай серіктестік* нысанында ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де нысандар.

Жұмыскерлерінің жылдық орташа санына және жылдық кірістерінің орташа сомасына қарай кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады: шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері. Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі болып табылады. Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік органдарға жұмыста пайдалану үшін электрондық анықтама нысанында беріледі.

Кәсіпкерлікпен шұғылданатын жеке тұлғалар өздерінің есімі немесе мекен жайы/тұрғылықты жері өзгерген жағдайда барлық әріптестеріне ол туралы міндетті түрде хабарлау жүктеледі

Д сызбасы



25 жастағы Абаев Арман Оқапович және 30 жастағы Ыбырай Дамир кәсіпкерлікпен шұғылданып, отбасыларының жағдайын жақсартпақ болды.

Заңгердің берген кеңесіне негізделе отырып, олар заңға сәйкес толық серіктестік құруға келісті, ал серіктестіктің атауын «Абаев және Ыбырай толық серіктестігі» деп құрылтайшы құжаттарына бекітті.

ҚР «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңына сәйкес, толық серіктестіктің атауында барлық серіктестердің есімі немесе бір серіктестің есімімен «және компания» деген сөздер болу қажет.

Бұл құрылтайшылар ұсынған заңды тұлғаның атауы ҚР Азаматтық кодексінің 15-бабына сай келе ме?

Серіктестікті тіркегеннен кейін Абаев пен Ыбырай оның өндірістік қызметін ұйымдастырып, өзге тұлғалармен келісім шарттар жасасып, кәсіпкерлікпен шұғылдана бастады.

Екі жылдан кейін табыстары жеткілікті болып, офис пен қоймаларының орналасқан жері ыңғайсыз болғандықтан, одан ыңғайлы офис және оған жақын орналасқан қойма тауып алып, сол жерге көшіп келді. Біраздан кейін бұлардың серіктестігіне өндіріске қажетті белгілі бір тауарларды үнемі жіберіп тұратын ұйымнан сол тауарлар келмейтін болып, жұмыстары тоқтап қалатындай жағдайға ұшырады. Шарт бойынша ол тауардың құны алдын ала төленген болатын. Абаев пен Ыбырай бұл ұйымға жазбаша наразылық білдіріп, тез арада тауарлардың орнын толтыруды және келісім шартқа сәйкес міндеттерін тиісті мерзімдерде орындамағаны үшін алдын ала төленген соманың 20 пайызын құрайтын айыппұл төлеуді талап етті.

Ұйым өз жауабында тауарларды тиісті мерзімдерде жіберіп тұрғандығы туралы көрсетіп, дәлелдейтін құжаттарды жіберді. Бірақта, құжаттарға қарағанда, ол тауарларды серіктестіктің офисі мен қоймаларының бұрын орналасқан жеріне жіберіпті.

Бұл жағдайда қайсы тарап кінәлі болды? ҚР Азаматтық кодексі субъектінің тұрғын жайы, мекенжайы өзгерген ретте қандай ережені бекітеді?

Серіктестіктің талаптары заңға сай келе ме?

Ыбырай Дамир серіктестіктің қатысушысы ретінде көптеген кәсіпкерлермен қызметтесіп, оның ішінде Ресей Федерациясының тұлғаларымен белсенді қызмет жасасқан. Алайда оның сондай әріптестері оның аты мен әкесінің атының айырмашылығын түсіне алмай, оны біресе Ыбырай, біресе Дамир деп атап жүрді. Сондықтан ол өзінің есімін өзгертуге бел буып, АХАТ органдарында тиісті қайта тіркеуден өтіп, Султанов Дамир Ыбыраевич деп аталды.

Осыған орай Султановта қандай міндеттер пайда болды?

Біраздан кейін Султанов серіктестіктің өндірістік қызметі бойынша тағы да Ресей Федерациясында орналасқан партнерларына сапаржайға кетіп, сол бойы жоғалып кетті. Оның жұбайы Омарова Ардақ және серіктесі Абаев іздеу салып, Султанов партнерларымен ұтымды келісім шарт жасасқаннан кейін ол қуанышты жағдайды көл жағасында атап өтпекші болып, жоғалып кеткені және сол жағада сырт киімі мен аяқ киімі табылғандығы туралы анықтайды.

Қалыптасқан жағдайды заңи тұрғысынан сипаттаңыз. Султанов жоғалып кеткенінің құқықтық салдары қандай?

Азаматты хабар ошарсыз кетті немесе өлді деп тану негіздері мен салдарын келтіріңіз.

7-8-тақырыптар бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Жеке тұлға ұғымына не кіреді:

1. Тек Қазақстан Республикасының азаматтары;
2. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар;
3. Тек апатридтер;
4. Тек Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар
5. Заңды тұлғалар.

2. Азаматтың құқық қабілеттілігі қашан басталады:

1. Ол туған кезден бастап;
2. Кәмелетке толғанда;
3. 16 жасқа толғаннан кейін;
4. 14 жасқа толғаннан кейін;
5. 21 жасқа толғаннан кейін.

3. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі – бұл:

1. Заңмен тыйым салынбаған кез-келген мәмілелерді жасауға және міндеттемелерге қатысу мүмкіндігі;
2. Азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті;
3. Кез-келген мүлікке меншік құқығында ие болу қабілеті;
4. Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі;
5. ҚР-аумағында еркін жүріп – тұру және тұрғылықты жерді таңдау мүмкіндігі.

4. Қандай орган азаматты әрекет қабілеттілігі жоқ деп таниды:

1. Сот;
2. Прокурор,
3. Қорғаншы және қамқоршылық органы;
4. Мүдделі орган;
5. Қорғаншы

5. Кәмелетке толмаған адамдарға қамқоршылық олар қанша жасқа толғанда арнайы рұқсатты қажет етпей тоқтатылады

1. 17 жас
2. 18 жас
3. 13 жас
4. 16 жас
5. 15 жас

6. Өз әрекеттерімен азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру қабілеттілігі, ол:

1. Құқық қабілеттілік
2. Деликт қабілеттілік
3. Әрекет қабілеттілік
4. Шектелген қабілеттілік
5. Жартылай қабілеттілік

7. Жеке тұлғат қай кезден бастап кәсіпкер болып табылады

1. Дара кәсіпкер ретінде оны тіркеу туралы арызын берген кезден
2. Жарғылық капиталын құрған кезден
3. Кәмелетке толған кезден
4. Дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен кезден
5. Кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезден

8. Эмансипация дегеніміз:

1. Әйелдердің құқықтарын ер азаматтардың құқықтарымен теңдікке келтіру
2. Кәсіпкерлікпен заң деңгейінде шұғылданып, табысын тиімді пайдаланатын 16 жасқа толған жасөспірімді толық әрекет қабілетті деп тану
3. Кәсіпкерлікпен заң деңгейінде шұғылданып, табысын тиімді пайдаланатын әйел адамдарды толық әрекет қабілетті деп тану
4. Кәмелетке толмаған жасөспірімдерге некеге тұруға рұқсат беру

9-тақырып. Заңды тұлғалар: ұғымы, белгілері, құқыққабилеттілігі. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу

Заңды тұлғалар қазіргі уақытта азаматтық құқықтық қатынастарының ең кең тараған қатысушыларының бірі болып танылады. Бірақта кез келген кәсіпорын, мекеме, ұйымдар заңды тұлға мәртебесіне ие бола бермейді.

Заңды тұлғаның анықтамасы және белгілері ҚР АҚ 33-бабында берілген. Заңды тұлға дегеніміз – ол меншігінде, шаруашылық жүргізуінде, немесе жедел/оралымды басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар, сол мүлкіменен өз міндеттемелері бойынша мүліктік жауап көтеретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым. Бұл анықтамадан заңды тұлғаның төрт белгісін көруге болады, бесінші белгісі ретінде азаматтық құқықтық әдебиетте заңды тұлғаның ұйымдастырушылық бірлігі аталады.

Адамзат тарихында заңды тұлғаның қалыптасуы ұзақ уақытқа созылған, сондықтан азаматтық құқық теориясында әртүрлі «заңды тұлғалар теориялары» пайда болған. Мысалы, К.Ф. Савиньидің «фикция» туралы теориясы, Германия ғалымдарының «нақтылық» теориясы және басқалар.

Заңды тұлғалар да, жеке тұлғалар сияқты, азаматтық құқық субъектілері ретінде құқыққа қабілетті және әрекетке қабілетті болуы тиіс. Бірақ, жеке тұлғалармен салыстырғанда, заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі бір уақытта (ол құрылған кезде) пайда болып, бір уақытта (заңды тұлға таратылғанда) тоқтатылады. Сондықтан да, құқықтану саласында заңды тұлғаларға қатысты бір ғана термин қолданылады – «заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі» деген (Азаматтық кодекстің 35-бабы).

Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Айналысу үшін рұқсат/лицензия алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсатты алған кезден бастап пайда болады және ол алып қойылған, қолданыс мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі жалпы және арнайы болады, ол қабілеттілік заңды тұлғаның арнаулы органдары және өкілдері арқылы жүзеге асырылады. Жалпы/әмбебап құқық қабілеттілік дегеніміз – заңнамаларда тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысу құқығы, мұндай қабілеттілікке ие заңды тұлғалар – олар коммерциялық ұйымдар (мемлекеттік кәсіпорындардан басқа). Өзге заңды тұлғалардың құқыққабилеттілігі арнайы деп танылады, яғни, олар тек заңнамаларда рұқсат етілген және Жарғыларында көзделген қызметтермен ғана айналысуға құқылы.

Заңды тұлғаның құрылған күні болып заңды тұлға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне тіркелген күні танылады. Мемлекеттік тіркеу тәртібі Азаматтық Кодексте (41, 42-б., б.) және арнайы нормативтік құқықтық актілерде бекітілген. Мысалы, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және

филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы, Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы Нұсқаулық.

Мемлекеттік емес заңды тұлғалар үшін тіркеу ерікті түрде өткізіледі: тиісті санға, көлемге, құрамға сай құрылтайшылар, жарғылық қоры, тіркеу туралы өтініш, құрылтай құжаттарын (жарғысын немесе жарғысы мен құрылтай шартын), мемлекеттік мекемелер үшін – Жарғыларын/Ережелерін, орналасқан орны туралы анықтама қағазын және тіркеуге төленетін арнайы төлемнің төленгені жөніндегі құжаттарын тапсыру арқылы өткізіледі.

Құрылтай шарты оның құрылтайшылары екі немесе одан да көп болған жағдайда жасалады. Егер осы заңды тұлғалар үшін мемлекеттік тіркеу электрондық нысанда көзделмеген болса, онда шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттары міндетті түрде нотариалдық куәландыруды қажет етеді («Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңының 15-бабының 5-тармағы; «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 8-бабы).

Жарғы мен құрылтай шартының мазмұнын да атап өту қажет (41-бап). Заңды тұлғаның құрылтай шарты жасалады, ал жарғысын құрылтайшылары бекітеді. Құрылтай шарттың мазмұны коммерциялық құпия болып саналады, ал жарғының мазмұны жария санатына жатады, сондықтан ҚР-ның АҚ 41-бабының 7-тармақшасына сай барлық мүдделі тұлғалар заңды тұлғаның жарғысымен танысуға құқылы.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі мазмұнын белгілейтін үлгілі жарғының негізінде жүзеге асыра алады, мұндай жағдайда сол заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін жарғыны ұсыну талап етілмейді. Коммерциялық емес ұйымдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтай құжаттарында заңды тұлға қызметінің мәні мен мақсаты белгіленуге тиіс.

Егер заңды тұлғаны бір тұлға құрған болса, құрылтай шарты жасалмайды, құрылтай құжаттары ретінде жарғы (ереже) және заңды тұлға құру туралы жазбаша түрде рәсімделген Жалғыз құрылтайшының Шешімі болады.

Шағын бизнес субъектілеріне жеңілдіктер беру мақсатында егер заңды тұлға осы шағын бизнес субъектілері санатына жатқызылатын болса, онда құрылтайшысы тіркеу органына электронды нысанда тек хабарлама ғана жібереді (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 6-1 бабы). Сонымен қатар, осындай заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (ережелері) мемлекеттік тіркеу процесінде ұсынылмайды.

Ал шетелдік қатысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бірақта қосымша келесі құжаттар тапсырылу керек:

- құрылтайшы болып табылатын шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын, нотариалды куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат;

- нотариалды куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат ұсынылуға тиіс.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы құжат қазіргі уақытта Анықтама деп аталады.

Заңды тұлғалардың кейбір түрлері үшін тіркеу кезінде жарғылық капиталының белгілі мөлшерінің болуы қажет. Мысалы, жауапкершілігі шектелген серіктестікті мемлекеттік тіркеу үшін оның жарғылық капиталының мөлшері құжаттар табыс етілген күнге бір жүз айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне баламалы сомадан кем болмауға тиіс («Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 23-бабының 2-тармағы).

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне бағынышты тіркеу органдарына арнайы белгіленген нысан бойынша өтініш беріледі және қазақ және орыс тілдерінде жасалған үш данада құрылтай құжаттары қоса беріледі (**электрондық нысанда** жасалған тіркеуді қоспағанда).

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеу (қайта тіркеу) және құжаттарды беру *мерзімдері* ҚР «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995ж. 17 сәуіріндегі Заңының 9-бабында бекітілген. Мысалы, акционерлік қоғамдарды, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Егер тиісті құжаттар **«электрондық үкімет» веб-порталы** арқылы тапсырылған болса, мемлекеттік тіркеу өтініш берілген кезден бастап жұмыс күнінің бір сағаты ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылуы басталғаны туралы хабарлама береді. Бұл заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу «электрондық үкімет» веб-порталында толтырылатын электрондық хабарлама беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Заңды тұлғаны тіркеу дегеніміз – ол оны Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің (БСН) ұлттық тізіліміне енгізу болып табылады. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі дегеніміз - құрылған және қызметін тоқтатқан заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер), қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер туралы мәліметтерді есепке алуға және сақтауға, берілген бизнес-сәйкестендіру нөмірлері туралы мәліметтерді қалыптастыруға және сақтауға арналған *ақпараттық жүйе*.

Тек тіркеуден өткеннен кейін, заңды тұлға салық есебіне, статистикалық есепке тұрып, мөрін, бұрыштанбасын, бланкілерін жасауға тапсырма беріп, банкта есепшотын ашуға болады. Банк есепшотын ашу үшін заңды тұлға өтінішімен қоса, жарғысының (ережесінің) көшірмесін, бизнес сәйкестендіру номерін, нотариалдық куаландырылған немесе банк қызметкерімен рәсімделген түрде бірінші басшысының және бухгалтерінің қолдарының үлгілерін және мөрінің үлгісін тапсырады.

Егер заңды тұлғаның қызметі лицензия алуды қажет ететін болса, онда заңды тұлғаның құқыққабілеттілігі сол лицензияны алған күннен бастап пайда болады.

Заңды тұлғаның атауы өзгерген жағдайда, заңды тұлға қайта құрылған жағдайда және тағы да басқа жағдайларда, заңды тұлға қайта тіркеуден өткізілуі қажет (ҚРАК 42-б., 6-т.).

Қызметінің түріне қарай, қызметкерлерінің саны 50 адамнан аспайтын мемлекеттік емес заңды тұлғалар және заңды тұлға құрмастан дара кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпкерлер кіші (шағын) бизнес субъектілері деп аталады, бұл тұлғаларға заң шығарушы арнайы назар аударады. Заңды тұлғаларды шағын бизнес субъектілеріне жатқызудың екінші өлшемі – ол жылдық тауар айналымының ақшалай мөлшері. Шағын бизнес субъектісі мәртебесіне ие болу әртүрлі жеңілдіктер береді: тіркеуден өту кезінде, банк несиелерін алу кезінде, салық жеңілдіктерін және т. б.

Заңды тұлғалар өз филиалдары мен өкілдіктерін, еншілес және тәуелді кәсіпорындарды (қоғамдарды) құруға болады (ҚР АҚ 43, 94 және 95-баптары). Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып танылмайды, олар туралы ережелер Азаматтық кодексінің арнайы баптарында келтірілген.

Е сызбасы



Абаев Арман Оқапович және Ыбырай Дамир кәсіпкерлікпен шұғылдану үшін заңгерге келіп, кәсіпкерлікпен заңды тұлға құру жолымен және заңды тұлға құрмай-ақ дара кәсіпкер ретінде шұғылдануға болатынын біледі.

Алайда олар заңды тұлғалардың түр-түрлерін, олардың ең тиімді түрін және заңды тұлғаны құру тәртібін білмегендіктен заңгерге қосымша келесі сұрақтар қояды:

- Оларға коммерциялық әлде коммерциялық емес заңды тұлға құру қажет? Коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалардың айырмашылығы неде?

- Коммерциялық мақсатта ҚР АҚ-де көрсетілмеген басқа ұйымдық-құқықтық нысанда коммерциялық заңды тұлға құруға бола ма?

- Заңды тұлғаны құру үшін өкілетті мемлекеттік органдардан келісім немесе рұқсат алу қажет пе?

- Белгілі бір заңды тұлғаны құру туралы құрылтайшылардың алдын ала шешімі қандай құжат арқылы рәсімделеді?

- Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары не үшін керек? Құрылтай құжаттарына қандай құжаттар жатады?

- Құрылтай келісім шарты мен Жарғының бір-бірінен бекіту тәртібі және мазмұны бойынша қандай айырмашылықтары бар?

- Жарғылық капитал деген не және оған салым ретінде қандай мүліктер, мүліктік құқықтар салуға болады?

- Жарғылық капиталға құрылтайшылардың салған салымдары осы құрылтайшылардың ортақ үлестік меншігі болып табылатындығы рас па? Әлде ол салымдар заңды тұлғаның меншігі бола ма?

- Заңды тұлғаның міндеттемелері үшін олар құрылтайшылар ретінде өздерінің жеке меншіктегі мүліктерімен жауап беретін болу үшін қандай заңды тұлға құру қажет?

- Ал құрылтайшыларының жауапкершілігі ең төменгі дәрежеде болу үшін қандай заңды тұлға құру қажет?

- Тіркеуден өткеннен кейін заңды тұлға құқық субъектісі ретінде азаматтық құқықтық қатынастарға қалай түседі (қатысады, араласады)? Яғни, заңды тұлғаның құқыққабилеттілігін кім жүзеге асырады?

- Заңды тұлға кез келген қызмет түрлерімен айналысуға құқылы болу үшін ол қандай құқыққабилеттілікке ие болу керек?

- Жалпы және арнайы құқық қабилеттілігінің айырмашылығы неде?

- Заңды тұлғаның филиалы мен өкілдіктері не үшін құрылады және филиалдың өкілдіктен қандай айырмашылығы бар?

Заңгердің берген кеңесіне негізделе отырып, олар заңға сәйкес толық серіктестік құруға келісті, ал серіктестіктің атауын «Абаев Арман Оқапович және компаниясы толық серіктестігі» (Абаев Арман Оқапович және К^о) деп құрылтайшы құжаттарына бекітті.

Осы заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттарын құрастырыңыз.

Егер құрылтайшылар немесе олардың біреуі шетел мемлекетінің азаматы немесе заңды тұлғасы болса, онда заңды тұлға тіркеу үшін қандай құжаттар қажет?

Жарғыны жазу барысында едәуір қиыншылықтар кездестіріп, құрылтайшылар интернет желісінен «Үлгілік Жарғы» деген құжат тауып алды.

- Ол құжатты негіз ретінде қолдануға бола ма? Бұл құжаттың мәні неде?
- Құрылтайшы құжаттар неше данада және қандай тілдерде жазылу қажет?
- Нотариуска осыған байланысты бару қажет пе, егер қажет болса – не үшін?

- Құрылтайшылар екеуі де заңды тұлғаны тіркеу барысында барлық тиісті ұйымдарға бірге баруға міндетті ме?

- Қазақстанда ақпараттық коммуникациялық технологияларының дамуына байланысты заңды тұлғаларды тіркеу қандай әдіспен жүргізілуі мүмкін?

Құрылтайшылар құрылтайшы құжаттарды дайындау барысында шағын кәсіпкерлік деген терминді кездестіріп қалды. Осыған орай олар тіркеуге дайындап жүрген толық серіктестікті шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркей аламыз ба деген сұрақпен заңгерге тағы да келеді.

- Шағын кәсіпкерліктің түсінігін, ерекшеліктерін, қаншама тиімділігін осы құрылтайшыларға заңдарға нақты сілтеме жасап толық түсіндіріп беріңіздер.

Білікті кәсіпкер болу мақсатымен Абаев пен Султанов ҚР «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңын мұқият оқып шықты, бірақта оның мазмұнынан – тіркеу органына құрылтайшы құжаттардан басқа қандай құжаттар тапсырылу қажет екендігін таба алмады.

- *Осыған байланысты құрылтайшыларға туындаған сұрақтарына тиісті нормативтік құқықтық актіні тауып беріңіз де нақты құжаттардың тізімін беріңіз.*

- *Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды қайда тапсырамыз? Құжаттардың түрлері және оларды тапсыру жолдары заңды тұлғалардың барлығына бірдей бола ма?*

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу жалпы мерзімі қандай?

- Шағын бизнес субъектілерін тіркеу мерзімі қандай?

Султанов Дамир Ыбыраевич сот шешімімен өлді деп табылған соң Султановтың жұбайы болған Омарова Ардақ Абаевтың келісімімен серіктестіктің екінші мүшесі ретінде қабылданды. Абаев пен Омарова толық серіктестік нысанында құрылған заңды тұлғаның қызметі тәуекелді екендігін байқап, бұл серіктестікті шаруашылық серіктестіктердің өзге түріне аудармақ болады. Алайда олардың ХҚКО арқылы жіберілген толық серіктестікті жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде қайта тіркеу туралы арыздары қанағаттандырылмады.

- Осы орайда бұл құрылтайшыларға қайта тіркеудің жолдарын және тәртібін толығымен түсіндіріңіздер.

- Заңды тұлғаның қызметін тоқтатудың тағы қандай түрі көзделген?

- Құрылтайшылардың ниеттері заңды тұлғаны қайта құрудың қандай түріне жатады?

- Қосу мен біріктірудің, бөлу мен бөліп шығарудың айырмашылығын келтіріңіз.

- Толық серіктестікті жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде қайта құру үшін жасалатын әрекеттерді екі топқа бөліп тізімін жасаңыздар. Құрылтайшылар жиналысының хаттамасын қоса жазыңыздар.

- Серіктестікті қайта құруға байланысты оның жұмыскерлер/қызметкерлер ұжымының еңбекке қатысты құқықтары мен міндеттері тоқтатылуға жата ма?

- Азаматтық кодекстің 47-бабын талдай отырып, осы жағдайда сол бапта көзделген екі құжатнамалардың қайсысы құрастырылу қажеттілігін және оның құрамына нелер енгізілетінін жазбаша келтіріңіздер.

- Тарату комиссиясы құрылу қажет пе? Ол комиссияның құзіреті қандай?

- Кредиторлардың құқықтары осы орайда қорғалуға жата ма?

- Бизнес-сәйкестендіру тізіліміне қандай мәліметтер енгізілуі тиіс?

9-тақырып бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді кім жүргізеді:

1. Әділет органдары;
2. Нотариус;
3. Прокурор;
4. Сот;
5. Сол заңды тұлғаның лауазымды адамы.

2. Қазыналық кәсіпорын қандай меншік негізінде пайда болады:

1. Тек қана коммуналды меншік,
2. Жеке меншік;
3. Мемлекеттік меншік;
4. Ортақ меншік,
5. Кез-келген меншік негізінде.

3. Филиал - бұл:

1. Заңды тұлға;
2. Заңды тұлғаның оқшау бөлімшесі;
3. Коммерциялық емес ұйым;
4. Азаматтардың ерікті бірлестігі;
5. Қоғамдық бірлестік.

4. Коммерциялық заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары:

1. Акционерлік қоғам, шаруашылық серіктестік, қор;
2. Мемлекеттік кәсіпорын, мемлекеттік мекеме, тұтыну кооперативі;
3. Мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив;
4. Өндірістік кооперативі, тұтыну кооперативі, акционерлік қоғам;
5. Акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі.

5. Заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі қай кезде пайда болады

1. Мемлекеттік тіркеу кезінде пайда болады.
2. Құрылу туралы шешім қабылданғанда.
3. Банктегі шотты ашқан кезде.
4. Құрылу шағында.
5. Құжаттарды тіркеу үшін әділет органына берген кезде.

6. Заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі қай кезде аяқталады.

1. Банкрот екендігін жариялау шағында.
2. Оның қайта құру туралы жариялаған кезде.
3. Тарату шағының бітуі тіркелген кезінде аяқталады.
4. Тарату туралы комиссия жұмысының басталуы кезінде.
5. Заңды тұлғаның банкрот екенін белгілеу туралы сот шешімін шығару кезінде.

7. Акционерлік қоғамдағы меншік құқығының пайда болуының негізгісі не болады:

1. Мемлекет бюджетінен түскен түсімдер;
2. Акцияларды сатудан түскен түсімдер;
3. Ерікті қызметкерлердің жұмысынан түскен табыстар;
4. Жергілікті бюджеттен түскен түсімдер;
5. Кез келген әрекеттерінен түскен табыстар;

8. Бір құрылтайшы құратын заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттары болып не саналады?

1. Құрылтайшы келісім шарт және жарғы
2. Жалғыз құрылтайшының шешімі және жарғы
3. Құрылтайшы келісім шарт және ереже
4. Жалғыз құрылтайшының шешімі және Үлгілі ереже
5. Үлгілі Ереже

10-тақырып. Заңды тұлғалардың қызметін тоқтату

Заңды тұлғаның қызметін тоқтату екі жолмен өткізіледі: қайта құру және тарату арқылы. Заңды тұлғаның қызметін тоқтату күні болып ол жөнінде мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізу күні саналады. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, тіркеу орны бойынша мемлекеттік кіріс органына дереу жазбаша түрде немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, интернет-ресурс арқылы хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын құрады және тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді. Тарату комиссиясы құрылған кезден бастап заңды тұлғаның мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік сол комиссияға ауысады.

Қайта құру дегеніміз – ол мирасқорлық негізінде заңды тұлғаның қызметін тоқтату. Қайта құру бес түрде өткізіледі: бөлу, бөліп шығару, қосу, біріктіру және өзгерту. Қосу, біріктіру және өзгерту кезінде мүлкі жөнінде өткізу (тапсыру) актісі жасалады, ал бөлу және бөліп шығару кезінде мүлкі жөнінде бөлу балансы жасалады (ҚРАК 47 б.). Қайта құрудың әрбір түрі туралы ережелерді нақтылап үйрену қажет, себебі бұлардың құқықтық салдары әртүрлі болып келеді. Айта келсек, XX ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер нысанындағы заңды тұлғалардың көбі акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, тағы басқа да ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарда қайта құрылған.

Қайта құру ерікті түрде немесе еріксіз/ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.

Заңды тұлғалар қосылған кезде олардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына (Өткізу Актісі) сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады. Ал біріктіру нәтижесінде біріктірілген заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына сәйкес оны өзіне біріктіріп алған заңды тұлғаға ауысады.

Заңды тұлғаны бөлу нәтижесінде оның құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған бірнеше заңды тұлғаларға ауысады. Ал бөліп шығару нысанындағы қайта құру жүргізілген болса, онда бір заңды тұлғаның құрамынан бір немесе бірнеше заңды тұлғалар бөліп шығарылады, оларды мүліктері бөлу балансына сәйкес анықталады да, осы баланс бойынша олардың әрқайсысына қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері ауысады.

Қайта құрудың бесінші әдісі – өзгерту заңды тұлғаның бір түрін екінші түрдегі заңды тұлғаға өзгерту яғни ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, бұл жағдайда қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады.

Қайта құруға қарағанда, тарату – ол заңды тұлғаның қызметін мирасқорлық негізінсіз тоқтату. Заңды тұлғаны тарату заңда белгіленген тәртіп

бойынша өткізіледі (ҚР АҚ 50-51-б., б.). Оның негізгі ұғымдарын білу қажет: «тарату комиссиясы», «тарату балансы», «аралық тарату балансы», «несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру кезегі», «төлемдерді капиталға айналдыру», т.б.

Қазіргі кезде заңды тұлғаны тарату негіздерінің бірі - банкроттыққа ұшырау. Банкрот деп тану тәртібін реттеуде қолданылатын нормативтік құқықтық акт - ол 2014 жылғы 7 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңы. Азаматтық өрістің субъектілері ретінде төлемдерін өтеу қабілеттілігінен айрылған борышкерлерді сақтап қалу мақсатында мемлекет әртүрлі ақтау шараларын қарастырады және сол шаралардың ешбір тиімділігі болмаған жағдайда ғана, сот борышкерді банкрот деп тану жөнінде шешім шығарады.

Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлікпен айналысатын дара кәсіпкерлер де банкрот деп танылуы мүмкін (ҚР АҚ-21 бабы).


Банкрот деп тану ерікті және ықтиярсыз болады, несие берушілер бастамасымен немесе борышкердің өз бастамасымен өткізіледі. Банкроттыққа ұшырау тәртібі толық түрде жоғарыда аталған ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» Заңымен реттеледі. Банкроттық – ол борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі.

Дәрменсіздік түсінігі Азаматтық кодекстің 52-бабының екінші тармағында берілген: «Борышкердің - жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауы, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбегіне ақы төлеу жөнінде есеп айырыса алмауы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз ете алмайтын қабілетсіздігі сот белгілеген оның дәрменсіздігі деп түсініледі».

Жоғарыда айтылғанмен қоса, заңды тұлға таратылғаннан кейін қалған мүліктің тағдыры жөніндегі ережелерді білу қажет (ҚР АҚ 50-б. 8-т., 51-б. 5-т.).

Заңды тұлғалардың жіктелуі оларды коммерциялық немесе коммерциялық емес түрлерге жатқызуға байланысты болады (Е сызбасын қараңыз).

Ж сызбасы



Омарованың ағасы Омаров Ербол «Ернар» ЖШС-нің үш құрылтайшының бірі бола отырып, осы ЖШС-ті таратуды жүргізу туралы бел бұды. Ол туралы құрылтайшыларының хаттамасын жазбаша бекітіп, ЖШС-тың мөрімен хаттамаға қойған қолдарын растап, ХҚКО арқылы сол заңды тұлғаны тарату туралы өтініш тапсырды, оған хаттаманы қоса тіркеді. Бірақта тіркеуші өкілетті орган өтініштерін қанағаттандырудан бас тартып, заңға сәйкес тарату процессін жүргізуді талап етті.

- Омаров Ерболға және оның серіктестеріне тарату тәртібін түсіндіріп беріңіз.

- Тарату мен қайта құрудың айырмашылығы және ұқсастығын түсіндіріңіздер.

- Егер Омаров пен оның серіктестіктері төлем қабілеттерінің жоқтығына байланысты заңды тұлғаны таратуға бел бұғандығы анықталса, онда тарату тәртібі өзгере ме?

Банкроттық дегеніміз не және оның белгілері қандай.

Дәрменсіз борышкер мен банкроттың айырмашылығы бар ма?

Оңалту рәсімдері және оңалтушы басқарушы туралы не білесіздер?

Банкроттық өндіріс қашан ашылады, кіммен?

Банкроттық басқарушының құзіретін сипаттаңыздар.

Абаев пен Омарова «Тұмар» ЖШС-н құрып, біраз уақытта қызметтерін жақсартып, әртүрлі әріптестермен шарттар жасасып, өндірістік жұмыстарын ілгері жүргізуде болды.

Әріптестерінің бірі – «Тобыл» акционерлік қоғамы қайта құрылып, екі заңды тұлғаға бөлінгенін олар ақпарат құралдарынан біліп қалады. Бұл Акционерлік қоғам «Тұмар» ЖШС-не келісім шарт бойынша арнайы техникалық қондырғыларды жасап беруге міндеттенген болатын.

«Тұмардың» заңгері «Тобыл» атауын сақтап қалған заңды тұлғаға барғанда, оның өкілі шартта көзделген техникалық құрылғыларды жасайтын бұрынғы құрылымдық бөлімшелері енді дербес «Оймақ» атаулы ЖШС ретінде құрылғандығын хабарлайды.

«Тобыл» АҚ-ң әрекеттерін заңи тұрғыдан сипаттаңыз.

Бұл заңды тұлғаны бөлу процессі ҚР АҚ-ң нормаларына сай келе ме?

«Тұмар» ЖШС-ң осы жағдайда қандай құқықтары бар?

11-тақырып. Коммерциялық ұйымдардың жекелеген түрлері

Коммерциялық ұйымдар – ол қызметінің негізгі мақсаты ретінде таза табыс табуды көздейтін заңды тұлғалар. 1995 жылы 1 наурызда күшіне енген ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі), заңды тұлғалардың тек белгілі бір құқықтық-ұйымдастырушылық нысандарын қарастырған және бұрынғы барлық заңды тұлғаларды осы талапқа сай қайта тіркеуге міндеттеген. ҚР АҚ-не сәйкес (өзгерістерімен, қосымшаларымен қоса) коммерциялық заңды тұлғаларға келесі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар жатады: мемлекеттік кәсіпорындар (шаруашылық жүргізу құқығындағы және жедел басқару құқығындағы (қазыналық) кәсіпорындар); шаруашылық серіктестіктер (толық, сенім, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар); өндірістік кооперативтер мен акционерлік қоғамдар.

Әр заңды тұлғалар жөнінде Азаматтық құқықтың жалпы нормаларына қосымша ретінде арнайы нормативтік құқықтық актілер қабылданған. Мысалы: 2003 жылдың 13 мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы, 1998 жылдың 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңы, 2001 жылдың 16 қаңтарындағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңы, 2001 жылдың 8 мамырындағы «Тұтыну кооперативі туралы» ҚР Заңы және т.б.

Заңды тұлғаларды жіктеудің өзге негіздері: заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша құрылтайшылардың жауапкершілігінің шегі мен мөлшері; құрылтайшылардың ең аз және ең көп мөлшері; олардың субъектілік құрамы; заңды тұлға таратылған жағдайда оның мүлкіне деген құрылтайшылардың құқығы және т. б. Мысалы: өндірістік кооперативтің құрылтайшыларының (қатысушылары) саны екі адамнан кем емес, тек қана жеке тұлғалар болады. Олар жарғылық капиталына өз мүліктік үлестерін қосып қана қоймай, кооператив қызметіне де өз еңбегімен қатысады. Сондықтан, қазіргі кезде ондай заңды тұлғалар аса көп емес. Ал ЖШС бір және одан да көп тұлғалармен және жеке тұлғалармен де, заңды тұлғалармен де құрылуы мүмкін. ЖШС қызметіне құрылтайшылар өз еңбегімен қатысуға міндетті емес, жарғылық капиталына өз үлестерін қосса да жеткілікті болады. Осы себептерден қазіргі таңда ЖШС нысанындағы заңды тұлғалар кең тараған.

Заңды тұлғалардың құрылтайшылары өздері құрған заңды тұлғалар мүлкіне міндеттемелік және заттық құқықтарға ие болады. Коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылары олардың тапқан таза пайдасын өзара бөлісе алмайды.

Бұл тақырыпты толық меңгеру үшін заңды тұлғалардың әр түрі жөніндегі Азаматтық кодекс нормаларына және арнайы заңдар нормаларына сүйене отырып, жоғарыда аталған әр заңды тұлғаның азаматтық-құқықтық сипаттамасын толық білу қажет.

«Отырар» акционерлік қоғамы өзінің жай акцияларын болашақ инвесторлардың шектеусіз тобына ұсына отырып, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған және (немесе) ұйымдастырылған нарығына орналастыруды жүзеге асыру туралы акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдады. Бұл акцияларын Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында сатуға шығаруды да ұйғарды.

ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 4-1 бабына сәйкес бұл акционерлік қоғам қалай аталатын болады және оған қосымша қандай талаптар қойылады?

Акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі болатын акционерлік қоғамдарға осындай жағдайларда қандай талаптар қойылады?

Корпоративтік интернет-ресурс дегеніміз не?

Корпоративтік басқару кодексі дегеніміз не?

Корпоративтік хатшы деген кім?

ҚР Ұлттық Банкінің келтірілген қатынастарды реттеуде құзіреттері қандай?

Абаев пен Сұлтанов толық серіктестіктің құрылтайшылары болатын. Бірнеше жылдан кейін Сұлтанов сот шешімі бойынша өлді деп танылған. Азаматтық кодексінің 71-бабына көрсетілгендей, серіктестікте жалғыз қатысушы қалып, ол алты ай ішінде серіктестікті қайта құрмаса немесе жаңа қатысушылар қабылдамаған жағдайда, толық серіктестік таратуға жататындығын білген Абаев серіктестікті сақтап қалуды ойластырады. Бұл жөнінде ол Сұлтановтың мұрагерлерінің бірі болып танылған оның 55 жастағы әкесін құрылтайшы-мүше болуын қарастырады. Алайда оның әкесі өзге сенім серіктестігі санатындағы заңды тұлғаның құрылтайшы мүшесі екен.

Сондықтан Абаев Сұлтановтың жесірі – Омарова Ардаққа құрылтайшы-мүше болуын ұсынып, оның келісімімен толық серіктестікті сақтап қалады.

- Абаев Сұлтановтың әкесін толық серіктестіктің екінші құрылтайшысы ретінде қандай себеппен қабылдай алмады?

- Омарова А. екінші құрылтайшы болған жағдайда бұл заңды тұлғаны қайта тіркеу қажет бола ма?

- Қалыптасқан жағдайды қалай рәсімдеу керек?

Абаев пен Омарова толық серіктестіктің қаржылық жағынан салықтар төлеу қиындыққа түсетінін және өздерінің барлық жеке мүлкімен толық жауапкершілігін ескере отырып, бұл заңды тұлғаны коммерциялық емес заңды тұлғаның санатында қайта тіркеуді ойластырды.

Бұлар қойған мақсаттарына жете ала ма? ҚР Азаматтық кодексі коммерциялық заңды тұлғаларды қандай заңды тұлғаларға өзгертуді көздейді? Жауабын табыңыз.

12-тақырып. Коммерциялық емес заңды тұлғалардың жекелеген түрлері

Коммерциялық емес заңды тұлғалар ұғымы отандық заңнамада алғаш рет XX ғасырдың 80-ші жылдары ғана пайда болып, дами бастады. Бұлар кейбір жағдайларда «үкіметтік емес ұйымдар» деп те аталуда.


Коммерциялық емес ұйымдарға заң шығарушы келесілерді жатқызған: қоғамдық бірлестіктер (саяси партиялар, қозғалыстар, орталықтар және т.б.), қорлар (зейнетақы, қайырымдылық), діни бірлестіктер, мекемелер (мемлекеттік және мемлекеттік емес) және тұтыну кооперативтер (пәтер иелерінің кооперативы, гараж кооперативы, саяжай кооперативы және т.б.), ассоциациялар (одақ) түрінде құрылған заңды тұлғалар бірлестіктерін. Коммерциялық заңды тұлғалармен салыстырсақ, коммерциялық емес ұйымдардың тізілімі шектелмеген, сондықтан Қазақстанда өзге де коммерциялық емес заңды тұлғалар құрылуына жол беріледі. Сондықтан коммерциялық емес заңды тұлғалардың кейбір түрлері коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде де құрылуы мүмкін; автономды білім беру ұйымы ретінде, түрлі палаталар нысанында, т.б. (3 сызбасын қараңыз).

Әрбір коммерциялық емес заңды тұлғалар туралы жалпы және арнайы заңнамалар қабылданған, мысалы: «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Заңы; «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңы; «Тұтыну кооперативі туралы» 2001 жылғы 8 мамырдағы Заңы; «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы Заңы, «Нотариат туралы» Заңы, т.б.

Коммерциялық емес заңды тұлғалар - өз қызметінің негізгі мақсаты кіріс түсіруді көздемейтін және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін ұйымдар. Оларға заң шегінде кәсіпкерлікпен айналысуға рұқсат етілсе де, таза кіріс табу негізгі мақсатына жатпайды. Коммерциялық емес ұйымдардың негізгі мақсаттары: әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, басқару, қайырымдылық, заңды мүдделерді қорғау, жанжалдарды шешу, денсаулық сақтау, өз мүшелерінің игіліктерін қамтамасыз ету, саяси, т.б.

Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана қаржыландырылатын заңды тұлға тек қана мемлекеттік мекеме нысанында құрылуы мүмкін, оларға коммерциялық қызметпен шұғылдануға тыйым салынады.

3 сызбасы



Аудандық сотының шешімінде мынадай мәліметтер келтірілген:

Аудан әкімшілігі басқа құрылтайшыларды қосып, ауылшаруашылық ет өнімдерін жасап шығаратын өндірістік кооператив санатындағы заңды тұлға құрып, оны тіркейді. Құрылтайшылардың құрамында, Әкім аппараты мемлекеттік мекемесімен қатар, «Орда» ЖШС-і және екі азамат болған. Бұлар құрған ЖШС аудан тұрғындарымен келісім шарттар жасасып, олардан ет сатып алған. Еттің құнын жартылай ғана төлеп үлгерген, себебі шарт бойынша қалған жартысы 3 айдан кейін, өндіріс басталып, қазы, шұжық сияқты тағамдар өндіріліп, сатыла бастағаннан кейін төленуі бекітілген.

Алайда прокурор сотқа осы ЖШС-ін тіркеуді заңсыз деп танып, оны жою туралы талап арыз береді.

- Прокурордың талабы қанағаттандыруға жата ма?

- Мемлекеттік орган болып табылатын заңды тұлғаның құқықтық жағдайы қандай?

- Аудан әкімінің әрекеттері заңға сай келе ме?

- Сот прокурордың талабын қанағаттандыратын болса, малдарын етке сатқан ауыл тұрғындары қалған ақшаларын кімнің есебінен талап ете алады?

- Мемлекеттік мекемелердің өздеріне бекітілген мүлікке билік ету шектері қойыла ма?

- Құрылтай шартында: «Әкім аппараты» мемлекеттік мекемесінің жарғылық капиталдағы үлесі 51 пайыз құрайды» деп бекітіліпті. Осыған орай жауапкершілік құрылтайшылардың арасында қалай бөлінуі керек?

10-12-тақырыптар бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Азамат қанша толық серіктестіктің мүшесі немесе сенім серіктестіктерінің толық серіктесі бола алады.

1. Азамат кем дегенде екі толық және сенім серіктестігінің толық серіктесі бола алады.
2. Азамат өзінің қалауынша бірнеше толық немесе сенім серіктестігінің толық серіктесі бола алады.
3. Азамат тек бір ғана толық немесе сенім серіктестігінің толық серіктесі бола алады.
4. Азамат тек сенім серіктестігінің толық серіктесі бола алады
5. Азамат тек толық серіктестіктердің толық серіктесі бола алады.

2. Төменгілердің қайсысы заңды тұлғаларға жатпайды

1. Мемлекеттік кәсіпорындар
2. Акционерлік қоғамдар
3. Тұтынушылар кооперативтері
4. Жай серіктестіктер, консорциумдар
5. Адвокаттар коллегиялары

3. Заңды тұлға өз құқық қабілеттілігін қалай жүзеге асырады?

1. Тек бірінші төрағаның әрекеттері арқылы
2. Органдарының қызметі арқылы
3. Өкілдер арқылы
4. Мемлекеттік органдар арқылы
5. Өзі тікелей жүзеге асырады

4. Заңды тұлғаның мекен жайы болып қандай орын табылады?

1. Тұрақты жұмыс істейтін органы орналасқан мекен жай
2. Заңды тұлға тіркелген мекен жай
3. Заңды тұлға негізгі қызметін атқаратын жер
4. Заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктері тіркелген жер
5. Заңды тұлғаның еншілес заңды тұлғасы орналасқан жер

5. Шаруашылық жүргізу құқығының субъектілері болып қайсысы табылады:

1. Мемлекеттік кәсіпорындар;
2. Кооперативтер;
3. Қазыналық кәсіпорын;
4. Мекемелер;
5. Акционерлік қоғамдар.

6. Толық серіктестіктің құрылтайшыларының құрамында кем дегенде неше тұлға болу қажет?

1. Екі азамат
2. Бір азамат
3. Екі заңды тұлға
4. Бір заңды тұлға
5. Бір азамат немесе заңды тұлға

7. Жарғылық капиталының мөлшері азайғанда заңды тұлға:

1. Тіркеуге жатады
2. Салық органдарында тіркеледі
3. Қайта тіркелуге жатады
4. Қайта құруға жатады
5. Статистика органдарында тіркеуге жатады

8. Шаруашылық серіктестік - бұл:

1. Жарғылық капиталы құрылтайшылардың үлесіне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйым
2. Заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі
3. Коммерциялық емес ұйым
4. Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызметі үшін мүшелік негіздегі ерікті бірлестігі
5. Қоғамдық бірлестік

13-тақырып. Мемлекет азаматтық құқықтың субъектісі ретінде

Мемлекет - ол азаматтық құқық қатынастарының ерекше субъектісі болып танылады, өйткені ол өзі азаматтық құқық қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді шығарады (билік жасайды) және өзі де сол қатынастардың мүшесі болады. Сонымен бірге, мемлекет - ол құқықтық фикция, мысалы: оның талапкер немесе жауапкер ретінде сотқа өз көлемімен келуі мүмкін емес. Мемлекет азаматтық құқықтық қатынастарда екі тұрғыдан көрінеді: Қазақстан Республикасы және әкімшілік аумақтық бөліністер ретінде. Сондықтан, азаматтық айналымға мемлекет атынан өз бетімен заңды тұлға санатындағы арнайы органдар мен ұйымдар қатысады. Қазақстан Республикасы атынан азаматтық құқықтық қатынастарға Үкімет және министрліктер, ведомстволар қатысады. Әкімшілік-аумақтық бөліністердің атынан болса жергілікті атқарушы органдар (әкімшіліктер) қатысады.

Ал азаматтық өріске мемлекет пен әкімшілік-аумақтық бөліністердің қатысу нысандары әр түрлі. Мысалы: мемлекет - меншік иесі ретінде мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және басқару құқықтарын жүзеге асырады. Бұл әрекеттер заттық құқықтық қатынастарға жатады. Осы орайда мемлекеттік меншік екі топқа бөлінеді: республикалық және коммуналдық меншік (И сызбасын қараңыз).

Сонымен қатар мемлекет міндеттемелік қатынастарға да белсенді қатысады, мысалы: сату, сатып алу мәмілелеріне - сатушы немесе сатып алушы ретінде қатысады. Әсіресе 1990-шы жылдарынан бастап мемлекет жекешелендіру шарттарында өз мүлкін сатушы ретінде қызу қатысты. Сонымен бірге, мемлекет мүдделері үшін жасалатын сатып алу, тауар жеткізілімі, сенімгерлікпен басқару, жалға беру шарттарына, несие шартына және т.б. шарттарға да мемлекет қатысады.

Мемлекет мұрагер де болуы мүмкін. Мемлекет өз міндеттемелері бойынша азаматтық құқықтық жауапқа тартылуы және сотта талапкер немесе жауапкер болуы да мүмкін, яғни шарттық немесе шарттан тыс жауапкершілікке тартылады.

Мемлекеттік мүліктің құқықтық режимін; мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті және заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі акциялар мен қатысу үлестерін басқарудың құқықтық негіздерін, мемлекеттік мүлікке құқықтарға ие болудың және оларды тоқтатудың құқықтық негіздерін және мемлекеттің мемлекеттік мүлікке меншік иесінің құқықтарын және өзге де құқықтарды иеленушінің тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етілуі туралы нормалар Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында бекітілген.

Ал мемлекеттің міндеттемелік қатынастарына сатып алушы ретінде қатысу негіздері, тәртібі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңында бекітілген.

И сызбасы



Азамат Исин қылмыс жасады деп айыпталып, сотталған болатын. Біраз уақыттан кейін ол қылмысты басқа адам жасағаны дәлелденіп, Исин сот өкімі бойынша ақталып шықты. Заңсыз сотталғандығын біле тұра, ол сот өкімінде «Қазақстан Республикасының атынан» сотталды деген сөздерді ескере отырып, осы «Қазақстан Республикасынан» өзінің шеккен мүліктік шығындарын және моральдық зиянды да өтеп алмақшы болады.

Исинге қалыптасқан жағдай бойынша заңға негізделген құқықтық кеңес беріңіз.

Жауапкер ретінде ол талаптарын кімге қоя алады?

«Мемлекет – ол құқықтық фикция» дегенді қалай түсінеміз?

Азамат Умбетов өзіне тұрғын үй салу мақсатымен мемлекеттік жер қорынан берілген жер учаскесін 2 жылдан астам мерзімде игермегендіктен оған бірнеше рет ескерту жасалып, одан кейін сол жер учаскесін қайта алып қою туралы мемлекет тарапынан сотқа талап арыз берілді.

Осы жер учаскесі бойынша Исинге ескертулерді кім жасаған және сотта талапкер ретінде кім болған?

14-тақырып. Мәмілелердің түсінігі, нысандары және түрлері

Мәмілелер – ол азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әкелдіретін негізгі және өте жиі кездесетін құқықтық/юримдикалық фактілердің бірі болып танылады. Азаматтық құқықтағы мәмілелер ұғымы тұрақтандырылған және әдетті болып табылады: мәмілелер – ол азаматтық құқықтар мен міндеттерді (құқықтық қатынастарды) белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттері (ҚР АҚ 147 б.). Мәміле санатына тек қана заңды әрекеттер жатады.

Мәмілелердің саралануы оларды әр түрлі негіздер бойынша нысандар мен түрлерге бөлуден тұрады.

Мәмілелердің нысандары ауызша және жазбаша болуға мүмкін. Жалпы ереже бойынша, заңдарда арнаулы көзделмеген жағдайда, әрбір мәмілелерді ауызша жасауға болады, әсіресе жасалған кезде орындалатын/атқарылатын мәмілелерді (жасалу және орындау мерзімі бір мезетте болатын). Мәмілелерді ауызша жасау дегеніміз - ол мәмілелерді сөздермен немесе қонклюденттік әрекеттер арқылы жасау (148-бап).

Жазбаша нысандағы мәмілелер жай жазбаша және нотариалдық куәландыруды және (немесе) құқықтарды мемлекеттік тіркеуден өткізуді талап ететін мәмілелер (К сызбасын қараңыз). Жазбаша мәмілеге электрондық нысандағы мәмілелер де жатқызылады.

Мәмілелердің заңда міндетті түрде талап етілген жай жазбаша нысанын сақтамау екі қолайсыз жағдайға әкелдіреді: біріншісі – мәміленің жасалу фактісі, оның мазмұны, бағасы және т.б. жөнінде мәліметтер жөнінде дау туындаған жағдайда куәгерлік айғақтармен дәлелдеу, растау мүмкіншілігінің болмауы. Бұл шаралар кәсіпкерлік саласында жасалған және жүз есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын сомаға жасалған азаматтар арасындағы мәмілелерге қолданылады, егер ол мәмілелер жасау кезінде орындалмайтын болса (қолма-қол), орындалуы кейін көзделсе (ҚР АҚ 152, 153 б., б.).

Мәміленің жай жазбаша және мамандандырылған нысанын сақтамау нәтижесінде туындайтын екінші қолайсыз жағдай - ол оның жарамсыз деп танылуы. Мысалы: кәсіпорынды сату, кепіл туралы келісім, сыртқы экономикалық мәмілелер және т.б., заң талабы бойынша міндетті түрде жай жазбаша нысанда жасалуы қажет.

Егер азамат дене кемтарлығы, науқастығы немесе сауатсыздығы салдарынан мәмілеге өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша мәмілеге басқа азамат өзінің қолын қол қоя алады. Соңғысының қойған қолын, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, нотариус немесе сондай нотариалдық әрекет жасау құқығы бар басқа лауазымды тұлға, мәміле жасаушының өзі қол қоя алмаған себептерді көрсете отырып, куәландыруға тиіс.

Міндетті нотариалдық нысанды қазіргі кезде заң бойынша келесі мәмілелер талап етеді: өсиет; сенімхаттың үш түрі; рента шарты; шаруашылық серіктестігінің мүшелігінен шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі

(жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) туралы мәмілелер; неке шарты; алименттік келісім; суррогат ана болу туралы келісім; заң бойынша мұрагерлердің арасындағы мұрагерлікке шақырудың кезектілігін өзгерту туралы келісім; олардың мұрадағы үлестерінің мөлшерін бөлісу туралы келісімдері.

Өзге мәмілелер тараптардың біреуінің талабы бойынша; тұлғалардың келісімі бойынша, немесе біртарапты мәміле субъектінің өз қалауы бойынша нотариалдық нысанда жасалуы мүмкін.

Бұл мәмілелер үшін заң талап еткен нысанды орындамау олардың жарамсыз деп танылуына әкелдіреді.

Егер де нотариалдық куәландыруын міндетті талап ететін мәмілені тараптар жай жазбаша нысанда жасаған болса және екеуі де немесе тараптардың бірі бұл мәмілені іс жүзінде орындаған болса, ол өзінің мазмұны жағынан заңдарға қайшы келмесе және үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбаса, сот мүдделі тараптың арызы бойынша мұндай мәмілені жарамды деп тануға құқылы. Бұл ретте мәмілені кейіннен нотариалдық куәландыру талап етілмейді (154-баптың 2-тармағы).

Ал жылжымайтын мүлік жөніндегі мәмілелер бойынша пайда болған құқықтар мен ауыртпалықтар жылжымайтын мүлік Реестрінде тіркеуден өткізілуі қажет.

Мәмілелердің әр түрін сипаттап өту қажет. Мәселен, қатысушыларының санына қарай мәмілелер бір тарапты, екі тарапты және көп тарапты болады. Бір тарапты мәмілелер (ҚР АҚ-148 бабы) – ол бір тұлғаның еркіне байланысты жасалатын және басқа біреумен келісімге келуді қажет етпейтін мәмілелер (өсиет, қарызды кешіру, мұраны қабылдап алу, жариялы түрде сыйақы төлеу жөнінде үде беру, конкурс өткізу туралы хабарландыру, тендер жариялау және т. б.).

Екі және көп тарапты мәмілелер келісім шарт (шарт) деп аталады. Олардың жасалуы екі немесе одан да көп тұлғалардың келісімге келуіне байланысты болады. Мәмілелердің көбі келісім шарт болады.

Мәмілелердің басқа түрлері: реалды, консенсуалды, мерзімді, мерзімсіз, шартты, шартсыз, биржалық, сенімгерлік, каузалдық, абстрактілік, т.б. (Р сызбасын қараңыз). Әрбір түр-түрінің ұғымдарын және айырмашылықтарын білу абзал.

Көршілес тұратын Алданов пен Матаев өзара келісіп соңғысы Алдановтан соғымға жылқы алады. Ақшасын бір-екі айдың ішінде төлеп береміз деп уәде берген Матаевтар отбасы жарты жыл бойы төлей алмады. Бірнеше рет қарызды өтеуді сұрап жалыққан Алданов енді көршісімен сол үшін ұрсыса бермей, сот арқылы заңды түрде борышын өтетіп алу үшін сотқа жүгінеді.

Сот отырысында «жылқы сату туралы мәмілені жасағаныңызды мойындайсыз ба» - деген сұраққа Матаев ешқандай мәміле жасамағанын айтады, «біз тек ауызша келістік» деп түсіндіреді.

«Сатып алған жылқының құнын тиісті мерзімде төлемей, неге міндеттемені орындамадыңыз?» деген сұраққа Матаев өзіне міндеттеме жүктемегенін, бірақ жаз айларында жеміс сатудан түсетін табыстарынан Алдановтың ақшасының бір бөлігін төлеп беруді жоспарлап жүргенін айтады.


Және, жауапкердің пікірінше, Алданов екеуінің арасындағы жағдай соттың қарауына жатпайды, «бұл тек көршілік қатынастар, өзіміз шешуіміз керек» деп санайды.

Осы жағдайда мәміле жасалды ма, құқықтық салдар орын алды ма?

Қ сызбасы



Қ сызбасы



15-тақырып. Мәмілелердің жарамсыздығы

Азаматтық айналымның субъектілері мәміле жасау арқылы өздері бағыттаған құқықтық нәтижелерге (салдарға) жетуі үшін мәмілелер жарамды болуы қажет. Жарамды мәмілелердің келесі төрт ақауы болмауы тиіс: нысанының ақауы, субъектілік құрамының ақауы, мазмұнының ақауы және тараптардың еркінің ақауы. Аталған элементтердің кем дегенде біреуі жарамсыз болуы бүкіл мәміленің немесе оның бір бөлігінің жарамсыз болуына әкелдіреді. Сондықтан, мысалы: алдау, қорқыту, қанау, күш көрсету арқылы жасалған мәмілелер заң бойынша жарамсыз деп танылады.

Мәмілелерді жарамсыз деп тануға негіз болатын жалпы жағдайлар ҚР Азаматтық кодексінің 158-бабында көзделген. Сонымен бірге жалған және көз бояушылықпен, құлықпен жасалған мәмілелер де жарамсыз болып танылады (ҚР АҚ 160-б.). Көз бояушылықпен жасалған мәмілелердің кең тараған түрлерінің біріне автокөлікті сату шартының орнына, автокөлікті пайдаланып жүргізуге сенімхат беру жатады. Мұндай мәміле жарамсыз болып табылады, себебі бұл мәміленің шынайы мақсаты – екінші тараптың көлікке меншік құқығына ие болу, осы мақсат тек қана сату мәмілесінен туындайды, ал сенімхат беру мәмілесінің нәтижесінде екінші тарапқа меншік құқығы ауыстырылмайды, меншік иесі болып бірінші тарап (сенімхат беруші) қала береді.

2017 ж. 27 ақпандағы Заңға сәйкес, ҚР Азаматтық кодексіне жарамсыз мәмілелер дауланатын және маңызсыз мәмілелерге ажыратылғандығын ескеру қажет. Осыған байланысты ҚР Азаматтық кодексінің 157-бабының 1-ші тармағы келесідей өзгертілген:

«Мәміле сот оны осындай деп (дауланатын мәміле) тануына байланысты осы Кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде белгіленген негіздер бойынша не осылай тануына (маңызсыз мәміле) қарамастан, заңнамалық актілерде тікелей көзделген негіздер бойынша жарамсыз болады.

Егер мәміленің маңызсыздығы заңнамалық актілерде көзделмесе, ол даулы мәмілеге жатады.

Мәміленің маңызсыздығы туралы дау туындаған жағдайда, оның жарамсыздығын сот белгілейді».

Мәмілені жарамсыз деп тану туралы талапты мүдделі тұлға, мемлекеттік орган немесе прокурор қоюы мүмкін. Нақты жағдайларда мәмілені жарамсыз деп тануға талап қою құқығы бар тұлғалардың тізбесі Азаматтық Кодексте және (немесе) өзге де заңнамалық актілерде белгіленеді.

Мәмілені жарамсыз деп тану салдары ретінде екі жақты реституция қолданады (тараптарды бастапқы жағдайларына қайтару). Кейбір жағдайларда сот бір жақты реституцияны және ҚР АҚ 9-бабында, 157-1 бабында көзделген басқа шараларды да қолдануы мүмкін.

Қасенов Азтаевтан қарызға 1 млн теңге ақша алып, оны 6 айдан кейін қайтарып беру туралы келіседі. Бірақ келісілген мерзімде де, 1 жылдан кейін де ол қарызын қайтармады.

Азтаев оған енді сотқа жүгінуге мәжбүр болатындығы туралы ескерткенде Қасенов: қарыз алғаны туралы Азтаевта ешбір жазбаша дәлел жоқ, ал сотта ол қарызға ақша алғанынан бас тартатынын айтады.

Жағдайды саралаңыз. Азтаевтың мүлкітік құқықтарын қорғай аласыз ба?

Мамаев қылмыстық жауапкершілікке тартылып, айып тағылған бабының санкциясы бойынша оның мүлкін тәркілеу көзделген. Сот үкім шығару барысында қылмыстық жолмен тапқан табыстарының есебінен иеленген мүліктерін тәркілеуден сақтап қалу үшін Мамаев 1 айдың ішінде 5-бөлмелі пәтерін өз анасының атына сыйға тарту туралы, жеке тұрған үйін келініне сату туралы шарттар жасап, «Порш» маркалы автокөлігін нағашысының атына ауыстырып жіберді. Алайда Мамаев отбасымен сол пәтер мен жеке үйді бұрынғыша пайдалана берді, автокөлікті де өзі күнделікті мініп жүре берді, тек нағашысынан пайдалану туралы сенімхат алып, оның сақтандыру полисіне жазылды.

Сот отырысында прокурор жоғарыда аталған мәмілелердің барлығын жарамсыз деп тануды талап етті.

Прокурордың талабы қанағаттандыруға жата ма?

Жалған мәміле дегеніміз не?

Мәмілені жарамсыз деп танудың салдары қандай?

Шаруашылық жүргізу құқығымен мемлекеттік мүлікке иеленіп отырған мемлекеттік кәсіпорынның төрағасы «Айна» акционерлік қоғамымен және дара кәсіпкер Исинмен құрылтайшы шарт жасасып, жаңа коммерциялық заңды тұлға құрады. Құрылтайшы ретінде ол жаңа заңды тұлғаның жарғылық капиталына өзінің дербес балансында тұрған мемлекеттік ғимаратты жерімен береді. Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитетінің облыстық Департаменті бұл заңды тұлғаны құруды заңсыз деп табуды және ғимаратты жерімен мемлекеттің меншігіне қайтаруды талап етеді.

Мемлекеттік кәсіпорын жасасқан құрылтай шарты жарамды болып табыла ма?

Өкілетті мемлекеттік органның талабы заңға негізделген бе?

14-15-тақырыптар бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Бір тарапты мәмілеге не жатады?

1. Сыйға тарту
2. Қайырмалдық
3. Өсиет
4. Айырбас
5. Қарыз беру

2. Егер азамат жазбаша мәмілеге дене кемтарлығы, науқастығы немесе сауатсыздығы салдарынан өзі қол қоя алмаса, ол мәмілеге кім қол қоя алады:

1. Ол өзі қол қоюға міндетті, олай болмаса мәміле жасауға құқығы жоқ
2. Сол азаматтың қорғаншысы нотариустың куәландыруымен қол қояды
3. Сол азаматтың қамқоршысы қол қояды
4. Оның өтініші бойынша нотариустың куәландыруымен мәмілеге басқа азамат қол қоя алады
5. Нотариус қол қояды

3. Егер нотариалдық куәландыруды талап ететін мәміленің нысаны орындалмаса, бірақ тараптар немесе тараптардың бірі оны іс жүзінде орындаған болса, ол өзінің мазмұны жағынан заңдарға қайшы келмесе және үшінші жақтардың құқықтарын бұзбаса, ол мәміле жарамды бола ма?

1. Ол мәміленің міндетті нысаны сақталмағанына байланысты абсолютті жарамсыз болады
2. Ол мәмілені жарамсыз деп мүдделі тұлғаның ынтасымен жариялауға болады
3. Ол мәміле тек жарамды болып саналады. Бұл ретте мәмілені кейіннен нотариаттың куәландыруы талап етілмейді.
4. Ол мәмілені тараптар өз еркімен жарамды деп жариялайды. Бұл ретте мәмілені кейіннен нотариаттың куәландыруы талап етілмейді.
5. Сот мүдделі тараптың арызы бойынша ол мәмілені жарамды деп тануға құқылы. Бұл ретте мәмілені кейіннен нотариаттың куәландыруы талап етілмейді.

4. Мәміле - ол:

1. Құқықтар мен міндеттерді орнатуға, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған әкімшілік актілер;
2. Оқиғалар;
3. Азаматтар мен заңды тұлғалардың кез келген әрекеттері;
4. Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді орнатуға, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған іс-әрекеттері;
5. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері.

5. Мәміленің міндетті жай жазбаша нысанын сақтамау қандай салдарға келтіреді

1. Ол абсолютті жарамсыз болады
2. Оны жарамсыз деп сот арқылы тануға болады
3. Бұл оның жарамсыз болып қалуына әкеліп соқтырмайды, бірақ дау туған жағдайда тараптарды мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалуын куәгерлік айғақтармен растау құқығынан айырады
4. Дау туған жағдайда тараптар мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалуын куәгерлік айғақтармен растауға құқылы
5. Ол мәміле жарамды болады

6. Мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау оның жарамсыз болып қалуына қандай жағдайларда әкеліп соқтырады

- 1) Мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау кез келген жағдайларда оның жарамсыз болып қалуына әкеліп соқтырады
- 2) Ол ешқандай жағдайларда жарамсыз болып саналмайды
- 3) Заң құжаттарында немесе тараптардың келісімінде тікелей көрсетілген реттерде
- 4) Бір тараптың талабымен сот арқылы жарамсыз болып табылады
- 5) Мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау оны жарамсыз деп санау үшін елеулі кемшілікке жатпайды

7. Жалған мәміле дегеніміз

1. Заңдық салдар туғызу ниетін көздемей, тек көз алдау үшін ғана жасалған мәміле
2. Бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде жасалған мәміле
3. Өзінің еркін ықпалымен жасалған мәміле, сондай-ақ адам өзі үшін өте тиімді мән-жайлардың салдарынан жасаған мәміле
4. Екінші бір мәмілені бүркемелеу мақсатымен жасалған мәміле

16-тақырып. Өкілдік және сенімхат

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру, міндеттерді атқару және азаматтық құқықтарды қорғау, азаматтық құқық қатынастары субъектілерінің өз бетінше немесе олардың өкілдері арқылы жүзеге асырылады. Кейбір жағдайларда заң азаматтық құқық қатынастарына тек өкілдер арқылы қатысуды талап етеді. Бұл – міндетті, заңды өкілдік деп аталады. Мысалы, кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз тұлғалар атынан азаматтық айналымға олардың заңды өкілдері қатысуы тиіс – ата-аналары, қамқоршылары немесе қорғаншылары. Міндетті өкілдік заң негізінде, сот шешімі, немесе әкімшілік актісі негізінде туындайды. Ерікті, келісім шарттық өкілдік - тапсырма шарты негізінде немесе сенімхат бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Шарттық өкілдіктің ерекше түрі - ол коммерциялық өкілдік (ҚР АҚ 166-б.)

«Өкілдік» құқық институтын заңды тұлғаның өкілдігімен шатастыруға болмайды. Заңды тұлғаның өкілдігі – ол оның орналасқан жерінен тыс жерлерде қызмет ететін, заңды тұлғаның мүдделерін қорғап жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық әрекеттерді жасайтын, **құрамды бөлімшесі**.

Ал **өкілдік институты** – ол сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне немесе әкімшілік құжатқа негізделген құзіретімен бір тұлғаның (өкілдің) екінші тұлғаның (өкілдік берушінің) атынан жасаған мәмілесі негізінде өкілдік берушіде азаматтық құқықтар мен міндеттердің тікелей туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әкелдіретін **құқықтық қатынас**. Азаматтық құқықтағы өкілдік институтының тараптары: өкіл және өкілдік беруші (сенім беруші) деп аталады (ҚР АҚ 163 б.). Өз сипатына қарай өкіл арқылы емес, тұлғаның өзімен ғана жасалатын мәмілелер де заңда көзделеді (өсиет және т.б.).

Сонымен бірге күнделікті өмірде ешбір заңды негізсіз, бір тұлға екінші тұлғаның атынан және оның мүддесі үшін оның заңды өкілі болмастан мәміле жасайтын өмірлік жағдайлар да болады. Бұл жағдайлар азаматтық құқық саласында өкілеттілігі жоқ өкілдік деп аталады (ҚР АҚ 165-б.).

Сенімхат

Сенімхат дегеніміз – ол бір тұлға (сенім білдіруші) өз атынан екінші тұлғаға (сенім білдірілген өз өкіліне) беретін және оның құзіретін растайтын жазбаша құжат – үәкілдік, өкілдік (ҚР АҚ 167-б., 1 т.), ол біржақты мәмілелерге жатады. Азаматтық айналымдағы сенімхаттың ерекше маңыздылығына қарай, оның ұғымын, нысандарын, түрлерін және реквизиттерін білу қажет. Манызды реквизиттерінің бірі - ол сенімхаттың берілген күні, сондықтан берілген күні көрсетілмеген жағдайда сенімхат жарамсыз болып танылады.

ҚР Азаматтық кодексі бойынша сенімхаттың ен ұзақ әрекет ету мерзімі – 3 жыл. Егер сенімхатта оның жарамды мерзімі көрсетілмесе, ол берілген күнінен бастап бір жыл бойы жарамды болады.

Келесі сенімхаттар нотариалдық куаландыруды қажет етеді:

1) басқа тұлғаның мүлкін басқаруға берілген сенімхат;

2) нотариалдық куәландыруды қажет ететін әрекеттерді жасауға берілген сенімхат;

3) қайта сенім арту (сенім ауыстыру) мақсатында берілген сенімхат (АК 167 б. 2 т., 169 б. 2 т.).

Сонымен бірге, нотариалдық куәландырылатын сенімхаттарға АК 167-б. 3-тармағына сәйкес, келесі сенімхаттар **теңестіріледі**:

- әскери-емдеу мекемелерінде емдеуде жатқан әскери қызметкерлердің сол мекемелердің басшыларымен, емдеу бөлімшелерінің орынбасарларымен, бас немесе кезекші дәрігерлерімен кұәландырылған сенімхаттары;

- әскери қызметкерлердің әскери бөлімшелерінің, бірлестіктерінің, мекемелерінің басшыларымен (командирлерімен) кұәландырылған сенімхаттары (нотариустар жоқ жерлерде);

- бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының басшыларымен кұәландырылған сенімхаттары;

- халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде тұрып жатқан кәмелетке толған әрекетке қабілетті азаматтардың сол мекемелердің бастықтарымен немесе халықты әлеуметтік қорғау органдарымен кұәландырылған сенімхаттары.

Өзге сенімхаттар жай жазбаша нысанда жасалуы мүмкін.

Сенімді ауыстыру заң шегінде және заңда көзделген жағдайларда ғана мүмкін болады (ҚР АК 169-б.) Осылайша, сенім ауыстыруға уәкілдік берілген не сенім білдірушінің мүдделерін қорғауға мәжбүр болған ретте ғана өкіл осы әрекеттерді жасау сенімін басқа тұлғаға аудара алады.

Сенімхатты берген кезде өкілдің кұзіретінің көлеміне/мөлшеріне ерекше назар аудару қажет.

Мәмілелердің саралануына қарай, сенімхат бір жақты және мерзімді мәмілелерге жатады.

Сенімхаттар: басты, арнайы және бір мәрте берілетін болып бөлінеді. Сенімхаттың тоқтатылу негіздері заңда көзделеді (ҚР Азаматтық кодексінің 170-бабы). Мысалы, бұл біржақты мәміле болғандықтан, сенім білдіруші кез келген кезде сенімхаттың әрекет етуін жоюға кұқылы. Және сенім білдіруші жеке тұлға қайтыс болғанда, ал заңды тұлға таратылғанда сенімхаттың кұші жойылады.

Азаматша Арынова өзінің бөгде жасқа келген әкесінің меншігіндегі пәтеріне қатысты коммуналдық қызметтерді көрсету бойынша келісім шарттарды жасасу үшін сумен, электр қуатымен және жылумен қамтамасыз ететін ұйымдарға келеді.

Бұл ұйымдар Арыновамен шарт жасасудан бас тартады, себебі оның өкілеттілігін растайтын құжаты болмады. Арынова болса, өзінің тууы туралы куәлігін көрсетіп, ол әкесінің заңды өкілі болып табылатынын, сондықтан оған өкілеттілігін растайтын еш өзге құжат қажет еместігін келтіреді.

Заңды өкілеттілік дегеніміз не? Ол қандай тұлғаларға қатысты қолданады?

Арынова өз әкесінің тұған қызы болғанымен, оның заңды өкілі болып таныла ма?

Әкесінің мүдделерін үшінші тұлғалардың алдында білдіру үшін ол қандай құжат табыстау керек?

Арынова мен коммуналдық қызмет көрсетуші ұйымдардың дәйектерін саралап, дұрыс жауап беріңіз

«Ақтас» ЖШС-ң директоры Қабаев «Қанат» акционерлік қоғамынан бос тұрған ғимаратты сатып алу туралы келісім шарт жасасып, оны нотариалды рәсімдеуге келеді. Төлқұжаттарымен қоса, нотариус тараптардан өкілеттіліктерін растайтын құжаттарын сұрады. Қабаев ЖШС-ң Жарғысын ұсынды, ал акционерлік қоғамның өкілі өзін президент лауазымына тағайындау туралы бұйрықты ұсынды. Нотариус бұл құжаттар жеткіліксіз деп танып, қосымша құжаттар талап етті.

Нотариустың талабы заңға негізделген бе?

Қабаев нотариусқа өзінің сатып алу –сату шартын жасауға құқылы екендігін растайтын қандай құжатты тапсыру керек?

Акционерлік қоғамның президенті қандай құжатпен өз өкілеттілігін растайды?

Бұл жағдайда өкілеттіліктің қандай түрі орын алған?

Егер директор мен президенттің орнына екі заңды тұлғаның заңгерлері келсе, шешімдеріңіз өзгере ме?

16-тақырып бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Сенімхат ең ұзақ қандай мерзімге беріледі:

- 1) 3 жыл;
- 2) 3 жыл, егер Азаматтық кодекспен өзге көзделмесе;
- 3) 3 жыл, егер өзге заңды актілермен өзге белгіленбесе
- 4) 6 жыл;
- 5) 10 жыл;

2. Нотариалды куәландырылған сенім хатқа қандай куәландыру теңестіріледі?

- 1) Сенім білдірушінің оқу орнының басшысымен, Қаржы полициясы академиясы бастығымен куәландырылған
- 2) Сенім білдіруші жұмыс істейтін орнының мекеме бастығымен куәландырылған
- 3) Сенім білдірушінің тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй пайдалану ұйымның бастығымен куәландырылған
- 4) Әскери бөлімнің командирі, бас бостандығынан айыру орнының бастығы, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінің басшылары куәландырылған
- 5) Сенімхат білдірілген тұлғаға, сенім ауыстыруға әрекет жасауға, бұған өкілеттілігі бар басқа тұлға куәландырылған

3. Өкілдіктің негізі бойынша түрлері қандай болады:

- 1) әкімшілік актілерге негізделген өкілдік;
- 2) Барлық көрсеткендер жатады
- 3) Заңға негізделген өкілдік;
- 4) Келісім шартқа негізделген өкілдік.
- 5) Сенімхатқа негізделген өкілдік

4. Өкілдіктегі субъектілерді атаңыз:

- 1) өкілдік беруші,
- 2) өкіл;
- 3) Үшінші тұлға;
- 4) Заңды өкіл
- 5) Барлық көрсетілгендер

5. Коммерциялық өкілдік

- 1) Кәсіпкерлер шарт жасасқан кезде олардың тек әрқайсысының жеке атынан үнемі және дербес өкілдік
- 2) Кез келген сенімхатқа негізделген өкілдік
- 3) Кәсіпкерлер шарт жасасқан кезде олардың атынан үнемі және дербес өкілдік етіп сонымен бір мезгілде өзінің қатысуымен жасалатын шарттың түрлі тараптарының мүдделерін білдіре алатын тұлғаның өкілеттілігі
- 4) Тек арнайы нотариалдық нысанда жасалған сенімхатқа негізделген өкілдік.
- 5) Кәсіпкерлер шарт жасасқан кезде олардың атынан үнемі және дербес өкілдік етіп сонымен бір мезгілде өзінің қатысуымен жасалатын шарттың түрлі тараптарының мүдделерін білдіре алмайтын тұлғаның өкілеттілігі

6. Сенімхаттың белгілерінің арасында ең маңыздысы қайсысы?

- 1) Пайдалану мерзімі
- 2) өкілдің күзiретi
- 3) берiлген уақыты
- 4) атауы
- 5) өкіл берушінің қолының түпнұсқасын растайтын мөр белгісі

7. Сенімхат дегеніміз:

- 1) Бір адамның /сенім білдіргіш/ өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға /сенім танушы/ берген жазбаша уәкілдігі;
- 2) Бір тұлғаның /сенім білдірушінің/ өз атынан өкілдік ету үшін екінші тұлғаға /сенім білдірілген тұлғаға/ берген жазбаша уәкілдігі;
- 3) Бір адамның /сенім білдірушінің/ өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға /сенім білдірген /берген ауызша уәкілдігі;
- 4) Сенім білдіруші көрсетілген кез-келген құжат;
- 5) Сенім білдірген кез келген құжат.

17-тақырып. Азаматтық құқықтағы мерзімдер

Мерзімдер дегеніміз – ол оқиғаларға жататын құқықтық/юримдикалық фактілердің бір түрі. Басқаша айтқанда, *басталуы немесе өтуі белгілі бір құқықтық салдар туғызатын уақыт кезеңі, мезеті азаматтық құқықта мерзім деп аталады*. Мерзімнің маңыздылығы келесіде болады: ол азаматтық айналымды (өрістікті) тәртіпке келтіреді, құқықтық қатынастарды анықтайды, азаматтық құқық қатынастарының қатысушыларын тәртіпке шақырады. Яғни, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру, міндеттерді атқару және азаматтық құқықтарды қорғау белгілі бір уақыт кезеңінде, мезеттерінде жасалуы қажет. Заңдарда «мерзім» деген терминнің анықтамасы берілген жоқ, ол доктриналдық (ғылыми) анықтамалардың бірі.

Азаматтық айналымда мерзімнің **басталу** мезетін, мерзімді есептеу тәртібін және мерзімнің аяқталуын білген аса маңызды болады. ҚР АҚ 172 б. сәйкес, заңдармен бекітілген, мәмілемен немесе сотпен тағайындаған мерзім күнтізбелік күнмен немесе сөзсіз болуға тиісті оқиғаға нұсқау арқылы белгіленеді. ҚР АҚ 173-б. бойынша, уақыт мезетімен белгіленген мерзімнің есептелуі оның басталуын белгілейтін оқиға болған кезден немесе күнтізбелік күннің **келесі күні** басталады.

Мерзімнің **аяқталуы** туралы ережелер АҚ 174-ші бабында келтірілген. Осы баптың нормаларына орай, мысалы, жылдармен есептелетін мерзім белгіленген мерзімнің соңғы жылының тиісті айы мен күнінде бітеді. Ал жарты жылмен есептелетін мерзімге айлармен есептелетін мерзімнің ережелері қолданылады. Айлармен есептелетін мерзім өз кезегінен мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде бітеді, ал жарты аймен белгіленетін мерзім күндермен есептелетін мерзім ретінде қаралады да, он бес күнге тең болып есептеледі. Егер айлармен есептелетін мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келсе, мерзім сол айдың соңғы күнінде бітеді. Мысалы, 29 немесе 30 желтоқсаннан екі айлық мерзім тиісінше 29-30 ақпанда аяқталуы тиіс, бірақта ақпан айы көбінде 28 жұлдызымен аяқталады да әрбір төрт жылда 29 жұлдызымен аяқталады. Мұндай жағдайда ақпан айының күнтізбелік соңғы күні мерзімнің нақты соңғы күні деп саналады.

Азаматтық қатынастарда мерзімдер тоқсандармен де белгіленуі мүмкін, бұл жағдайда осы мерзімге айлармен есептелетін мерзімнің ережелері қолданылады, яғни бір тоқсан үш айға тең деп есептеледі, ал тоқсандарды есептеу жыл басынан бастап жүргізіледі.

Апталармен есептелетін мерзім мерзімнің соңғы аптасының тиісті күнінде бітеді.

Мерзімнің соңғы күні жасалатын әрекеттерді жасау тәртібін заң арнайы белгілейді, бұл жөнінде ҚР АҚ 176-бабының нормаларын мұқият талдап білу қажет.

Мерзімдер түрлері: азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімі, міндеттерді атқару мерзімдері, субъективтік құқықтарды қолдану мерзімі,

азаматтық құқықтарды қорғау мерзімі (талап қою), кепілдік мерзімі, наразылық жасау мерзімі, жарамдылық мерзімі, қызмет ету мерзімі; заңды, шарттық, соттық және т. б. мерзімдер (Л сызбасын қараңыз). Әрбір мерзім түрінің сипаттамасын беру керек. Мысалы, тамақ өнімдеріне қатысты жарамдылық мерзімдері қолданылады, олар сақталмағанда тамақ өнімдерін сатушы жауаптылыққа тартылуы мүмкін; соттық мерзім сот ұйғарымымен/шешімімен белгіленеді; шарттық мерзім тараптардың өздерінің келісімімен шартта белгіленеді, және т.б.

Азаматтық құқықтарды қорғау үшін бекітілген аса маңызды мерзімдердің бірі - ол **талап қою мерзімі**. Заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар үшін жалпы талап қою мерзімі - үш жыл (АК 178-б.)

Талап қою мерзімінің басталуы тұлғаға оның құқығының бұзылғаны туралы белгілі болған күннен, немесе білуге тиіс болған күннен бастап есептеледі (АК 180-б.).

Заңдарда қысқартылған немесе ұзартылған арнаулы талап қою мерзімдері бекітілген. Мысалы: жүк тасымалдау шарты бойынша талап қою мерзімі – бір жыл, ал жолаушылар тасымалдау шарты бойынша – алты ай болады (2001 жылы 8 желтоқсанда қабылданған ҚР «Темір жол көлігі туралы» Заңының 93-б.). Бұл мерзімді өткізіп алу - нұқсан келген немесе дау туғызған құқықты қорғау құқығынан айрылуға әкелдіреді. Азаматтық кодекс бойынша, жоғарыда аталған ережені сот шешім шығарғанға дейін жасалған дауға қатысушы мүдделі тараптың мәлімдемесі бойынша ғана қолданады (ҚР АК 179-б., 2 т.).

Себепті негіздер болған жағдайда талап қою мерзімін қалпына келтіру (қайта жаңғырту) (185-б.), тоқтата тұру (182-б.) және үзу (183-б.) мүмкіншіліктері көзделеді. Осы үш мүмкіншіліктің әрбіреуінің негіздері аталған баптарда көзделген, оларды болашақ заңгер білуге абзал.

Мысалы, талап қою мерзімнің өту барысында үзіліс болған жағдайда үзілістен кейін талап қою мерзімінің өтуі қайтадан басталады; үзіліске дейін өткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді. Ал мұндай үзіліс қолдану үшін келесі негіздер болу керек: белгіленген тәртіппен сотта талап қою, тараптардың медиация туралы шарт жасасуы, сондай-ақ борышкер қарызын мойындауы немесе міндеттерді мойындағандығын дәлелдейтін өзге де әрекеттер жасауы.

Талап қою мерзімінің өтіп кетуі қолданылмайтын құқықтық қатынастардың тізімі АК 187-бабында бекітілген, яғни осы бапта көзделген талаптар бойынша бес, он, жиырма және т. б. жылдар өткеннен кейін де талап қою беруге болады, бұл құқықтар едәуір мерзім өткеніне қарамастан қорғалуға жатады: материалдық емес игіліктер мен мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғау туралы талаптар; салымшылардың банктерден банктік салымдарды қайтарып беру туралы талаптары; азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптар; негаторлық талаптар.

Л сызбасы



Келісім шарт бойынша дара кәсіпкер Исаев сатушыға ақшалай төлемді оның банктік шотына әр айдың 20-нан кешіктірмей аударып туруға міндеттенген. Әрбір кешіктірген күнтізбелік күн үшін ол төлеуге тиесілі соманың 10 пайызы көлемінде айып төлеуді бекіткен. Наурыз айында 19-20 жұлдызы сенбі-жексенбі күндеріне келді, ол күндері банкте демалыс болды. 21 наурызда Исаев банкке тек түстен кейін келіп, тиесілі 1 млн теңгені аударды, ал сәуір айында оған сатушыдан наразылық хат келіп түсті. Бұл хатта сатушы Исаевтан 500 мың теңге айып төлеуді талап етті.

Сатушының талабы заңды ма?

Банктік мерзімдер және мерекелік күндер осы жағдайға әсер етті ме?

Жауабыңызды толық негіздеңіз.

Құрылыс фирмасы аудандық орталықта құрылыс жұмыстарын жасау барысында трактормен жер қопарып, аудандық байланыс кәсіпорнына тиесілі байланыс жүйесін үзіп, едәуір қаржылай шығын келтіреді.

Байланыс кәсіпорны келтірілген шығындарды есептеп, ол туралы ресми Акті жазып, екі жақтың өкілдерінің қолдарын қойғызып, бір данасын зиян келтіруші құрылыс фирмасының өкіліне тапсырады.

Құрылыс кәсіпорны өзінің кінәсін мойындай отырып, тиісті қаржы сомасы болғанда оны өтеуді уәде береді.

Ұзақ уақыт бойы осы екі заңды тұлғаның қаржылық бөлімдері және өндіріс саласында қызмет ететін мамандары өзара телефон шалысып, жиі-жиі бірімен бірі шығындарды өтеу бойынша сөз көтеретін. Борышкер міндетін орындаудан бас тартпайтын.

Осындай ауызша келісулермен үш жылға таяу уақыт өткен соң кредитор борышкер өз еркімен борышын өтемейтініне көзі жетіп, сотқа талап арыз дайындайды. Тиісті құжаттарды дайындап, мемлекеттік баж төлеп, талап арызды береді. Сот отырысында борышкердің өкілі талап қоюшының талабы даусыз болғанымен, талап қою мерзімін өткізіп алғанын ескеруді қажет екендігін мәлімдейді.

Сот қандай шешім шығару керек?

17-тақырып бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1.Талап қою мерзімі тоқтатыла тұруына қандай жағдай негіз бола алмайды

- 1) Талапкердің ұзақ демалыста шетелде болуы немесе әрекет қабілеттігі жоқ адамның заңды өкілі болмауы;
- 2) Егер талап қоюға төтенше не бой бермейтін күш кедергі жасаса;
- 3) Міндеттемелердің бұл түрін орындау Қазақстан Республикасының Президентінің жариялауымен кейінге қалдырылуына байланысты (мораторий)
- 4) Егер талапкер немесе жауапкер соғыс жағдайына көшірілген әскери бөлімшелер құрамында болса;
- 5) Тиісті қатынасты реттейтін заңдардың қолданылуын тоқтату

2. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе:

- 1) Мерзім белгісіз уақытқа ұзарған болып танылады;
 - 2) Содан кейінгі ең таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып танылады;
 - 3) Мерзімнің өтуі қайтадан басталады;
 - 4) Мерзімнің өтуі тоқтатыла тұрады;
- Мерзім 5 жылға дейін ұзарады

3.Талап қоюдың жалпы мерзімін тараптар өзара келісім арқылы өзгерте ала ма?

- 1) Ия, егер заңда ол туралы тікелей көзделсе
- 2) Жоқ, өзгерте алмайды
- 3) Ия, келісіммен талап қою мерзімін өзгертуге болады
- 4) Шарттарда бекітілген болса
- 5) Тек сот арқылы өзгерте алады

4. Талап қою мерзімінің тоқтатыла тұруына төтенше жағдай немесе бой бермейтін күш негіз бола ала ма?:

1. Жоқ
2. ҚР Президенті жария түрде хабарласа
3. Сот шешімімен бекітілсе
4. Бола алады
5. Жергілікті органдар шешімімен бекітілсе

5. Талап қою мерзіміндегі үзіліс ол мерзімінің өтуін:

1. Соңғы 6 айда орын алса қайтадан басталады
2. Мерзім әрі қарай жалғасады
3. Жаңадан бастайды
4. Үзіліске дейінгі мерзім жаңа мерзімге есептеледі
5. Тоқтатады

6.Төмендегі жағдайлардың қайсысы талап қою мерзімін тоқтата тұруға негіз болмайды:

1. Егер талап қоюға төтенше және бұл жағдайда бой бермейтін күш кедергі жасаса;
2. Міндеттемелердің бұл түрін орындамау ҚР Президенті мораторий жариялауына байланысты болса
3. Талапкердің жеке басына байланысты мән-жайлар (ауыр науқас, дәрменсіз халде болу, сауатсыздық және т.б.)
4. Егер талапкер немесе жауапкер соғыс жағдайына көшірілген әскери бөлімшелер құрамында болса;
5. Егер әрекет қабілеттігі жоқ адамның заңды өкілі болмаса

7. Талап қою мерзімі төмендегі жағдайлардың қайсысына қолданылады?

1. Материалдық емес игіліктер мен мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғау туралы талаптарға;
2. Келісім шарт бойынша сатып алушы оған берілген тауардың бағасын келісілген мерзімде төлемегені туралы талаптарға;
3. Салымшылардың банкіден банктік салымдарды беру туралы талаптарына;
4. Азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптарға

8.Алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілені жарамсыз деп тану үшін талап қою мерзімі қандай?

1. Бір ай
2. Бір жыл
3. Алты ай

18-тақырып. Заттық құқықтар туралы жалпы ұғымдар, олардың белгілері

Заттық құқықтар – ол еліміздің азаматтық құқығының дербес салашығы (объективтік тұрғысынан), отандық құқық ғылымында заттық құқықтардың саралануы әлі де толық деңгейде зерттеліп болмаған. Қазақстандық цивилистердің пікірі бойынша, субъективтік заттық құқықтардың белгілеріне келесілер жатады:

- ол заңмен бекітілген абсолюттік мүліктік құқық;
- оның объектісі – дара белгілермен анықталған зат;
- оның арнайы заттық-құқықтық қорғау құралдары бар;
- бұл құқық иелерінің иелену, пайдалану немесе билік ету (барлығы толық түрде немесе әрқайсысы бөлек, толық мөлшерде немесе жартылай) өкілеттіктері бар;

- заттық құқық иесіне затқа тікелей әсер ету мүмкіндігін беретін, затқа ілесе жүретін және артықшылық сипаттамалары бар құқық¹.

Ғалымдар заттық құқықтардың жоғарыдағыларға қоса тағы бір-екі белгісін атайды, ал азаматтық құқық теориясында кепіл құқығын да, аренда (жалға алу) құқығын да заттық құқықтарға жатқызу жөнінде әртүрлі даулы пікірлер айтылады.

Заттық құқықтарды екі топқа бөлуге болады:

- тұлғаның өз заттарына құқық; ол абсолюттік құқық деп те аталады, бұл топқа меншік құқығы жатқызылады;

- бөтен тұлғалардың заттарына құқықтар; бұлар «шектелген», немесе «өзге де» заттық құқықтар деп аталады (ҚР Азаматтық кодексінің 195-бабы).

Кез келген субъективтік заттық құқықтың мазмұнында өзінің немесе бөтеннің мүлкін иелену, пайдалану, билік ету қабілеттіліктері болуы мүмкін. Осы «үштіктің (триаданың)» тұлғаға тиесілі саны, әрбіреуінің көлемі бойынша заттық құқықтар түр-түрлерге сараланады.

Міндеттемелік құқық азаматтық құқықтық қатынастардың динамикасын қарастыратын болса, заттық құқық салашығы сол қатынастардың статикасын бекітіп, айқындайды. Яғни, заттық құқық иелері мүдделерін өз іс-әрекеттері арқылы қанағаттандырады, ал міндеттемелік құқық саласында құзыретті тұлғаның мүдделерін қанағаттандыру ең алдымен міндетті тұлғаның іс-әрекеттері нәтижесінде орын алады.

Мүліктік құқықтарды қорғау барысында заттық құқықтар міндеттемелік құқықтармен салыстырғанда артықшылыққа ие болады.

¹Вещные права в Республике Казахстан (отв. ред. М.К. Сулейменов). – Алматы: Жеті Жарғы, 1999 ж.

19-тақырып. Меншік құқығының түсінігі, мазмұны, нысандары және түрлері

Заттық құқықтар жүйесінде өз мүлкін және мүліктік құқықтарын иелену, пайдалану және билік ету құқықтарының жиынтығы ретінде басты орынды меншік құқығы алады. Аталған үш қабілеттілік - иелену, пайдалану және билік ету – меншік құқығының мазмұнын құрайды және заттық құқықтарды зерттеуде негізге алынады. Меншік құқығы иесінде аталған қабілеттердің барлығы бірқатардан және толық мөлшерде болады.

Меншік құқығының және оның үш элементінің ұғымы ҚР АҚ 188-бабында келтірілген. *Меншік құқығы – ол субъектінің заң актілері арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену (иемдену), пайдалану және оған билік ету құқығы.*

Осыған байланысты объективтік мағынадағы мен субъективтік мағынадағы меншік құқықтарын бір бірінен айыра білген жөн (188-б.), оған қоса «меншік» атауын экономикалық санат ретінде, ал «меншік құқығы» – құқықтық санат ретінде қолданатындығын да ескере білген жөн.

Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету. Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың (кіріс, өсім, жеміс, төл алу және т.б.) заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Ал билік ету құқығы - ол мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі, яғни өзіне тиесілі мүлікті иеліктен шығару – сату, сыйға тарту, айырбастау, рентаға беру.

Осы тақырыпты игеруде Конституциямыздың 6-бабының 2-тармағындағы және Азаматтық кодекстің 188-бабының 4-тармағында бекітілген нормаларды ескеру қажет. Нақтылай келсек, меншік тек қана құқықтар емес, сонымен қатар міндеттерді де жүктейді, меншік құқығындағы мүлікті пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс; заңдарда меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері де белгіленеді.

Меншік құқығының нысандары ҚР Конституциясында және Азаматтық кодексте бекітілген: олар мемлекеттік және жеке меншік болып танылады (АҚ 191-б., 192-б.). Өзге саралаудың барлығы меншік құқығының түрлеріне арналған (М сызбасын қараңыз).

Мемлекеттік меншік құқығы республикалық және коммуналдық меншікке бөлінеді (И сызбасы). Жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Және де жер заң актілерінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы да мүмкін.

Коммуналдық меншік жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару деңгейлері бойынша: облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың; аудандық (облыстық маңызы бар қала); аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігі) болып бөлінеді.

Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке меншікке азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің меншік құқығы жатады. Жеке меншікте болатын мүліктің саны мен құны шектелмейді.

Меншік құқығы иелерінің саны бойынша дара және ортақ меншік құқықтары ажыратылады.

Меншік құқығының түрлері ішінде басты орындардың бірін ортақ меншік құқығы алады, ол: ортақ үлестік және ортақ бірлескен меншік құқығы болып бөлінеді (АК 209-б.).

Ортақ меншік құқығы дегеніміз – ол екі немесе бірнеше тұлғалардың меншігінде болатын мүлікке деген құқығы. Ортақ меншік құқығы екі немесе одан көп тұлғаға бір бөлінбейтін мүлік меншік құқығында тиесілі болғанда, бірнеше тұлғалардың өзара келісімдері бойынша немесе заңда нақты көзделген жағдайларда пайда болуы мүмкін.

Ортақ үлестік меншік құқығы азаматтық өріске қатысушылардың барлығында болуы мүмкін, ал ортақ бірлескен меншік қатысушылардың үлестері алдын-ала белгіленбеген жағдайда туындайды. Ортақ бірлескен меншікте болатын мүлік түрлері императивті әдіспен заңда көзделеді (ҚР АК 219-б.): жекешелендірілген тұрғын үйге деген ортақ бірлескен меншік, ерлі зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі және шаруа қожалығының мүлкіне ортақ бірлескен меншігі. Егер осы мүліктердің иелері заңда белгіленген құқықтық режимді тиімсіз деп санайтын болса, олар келісім шарт жасасу арқылы (неке шартын, шаруа қожалығын құру шартын) ортақ бірлескен меншік құқығын меншік құқығының өзге түрлеріне өзгертуге құқылы; мысалы, ортақ үлестік меншік құқығына, дара меншік құқығына.

Ортақ үлестік меншік құқығының бір түрі – кондоминиумға кіретін пәтерлердегі ортақ пайдаланудағы орындарға деген пәтер иелерінің ортақ меншігі. Ортақ меншік заңды тұлға құрмастан жай серіктестік шартын жасау негізінде де пайда болуы мүмкін. Заңды тұлға құрмастан ортақ меншік негізінде әрекет ету мысалы: ол консорциум және шаруа қожалығын құру (ҚР АК 12-тарауы).

Ортақ меншік қатысушыларының ортақ меншік объектісін пайдалану және басқару құқықтары тең болып танылады және қатысушылардың келісімі бойынша жүзеге асырылады (АК 213-б.). Ортақ меншік иелерінің бірі өз үлесін бөліп алып, оны сатуға немесе айырбастауға ниет білдірген жағдайда, өзге меншік иелерінің сатылатын үлесті сатып алуға басым құқығы бар екенін ұмытпау қажет (АК 216-б.).

Меншік иелерінің және өзге де заттық құқықтар иелерінің құқықтарын бекітумен қоса, заңда олардың міндеттері де, ауыртпалықтары да бекітіледі, соның ішінде: мүліктің кездейсоқ жойылу және бүліну қаупі, меншік ауыртпалығын көтеру міндеті (АК 189-б., 190-б.).

Студент Асанов курстас досының үйіне келіп жүріп, бірнеше рет оның екі-үш ноутбуктары бар екенін байқады. Осы жолы да 3 ноутбук тұр екен. Өзінің жеке осындай құралы болмағандықтан Асанов досынан үш ноутбуктың біреуін оған жарты жылға пайдалануға беруді сұрайды. Бірақ досы оған бұлардың біреуін де бере алмайтындығын айтып, бір ноутбук шет елге «Болашақ» бағдарламасымен оқуға кеткен ағасынікі екендігін, ол оны пайдалануға тыйым салғанын; екінші ноутбукті бір ай бұрын кепілдік жөндеуге беріп, бүгін ғана алғанын; ал үшінші ноутбукті өзінің ноутбугін жөндеуге берген уақытқа сол компьютерлік фирмадан жалға алғанын түсіндіреді.

Асановтың досының иелігіндегі үш ноутбуктың әрқайсысына қатысты иелену, пайдалану және билік ету қабілеттіліктерінің бар-жоғын, көлемін, санын саралаңыз.

Меншік құқығы Асановтың досында неше ноутбукке қатысты бар екен?

Асанов досына «үш ноутбуктің біреуін де пайдалануға бермеді» - деп ренжуге негіз бар ма?

«Орда», «Самал» және «Айқын» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер консорциалдық шарт жасасып, ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігі тарабынан мемлекеттік сатып алу жөнінде жарияланған конкурсқа қатысу үшін осы консорциумның атынан тиісті құжаттамаларын тапсырады.

Бірақта тендер ұйымдастырушы мемлекеттік орган консорциумды әлеуетті өнім берушілердің санынан шығарып тастады, оның себебін: консорциум заңды тұлға ретіндегі құжаттары тапсырылмаған деп негіздеді.

Консорциум дегеніміз не?

Жауапты дайындау үшін ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2-бабын қараңыз.

Қалыптасқан жағдайды талдаңыз.

20-тақырып. Шектелген заттық құқықтар

Меншік құқығынан өзге заттық құқықтар – бөтеннің (басқа, өзге тұлғаның) мүлкіне деген құқықтар (шектелген заттық құқықтар), себебі бөтен біреудің мүлкіне қатысты кез келген субъектіде жоғарыда аталған үш субъективтік құқық – иелену, пайдалану және билік ету – толық емес (шектеулі) көлемде болады немесе үшеуі де бірқатар болмайды. Сондықтан олар шектелген/шектеулі заттық құқықтар деп аталады.

Меншік құқығынан кейін, көлеміне қарай заттық құқықтардың жүйесінде екінші орында шаруашылық жүргізу құқығы орналасады. Ол өзіне мемлекет берген мүлікке деген мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы, яғни азаматтық заңнамада бұл заттық құқық тек қана бір субъектіге қатысты бекітілген. Бұл заттық құқықтың шектеулері ҚР АҚ 200-бабында аталған. Шаруашылық жүргізу құқығының объектісі ретінде кез келген мүлік бола алады. Аталмыш заттық құқық мемлекеттік кәсіпорында мүлікті дербес балансына бекіткен кезде пайда болады. Қызметін шаруашылық жүргізу құқығында жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттің өкілетті органының келісімінсіз өзіне тиесілі ғимараттарды, жабдықтарды және басқа да негізгі қорларын өзге тұлғаларға сатуға, айырбастауға, үш жылдан астам мерзімге жалға беруге құқығы жоқ; филиалдар және еншілес кәсіпорындар құруға, жеке кәсіпкерлермен бірге кәсіпорындар мен өндірістер құруға, олардың қорына өзінің өндірістік және ақша капиталын салуға құқығы жоқ, оған тиесілі акцияларға, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге; заемдар беруге; үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдеме немесе кепілдік беруге құқығы жоқ.

Көлеміне (деңгейіне) қарай үшінші орында – оралымды басқару (жедел басқару) заттық құқығы болады. Ол меншік иесі берген мүлікке деген қазыналық кәсіпорындардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің өздеріне құрылтайшыларымен берілген мүлікке заттық құқығы. Аталған субъектілердің өздеріне бекітіліп берілген мүлікке деген иелену, пайдалану және басқару құқықтарының шектеулері одан да көп, олар ҚР АҚ 202-206 баптарында бекітілген. Бұл шектеулер аталмыш заттық құқықтың ұғымынан бастап белгіленеді.

Нақтылай келсек, оралымды басқару құқығындағы заңды тұлғалар меншік иесінің қаражаты есебінен қаржыландырылады; құрылтайшысы (меншік иесі) берген мүлікті иелену, пайдалану және билік ету тек өз қызметінің мақсатына, мүліктің мақсатына сәйкес болу қажет және меншік иесінің тапсырмаларына сай болу керек. Мемлекет немесе өзге меншік иесі болып табылатын құрылтайшы бұл заңды тұлғаларды құру, олардың қызметінің мәні мен мақсаттарын белгілеу мәселелерін өзі шешеді, заң жүзіндегі тағдырын, олардың қызметінің мазмұнын құрылтайшысы өзі белгілейді; берген мүлікті тиімді пайдалануы мен сақтауына бақылау жасайды; құрылтайшы ол мүлікті қайтарып алуға, не болмаса өзі құрған басқа заңды тұлғалардың арасында өз қалауы бойынша қайта бөлуге құқылы.

Мемлекеттік қазыналық кәсіпорын және мемлекеттік мекеме өздерінің міндеттемелері бойынша тек қана өз билігіндегі ақшамен жауап береді.

Жерді пайдалану құқығы жер қойнауын пайдалану құқығы сияқты, ҚР АҚ-пен қоса, жер туралы және жер қойнауын пайдалану туралы арнайы заң актілерімен реттеледі.

Жер пайдалану құқығы дегеніміз - ол тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге (тұрақты жер пайдалану, 49 жыл) немесе белгілі бір мерзім ішінде (уақытша жер пайдалану) иелену және пайдалану құқығы. Тұрақты жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға тиесілі болмайды.

Жер пайдалану құқығының пайда болу негіздері: жер пайдалану құқығын табыстау, жер пайдалану құқығын беру, жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы). Аталмыш құқықты табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс. Келтірілген негіздер мемлекеттік органдар актілер шығару арқылы, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу арқылы және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жолдармен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығы заңдарға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға берілген келіскен аумақ шегінде, жер қойнауын иелену, пайдалану және басқару құқығы. Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай әрекеттерді жүзеге асыруды көздейді: жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу; барлау; өндіру; бірлескен барлау мен өндіру; барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу («Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі).

Сервитут құқығының негізін түсіну үшін «Рим құқығы» пәнінен алған білімдерді жаңарту (бөтеннің жер учаскесінен жаяу өту, көлікпен жүріп өту, сұғару құқығы және т. б.) қажет болады және Жер кодексінің 7-тарауын оқып шығу қажет. Және бұл құқықты – бөтеннің жылжымайтын затын мақсатты шектеулі түрде пайдалану құқығы екендігін, қазіргі уақыттағы бекітілген нысандарын білу қажет.

Сервитут келесі негіздерден туындайды: нормативтік құқықтық актіден, мүдделі тұлғаның меншік иесімен немесе жер пайдаланушымен шартының негізінде, жергілікті атқарушы органның актісі негізінде, сот шешімі негізінде, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда.

Жер сервитуттары жеке және қауымдық болып бөлінеді, олардың түсінігін білген абзал. Жеке сервитуттар: жеке тұлғаның бөтен жер учаскелерінде болу және солар арқылы өту, көрші немесе өзге де жер учаскесін шектеулі пайдалану. Қауымдық сервитуттар: ортақ пайдаланудағы объектілерге, зираттарға, қорымдарға және өзге де ғибадат объектілеріне жер учаскесі арқылы жаяу немесе көлікпен өту; коммуналдық, инженерлік, электр және басқа да желілер мен тораптарды, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы

объектілерін жүргізу мен пайдалану; магистральдық құбырлардың желілік бөлігін орналастыру және пайдалану; жер учаскесінде межелік және геодезиялық белгілер мен оларға өту жолдарын орналастыру; су алу және суат; мал айдап өту; белгіленген мерзімде және белгіленген тәртіппен аң аулау, тұйық су айдындарында балық аулау, жабайы өсімдіктерді жинау; іздестіру, зерттеу және басқа да жұмыстар жүргізу; жағалау белдеуіне еркін өту; мемлекеттік органдардың шешімімен жер учаскесін мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізуге пайдалану; қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге байланысты өзге де жағдайлар үшін белгіленуі мүмкін.

ҚР АҚ 195-бабында аталған шектеулі заттық құқықтардың тізімі толық келтірілмеген. Ресей азаматтық кодексінде тағы бір шектелген заттық құқық бекітілген – жер учаскесін мұрагерлікпен ғұмырлық иелену құқығы.

Заттық құқықтар арасында ерекше орынды тұрғын үйге деген заттық құқықтар алады (ҚР АҚ 194-б.). Бұл құқықтарға: тұрғын үйге деген меншік құқығы, кондоминиум қатысушыларының тұрғын үй құқығы, тұрғын жайды пайдалану құқығы, басқа тұлғаның меншігіндегі тұрғын жайды жалға алушының заттық құқығы және тұрғын үйде тұру құқығы. Бұл мәселе толық түрде ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында қарастырылады.

Ежелгі рим құқығынан бастап тағы да бір шектеулі заттық құқық қазіргі күнде де қолданады – ол хабитация, яғни, бөтеннің үй-жайында ұзақ мерзімде (ғұмырлық) тұру құқығы. Мысалы, ҚР Азаматтық кодексінің «Рента» атаулы 28-Тарауында осы шарт бойынша рентаға берілген тұрғын жайда рента алушының ғұмыры бойынша тұруы. Немесе, мұрагерлік құқықта өсиет бойынша легат көзделетін болса, онда өсиет қалдырушы мұрагерге бөтен адамды мұраға берілген үйде тұруға құқық беруді тапсыруы.

Қаланың жанындағы жерде тұрғындарға саяжайлар салу үшін жер телімдері берілді. Алғашқы жылдары қоршалған қашалар мен үйлер әлі салынбағандықтан көршілер бірімен бірі танысып, көмектесіп жүрген. Осы жер иелерінің екеуінде – Изатовтардың және Тарановтардың учаскелерінде, қаншама терең деңгейде жерді бұрғылағанына қарамастан, су шықпады, сарапшылардың қорытындысы бойынша жер асты түгел жартас екен. Олар көршісі Исаевпен тату болғандықтан, соның су құбырына шлангілерін қосып, суды пайдалана беретін. Алайда бірнеше жылдан кейін Исаев өзге мемлекетке көшіп кетуіне байланысты өз саяжайын Сапаровқа сатты. Сапаров саяжай оның жеке меншігінде екендігін басым етіп, көршілерге өз құбырынан су алыға тыйым салып, біраздан кейін биік қаша орнатып, темір сыммен керіп тастады, ал есігіне құлып салып жүретін болды. *Изатов пен Тарановтар саяжайларын тастап кетуге мәжбүр болмас үшін оларға қандай құқықтық көмек беруге болады? Жауабыңызды негіздеңіз.*

18-20-тақырыптар бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Шаруашылық жүргізу құқығының субъектілері кімдер болады.

1. Мемлекеттік кәсіпорындар.
2. Кооперативтер
3. Акционерлік қоғамдар
4. Қазыналық кәсіпорындар
5. Мекемелер

2. Пайдалану құқығы болып заңмен қамтамасыз етілген төмендегі мүмкіндік танылады:

- 6) Мүлікке нақты иеленуді жүзеге асыру;
- 7) Мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алу, сондай-ақ одан пайда табу
- 8) Мүліктің заңды тағдырын белгілеу;
- 9) Мүлікті ұстауға байланысты ауыртпашылықты көтеру;
- 10) Мүліктің кездейсоқ жойылу қаупі

3. ҚР Азаматтық кодексінде меншік құқығының қандай түрі көзделмеген?

- 1) жеке;
- 2) мемлекеттік
- 3) республикалық;
- 4) коммуналдық;
- 5) муниципалдық

4. Меншік құқығы – ол:

- 1) жеке мүліктік емес құқық;
- 2) азаматтық құқықтың категориясына жатпайды;
- 3) материалдық құқық емес;
- 4) мүліктік құқық;
- 5) жеке құқық

5. Мемлекеттік кәсіпорында шаруашылық жүргізу құқығының пайда болу сәті:

- 1) Меншік иесінің шешімінде немесе заңда өзгеше көзделмесе мүлкін дербес балансында бекітіп берген сәттен; өкілетті мемлекеттік органның оны құру туралы шешімді қабылдаған сәттен;
- 2) Меншік иелерінің кірісін есептеу кезінен бастап;
- 3) Мемлекеттік тіркелген кезден бастап;
- 4) Қызмет ету барысында бірінші табыс түскен сәттен бастап

6. Меншік иелерінің оралымды /жедел/ басқару құқығымен бекітіліп берілген мүлікті басқаратын субъектілер болып табылады:

- 6) Қазыналық және мемлекеттік кәсіпорын;
- 7) Мемлекеттік кәсіпорын мен мекеме,
- 8) Мекемелер, қазыналық және мемлекеттік кәсіпорын;
- 9) Қазыналық кәсіпорын мен мекеме.
- 10) Мекемелер

7. Жер учаскесін мақсатты түрде пайдалануға байланысты шектелген заттық құқық қалай аталады:

- 6) Сервитут;
- 7) Мәміле;
- 8) Виндикация,
- 9) Реквизиция;
- 10) Реституция

8. Қазыналық мемлекеттік кәсіпорынға тиесілі мүлік оған қандай заттық құқыққа бекітіледі (Қазыналық мемлекеттік кәсіпорын өзіне бекітілген мүлікке қандай заттық құқыққа ие?)

- 1) сервитуттік құқық;
- 2) жеке меншік құқығына;
- 3) мемлекеттік меншік құқығына;
- 4) шаруашылық жүргізу құқығына;
- 5) оралымды басқару құқығына

21-тақырып. Меншік құқығының және өзге де заттық құқықтардың туындау және тоқтатылу негіздері

Заңда заттық құқықтарды иеленудің негіздері (тәсілдері) бекітіледі, олар азаматтық құқық теориясында *алғашқы және туынды* болып бөлінеді. Заттық құқықтардың пайда болуының бастапқы тәсілдеріне - меншік құқығының бірінші ретте немесе бұрынғы иесінің еркінсіз туындаған жағдайлар жатады. Туынды тәсілдерге бұрынғы меншік иесінің еркімен және иелікке алушының келісімімен меншік құқығының туындаған тәсілдері аталады. Ғалымдар арасында әлі күнге дейін меншік құқығының туындауына әкелдіретін негіздерін таңдаулы бір топқа жатқызу өлшемдері туралы дау өшпейді: ерік өлшемі ме, немесе мирасқорлық өлшемі ме?

Меншік құқығының туындауына әкелдіретін нақтылы негіздері және олардың әрқайсысының сипаттамасы ҚР АҚ 13-Тарауында келтіріледі:

- жаңадан жасалған мүлікке (оның ішінде қозғалмайтын мүлікке) меншік құқығына ие болу;
- өзіне тиесілі емес материалдарды өңдеу арқылы меншік құқығын алу;
- қараусыз жануарларды меншік құқығына алу;
- ұзақ уақыт пайдалануына қарай меншік құқығына ие болу (иелену көнелігі мерзімі);
- жинауға не аулауға арналған көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру;
- иесіз заттарға меншік құқығын алу;
- сатып алу, айырбастау, сыйға тарту шарттар негізінде меншік құқығына ие болу;
- табылған затқа (олжаға) меншік құқығын алу;
- көмбеге меншік құқығына ие болу;
- өз бетімен салған құрылысқа меншік құқығын заңдастыру және т. б. (Н сызбасын қараңыз).

Аталған тәсілдерді жекелеп сипаттау қажет болады. Мысалы, жаңадан салынған жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мемлекеттік тіркеу кезінен бастап туындайды. Шарт бойынша мүлік алушының меншік құқығы, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, зат берілген кезден бастап пайда болады, ал егер шарт бойынша мүлікті иеленушінің меншік құқығы мемлекеттік тіркелуге жататын болса, онда мүлікті иеленушінің меншік құқығы осындай тіркеу жасалған кезден бастап туындайды.

Заттардың алушыға тапсырылуы, алушыға жөнелту үшін көлік ұйымына өткізу және иеліктен айырылған заттарды жеткізіп беру міндеттемесінсіз алушыға салып жіберу үшін почтаға өткізу заттарды беру деп танылады (239-б).

Келісім шарт бойынша мүлік иеленушінің меншік құқығы пайда болатын кезді анықтау өте маңызды болады (ҚР АҚ 238-б.), өйткені осы мезгілден бастап мүліктің жаңа иесіне барлық қауіптер мен оны күтіп ұстау ауыртпалығы да ауысады (189-190 баптар). Жалпы ереже бойынша, шарт арқылы мүлік

алушының меншік құқығы зат берілген кезден бастап пайда болады. Ал егер мүлікті беруді немесе оны қабылдауды тараптардың біреуі кейінге қалдыратын болса, сол тарап мүліктің кездейсоқ бүліну және кездейсоқ жойылу қаупін көтереді.

Егер меншік құқығы мемлекеттік тіркеуге немесе ол туралы мәміле нотариалдық куаландыруға жататын болса, алушының меншік құқығы тіркелген немесе нотариус куаландырған кезден басталады.

Қазіргі кезде меншік құқығының туындау негіздерінің кең тараған түрлерінің бірі ретінде өзіне тиесілі емес мүлікті иелену мерзімінің көнелігі болып танылады (240-бап). Мүліктің меншік иесі болып табылмайтын, бірақ өзінің жеке мүлкіндей қозғалмайтын мүлікті жеті жыл бойы, не өзге мүлікті кем дегенде бес жыл адал, ашық және ұдайы иеленген азамат немесе заңды тұлға ол мүлікке меншік құқығын алады.

Заңнамада заттық құқықтардың тоқтатылу тәсілдері де көзделеді (ҚР АҚ 249-б.), мысалы: меншік құқығынан бас тарту, борышкердің мүлкінен ақы өндіріп алу, реквизициялау, тәркілеу, сату, рентаға беру, сыйға тарту, заттың жойылуы, оны тұтыну және т.б. (О сызбасын қараңыз).


Меншік құқығын иеленудің туынды тәсілдерінде біреуде бұл құқықтың пайда болуы екінші тұлғада меншік құқығының тоқтауын білдіреді. Мысалы, сату шарты бойынша сатушының меншік құқығы тоқтатылып, ал сатып алушыда меншік құқығы пайда болады.

Олжаны қарастыратын болсақ, бөтен біреудің жоғалған затын оны тауып алушы меншіктену үшін сол олжа туралы ішкі істер органдарына немесе жергілікті әкімшілікке мәлімденген кезден бастап алты ай өткенше жоғалған затты алуға заңды құқығы бар тұлға анықталмаса және затқа өзінің құқығы туралы оны тапқан адамға не ішкі істер органдарына немесе жергілікті атқарушы органдарына мәлімделмесе, затты тауып алушы оған меншік құқығын алады (245-бап).

Затты тауып алушы және оны алуға заңды құқығы бар тұлғаға қайтарып беруші сол тұлғадан, ал зат коммуналдық меншікке өткен ретте - тиісті жергілікті атқару органынан затты сақтауға, өткізуге, сатуға байланысты қажетті шығындарды және затты алуға заңды құқығы бар тұлғаны табуға кеткен шығындарды өтетіп алуға құқылы. Затты тауып алушы затты алуға заңды құқығы бар тұлғадан зат құнының 30 пайызы мөлшерінде сыйақы алуға құқылы. Егер табылған зат оны алуға заңды құқығы бар тұлға үшін ғана құнды болса, сыйақының мөлшері тараптар келімілген баға бойынша белгіленеді. Ал егер затты тауып алушы өзінің олжа туралы мәлімдеу міндетін орындамаса немесе олжаны жасырып қалуға өзге де әрекеттер жасаса, онда сыйақы алу құқығы болмайды.


Н сызбасы

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ НЕГІЗДЕРІ



О сызбасы

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТОҚТАТЫЛУ НЕГІЗДЕРІ



Астана қалалық саябағында серуендеп жүріп, ҚазГЗУ студенттері Айман және Айдос біреудің жоғалтып алған портмонесін тауып алады. Оның ішінде төлқұжат, банктік карточкасы, иесінің жеке сүреті және 59 мың теңгедей ақшасы бар екен. Айдостың пікірінше, табылған зат олжа болып танылады және ол осы затты тауып алған адамның меншігіне ауысуы қажет. Сондықтан ол табылған олжаны бөлісіп алуға ұсынады. Айман оның ұсынысын қолдамайды. Портмоне Айдоста қалады. Ертеңінде Айман осы саябақ арқылы жүгіріп келе жатып, белгісіз азамат бірдеме іздеп жүргенін көреді. Онымен әңгімелесу барысында Айман кешегі портмоне осы кісінікі екендігіне көзі жетіп, оған Айдостың телефонын береді. Алайда Айдос заттың иесінен портмоне, төлқұжат және фотосуретін тауып алғанын мойындап, ақша туралы ештеме білмеймін деп бас тартады да, құжаттарын қайтарғаны үшін сыйақы талап етеді.

Олжа дегеніміз не?

Олжа оны тауып алған адамның меншігіне ауысу үшін қандай ережелер сақталуы қажет?

Айдостың әрекеттері заңға сай келе ме?

Портмоне иесі сотқа жүгініп, ақшасын қайтара ала ма?

Мамаев пен Сәтпаев жеке тұрғын үйді сатып алу – сату мәмілесін жасап, сатып алушы Сәтпаев сатушы Мамаевқа үйдің бағасын толық төлеп, ХҚКО арқылы жылжымайтын мүлікті тіркейтін органда сатып алушының меншік құқығы тіркелді. Мамаев өзге мемлекетке тұрақты түрде көшу үшін отбасының тиісті құжаттары әлі дайын болмағандықтан, үйді сатып алушыға босату мерзімін 20 күнге кейін қалтыруын сұрайды, оған сатып алушы келіседі. Осы мерзімнің арасында найзағайдың үйге түсуінен бұл үйге өрт тиіп, едәуір бөлігі өртеніп кетті. Сатып алушы мәмілені бұзып, ақшасын қайтаруды талап етті.

1. Келісім шарт бойынша сатып алушының меншік құқығы қашан басталады?

2. Жағдайды реттеңіз.

3. Егер сатушы үйді дер кезінде босатып бергенде, сатып алушы бос үйге кірмеген болса, ал ол үй осылай найзағайдың әсерінен бүлінетін болса, шешіміңіз өзгерер ме еді?

Азаматша Остапова өзі 40 жылдан астам өмір сүріп жүрген үйін сатып, Ресей Федерациясына туыстарына жақын көшуге бел буды. Үйді сату туралы хабарлама берген соң бір сатып алушы келіп, сол үйді алатын болды. Мәмілені рәсімдеу үшін Остапова сатып алушымен жылжымайтын мүліктерді тіркеу орнына барады. Бірақта бұл ұйым олардың сатып алу – сату мәмілесін мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы жауап берді, себебі бұл үй Остаповаға емес, оның 10 жылдан астам уақыт бұрын қайтыс болған Остапованың күйеуінің атына меншік құқығында тіркелген екен. Ол адамның басқа мұрагерлері болмапты.

Остапованың осы үйге меншік құқығын алу негіздері қазіргі уақытта бар ма? Бар болса, олар қандай негіздер?

Қалыптасқан жағдайды қалай реттеу қажет?

Остаповаға құқықтық көмек бере аласыз ба?

Азамат Арланов 2009 ж. Германияға тұрақты қоныстануға кететін азаматтан жүк тасымалдауға арналған автокөліктің тіркеуішін (полуприцеп) сатып алады. Бірақта сатып алу – сату шартының орнына олар осы мәмілені сатушыдан сатып алушыға тіркеуішті иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын ауыстыратын сенімхат беру арқылы рәсімдеген.

Үш жыл өткен соң МАИ қызметкерлері, сенімхаттың әрекет ету мерзімі аяқталғанымен негіздеп, Арлановқа бұл көлік құралын пайдалануға тыйым салады.

Арлановқа 2017 жылда осы көлік құралын заңдастыру бойынша сіз қандай заңды кеңес бере аласыз?

Асланов А., Ұлы Отан соғысының ардагері, ішкі істер ұйымдарында ұзақ жылдары қызмет етіп, Орал қаласының қадірлі азаматы ретінде танылып, жетпіс жасынан асқаннан кейін қайтыс болады. Оның жалғыз мұрагері ретінде ұлы Махамбет қана қалыпты. Әкесі қайтыс болғаннан кейін бір жылдан астам өткен соң Махамбетке учаскелік инспектор келіп, әкесінен қалған оның атаулы қару-жарақтарын бір ай ішінде иеліктен шығару туралы талап қояды. Махамбет оған қарсы болып, әкесінен қалған естелігін ешбір себеппен иелігінен шығармайтынын мәлімдейді. Бірақта учаскелік инспектор Махамбеттің бұрын ауыр дәрежелі қылмыс жасағаны үшін сотталғандықтан оның меншігінде қару-жарақ болуына рұқсат етілмейтінін мәлімдейді.

Учаскелік инспектордың талабы дұрыс па?

Асланов Махамбетке заңи тұрғыдан кеңес беріңіз.

21-тақырып бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Жылжымайтын мүлікке иелену көнелігі қанша жылды құрайды?

- 1) 10 жыл;
- 2) 7 жыл;
- 3) 20 жыл;
- 4) 15 жыл;
- 5) 6 жыл

2. Меншік құқығына ие болу негіздерінің алғашқы тәсілдеріне қайсысы жатпайды?

- 1) Иелену көнелігі
- 2) Жаңа зат жасау
- 3) Көмбе табу
- 4) затты сыйға алу
- 5) олжа табу

3. Затты тауып алушы затты алуға заңды құқығы бар адамнан зат құнының қандай мөлшерінде сыйақы алуға құқылы?

- 1) Заттың құнынан 10%;
- 2) Заттың құнынан 5%;
- 3) Заттың құнынан 30%;
- 4) 6 айлық есептік көрсеткіш;
- 5) Бір айлық есептік көрсеткіш.

4. Берілген жауаптың дұрысын таңдаңыз

«Меншік құқығының тоқтатылу негіздерінің топты түрлері:»

- 1) Ықтиярсыз, сыйға беру, ерікті негіз
- 2) Иелену көнелігі, еріксіз, меншік иесінен алынған мүлікті иелену
- 3) Ерікке байланыссыз, көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру
- 4) Ерікті, ерікке байланыссыз (ықтиярсыз), еріксіз
- 5) Сату, сыйға беру, айырбастау, олжа табу, т.б.

5. Меншік иелерінің оралымды /жедел/ басқару құқығымен бекітіліп берілген мүлікті басқаратын субъектілер болып табылады:

- 1) Қазыналық және мемлекеттік кәсіпорын;
- 2) Мемлекеттік кәсіпорын мен мекеме,
- 3) Мекемелер, қазыналық және мемлекеттік кәсіпорын;
- 4) Қазыналық кәсіпорын мен мекеме.
- 5) Мекемелер.

6. Меншік құқығы мемлекет мүддесімен тоқтатылу кезінде тоқтатылған кезде мүлік оның .?. негізге алына отырып бағаланады?

1. Нарықтық құны
2. Нарықтық құнның 1/3 бөлігі
3. Аукциондық құны
4. Дүкен құны
5. Шығарушы (завод) құны

7. Бұрын сотталған Арынов, өзінің аң аулауға арналған қаруды заңды түрде иеленуге құқығы жоқ екендігін біле тұра, өзінің танысы Ибраевтан мылтық сатып алады. Арыновтың меншік құқығы қандай негізбен тоқтатылуы тиіс?

1. Тәркілеу негізінде;
2. Реквизициялау негізінде;
3. Арынов меншік құқығынан өз еркімен бас тарту негізінде;
4. Заң құжаттарына сәйкес өзіне тиесілі бола алмайтын мүлікке адамның меншік құқығының тоқтатылуы негізінде
5. Меншік иесі мүлкінен ақы өндіріп алу негізінде

22-тақырып. Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғау

Заттық құқықтарды қорғау үшін ҚР Азаматтық кодексінің 9-бабында көзделген жалпы тәсілдерге қоса, ежелгі Рим құқығынан бастап қалыптасқан арнайы заттық-құқықтық талаптар – виндикациялық және негаторлық талаптар, меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды тану (мойындату) туралы талаптар қойылады (ҚР АҚ 259, 260, 264-баптары).

Сондықтан бұл тақырыпты игеру үшін Рим құқығы пәнінен алған білімдерді қолдану қажет, яғни виндикациялық және негаторлық талаптардың түсінігін беру, олардың тараптарын сипаттау, және т.б.

Шектеулі (өзге) заттық құқықтар иелерінің (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару, тұрақты жер пайдалану құқығымен не заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге де негізбен мүлікті иеленушінің де) құқықтары заң бойынша меншік құқығымен бірдей қорғалады, соның ішінде меншік иесінің өзінен де қорғалады. Мысалы, АҚ-ң 259-бабы негізінде шаруашылық жүргізу құқығын да, сервитуттік құқығын да тану арқылы сотқа талап беріп қорғауға болады.

Виндикациялық талапты қолдану барысында мүлікті адал иеленушіден талап етіп алдыруды заңсыз иеленушіден қайтарып алудан айыру қажет (АҚ 261- 263 баптары). Солайша, егер мүлік оны иеліктен айыруға құқығы болмаған адамнан *өтеулі түрде* алынып, алушы мұны білмесе және білуге тиіс болмаса (адал алушы), мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан, не мұның екеуінен де ұрланған, не олардың иеленуінен бұлардың еркінен тыс өзге жолмен шығып қалған ретте ғана меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап етіп алдыруға құқылы.

Ал егер мүлік оны иеліктен айыруға құқығы жоқ адамнан *өтеусіз түрде* алынса, меншік иесі барлық ретте мүлікті талап етіп алдыруға құқылы. Бірақта ақшаны, бағалы қағаздарды адал иеленушіден талап етіп алдыруға болмайды.

Виндикациялық талап бойынша арам ниетті иеленушіден бүкіл иеленген кезінде өзі алған немесе алуға тиіс болған табыстардың бәрін қайтаруды немесе өтеуді; адал иеленушіден иеленушінің заңсыздығы туралы білген немесе білуге тиіс болған немесе меншік иесінің мүлікті қайтару туралы талап қою жөніндегі хабарламасын алған кезден бастап өзі алған немесе алуға тиіс болған табыстардың бәрін талап етуге құқылы.

Адал иеленуші өз кезегінде меншік иесінен мүліктен табыс есептелетін уақыттан бастап ол мүлікке жұмсаған қажетті шығындарды меншік иесінің өтеуін талап етуге құқылы. Арам ниетті иеленуші мұндай өтемді иеленушінің талабын сот негізді деп тапқан реттерде ғана толық немесе ішінара алуға құқылы, және т.с.с.

Негаторлық талаптың түсінігі ҚР АҚ-ң 264-бабында келесідей бекітілген: «Меншік иесі, өз құқықтарының бұзылуы иеліктен айыруға байланысты

болмағанымен, оларды бұзудың қандайын болса да жоюды талап етуге құқылы».

Негаторлық талап қоюда талап қою мерзімінің өтіп кетуі туралы ереже қолданбайды (Азаматтық кодексінің 187-бабы).

Шаруашылық жүргізу, оралымды басқару, тұрақты жер пайдалану құқығымен не заңнамаларда немесе шартта көзделген өзге де негізбен мүлікті иеленушінің (шектелген заттық құқықтардың иесінің) де өздеріне тиесілі шектелген заттық құқықтарын қорғау үшін Азаматтық Кодекстің 259-264-баптарында көзделген талаптар қолданады. Яғни, шектелген заттық құқықтар оларды тану туралы талаппен, виндикациялық және негаторлық талаптар қою арқылы қорғалады. Сонымен қатар, шектелген заттық құқықтар иелерінің құқықтары меншік иесінен де қорғалуға жатады (265-бап).

Қазақстан Республикасы меншік құқығын тоқтататын заң актілерін қабылдаған ретте, мысалы, шетелдіктерге берілген мүлікті ұлттандыру туралы, осы құжаттарды қабылдау нәтижесінде меншік иесіне келтірілген залалдарды меншік иесіне Қазақстан Республикасы толық көлемінде өтейді.

ҚР Азаматтық кодексінің 267-бабына сәйкес, меншік иесінің құқықтарын және басқа заттық құқықтарды бұзатын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар шығарған құжаттар жарамсыз деп танылуға жатады. Мысалы, мемлекеттік органның не лауазымды тұлғаның заңдарға сәйкес келмейтін қалыпты немесе жеке құжат шығаруы салдарынан меншік иесінің және басқа тұлғалардың өзіне тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі құқықтары бұзылса, мұндай құжат меншік иесінің немесе құқығы бұзылған адамның талап қоюы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылады, ал меншік иесіне келтірілген залалдар тиісті мемлекеттік органның тиісті бюджет қаражатынан толық көлемде өтеуіне жатады.

Заттық құқықтарды қорғау үшін заттық-құқықтық талаптармен қоса, міндеттемелік-құқықтық талаптар да қолданылады (мысалы: залалды, шығындарды өтеу).

Балаева дара кәсіпкерлікпен шұғылданып, алған табыстарынан ақша жинап, өзіне пәтер сатып алмақшы болады. Басқа қалаға көшуге дайындалып жүрген Отаровтар отбасы тез арада тиімді бағаға пәтерлерін сататынын біліп, Балаева пәтерді сатып алуға олармен келіседі. Бірақта Балаева өз төлқұжатын жоғалтып алып, ол туралы газеттерге ресми хабарлама беру, содан соң төлқұжат алу үшін тағы біраз уақыт керек екендігін біледі. Отаровтар басқа біреуге пәтерді сатып жібермеуін қалаған Балаева өзінің танысы Ахметовқа осы пәтерді сатып алушы ретінде көрсетілуін сұрайды, ол келісім бергеннен кейін Балаева ақшасын сатушыға толық төлеп, шартты рәсімдеуде Ахметовты өзімен бірге алып жүреді. Сатып алған пәтерді жөндеп, оған көшуде Ахметов көмектесіп, кілттің бір данасы соның қолында қалыпты. Төлқұжатын алған соң Балаева дереу кәсіпкерлік іссапарға кетіп, бірнеше күннен кейін қайтып келсе, Ахметов оның үйіне кіріп алып, есіктің құлыбын ауыстырып, Балаеваның заттарын ол бұрын жалдап тұрған пәтерге апарып тастапты.

Ахметовтың түсінігі бойынша, ол пәтердің заңды иесі, сондықтан ол өз меншігіндегі тұрғын жайға кіріп туруына толық құқылы, ал Балаеваның жалдап тұрған пәтері бар, және бұл пәтердің меншік иесі ретінде танылуды ол өзі сұраған.

Бұл жағдайда Балаеваның құқығын қорғауға негіз бар ма?

«Санат» акционерлік қоғамының қоршалған ауласына көршілес ЖШС-тің төрағасы уақытша біраз құрылыс материалдарын жинақтап қоюға келісім алады, бірақта ол «уақыт» екі жылға созылып кетті. Өз ғимараттарын реконструкциялауды жоспарлаған акционерлік қоғам ЖШС-тан бірталай рет мүліктерін алып кетуді талап етеді, себебі бетон тақтайшалар, темір құбырлар және т.б. құрылыс материалдары ғимаратты қайта құрастырып өңдеуге кедергі болып жатты. Екі жылдан астам уақыт өткен соң «Санат» АҚ сотқа өз құқықтарын қорғау үшін жүгінді.

Талапкердің талап арызы меншік құқығын қорғаудың қандай түріне жатады? Талаптың жобасын құрастырыңыз.

Егер акционерлік қоғам ЖШС-тың құрылыс материалдарын меншіктеніп алып, оны өз ғимаратын жөндеу үшін пайдаланған болса, онда ЖШС-тің құқықтары қалай қорғалады?

Әміров 2007 ж. Исаковтан 2-бөлмелі пәтер сатып алып, келісілген ақша сомасын толық төлеп береді, ол туралы Исаков оған қолхат берген болатын. Сонымен қатар Исаков пәтерді иелену, пайдалану және билік ету туралы сенімхат және пәтердің өзінің атына тіркелгендігі туралы құжаттарын да қоса береді.

Алайда Әміровтар отбасы пәтерге көшкен соң, сенімхат негізінде өздері тіркеуден өтіп, меншік құқығын рәсімдеуді ойластырмай, тұра береді. 2012 жылы Әміров өзінің жесір қалған анасын өз пәтеріне тіркеу үшін пәтерді өз атына заңдастыра алмады, себебі сенімхаттың әрекет ету мерзімі өтіп кеткен, ал бұрынғы иесі Исаков отбасымен Израиль мемлекетіне тұрақты көшіп кетіпті.

2015-2016 жылдары Қазақстанда мүлікті заңдастыру шаралары бойынша да Әміровқа меншік құқығын тану өтінішіне заңдастыру комиссиясы бас тарту туралы жауап берген, себебі ол пәтердің бұрынғы заңды меншік иесі құжаттарында нақты көрсетілген, құқықтары тіркелген.

Әміровтың осы пәтерге меншік құқығын тануға бола ма? Егер болса, оны кім шешеді?

21-тақырып бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1.Виндикациялық талап бойынша ұсынбалы бағалы қағаздарды, сондай-ақ ақшаны адал иеленушіден қайтаруды талап етуге бола ма?

- 1) Ондай заттарды адал иеленушіден қайтаруды талап етуге болады
- 2) Ондай заттарды адал иеленушіден қайтаруды талап етуге болмайды
- 3) Бұл заттардың ешбір ерекшелігі жоқ, жалпы ережелер қолданады
- 4) Егер тараптар келісімге келмесе, бұл заттар қайтаруға жатады
- 5) Бұл заттардың адал иеленушіден тек бағасы қайтарылады

2.Егер мүлік оны иеліктен айыруға құқығы жоқ адамнан тегін алынса, меншік иесі:

- 1) Барлық ретте мүлікті талап етіп алдыруға құқылы;
- 2) Бұл мүлікті талап етуге құқығы жоқ;
- 3) Бұл мүлікті талап етуге құқығы жоқ, тек сот шешімін орындауға белгіленген тәртіппен сатылған мүлікті талап етуге құқылы;
- 4) Тек арам ниетті иеленушіден талап етуге құқығы бар;
- 5) Жария саудада сату жағдайларын қоспағанда талап етуге құқығы бар

3.Талап қою мерзімі төмендегі жағдайлардың қайсысына қолданылады?

5. Материалдық емес игіліктер мен мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғау туралы талаптарға;
6. Келісім шарт бойынша сатып алушы оған берілген тауардың бағасын келісілген мерзімде төлемесе;
7. Салымшылардың банкіден банктік салымдарды беру туралы талаптарына;
8. Азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптарға
9. Егер меншік иесінің немесе өзге заң иеленушінің өз құқығының кез келген бұзылуы иеліктен айыруға байланысты болмаса, олардың осы құқық бұзушылықты жою туралы талабына (негаторлық талап);

4.Егер мүлік оны иеліктен айыруға құқығы жоқ адамнан тегін алынса, меншік иесі:

- 1) Барлық ретте мүлікті талап етіп алдыруға құқылы;
- 2) Бұл мүлікті талап етуге құқығы жоқ;
- 3) Бұл мүлікті талап етуге құқығы жоқ, тек сот шешімін орындауға белгіленген тәртіппен сатылған мүлікті талап етуге құқылы;
- 4) Тек арам ниетті иеленушіден талап етуге құқығы бар;
- 5) Жария саудада сату жағдайларын қоспағанда талап етуге құқығы бар

5.Жер учаскесін алып қоюға байланысты қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыру мерзімі?

- 1) 1 жыл
- 2) 2 жыл
- 3) 3 жыл
- 4) 4 жыл
- 5) 5 жыл

6.Виндикациялық талап бойынша ұсынбалы бағалы қағаздарды, сондай-ақ ақшаны адал иеленушіден қайтаруды талап етуге бола ма?

- 1) Ондай заттарды адал иеленушіден қайтаруды талап етуге болмайды
- 2) Бұл заттардың адал иеленушіден тек бағасы қайтарылады
- 3) Егер тараптар келісімге келмесе, бұл заттар қайтаруға жатады
- 4) Бұл заттардың ешбір ерекшелігі жоқ, жалпы ережелер қолданады
- 5) Ондай заттарды адал иеленушіден қайтаруды талап етуге болады

23-тақырып. Міндеттемелік құқық. Міндеттемелердің түсінігі және пайда болу негіздері

Міндеттемелік құқық – азаматтық құқықтың көлемі бойынша ең үлкен салашығы. Ол өз кезегінен жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады. Міндеттемелік құқықтың жалпы бөлімі азаматтық құқықтың жалпы бөлімінде қарастырылады және міндеттемелер мен келісім шарттар жөніндегі жалпы ережелерден тұрады. Міндеттемелік құқықтың ерекше бөлімі Азаматтық кодекстің ерекше бөлімінде реттеледі және міндеттемелердің жекелеген түрлерін реттейтін Азаматтық кодекстің және өзге заңнамалардың сан-алуан нормалар мен институттарынан құралады. Оларды екі топқа жіктеуге болады:

- 1) шарттық міндеттемелер;
- 2) шарттан тыс (деликтілік) міндеттемелер.

Шарттық міндеттемелер азаматтық құқық ғылымында бірнеше топқа бөлінеді, олар: мүлікті меншікке не болмаса пайдалануға беру туралы міндеттемелер, жұмысты орындау туралы міндеттемелер, қызмет көрсету туралы, т.б. міндеттемелер (II сызбасын қараңыз).

Шарттан тыс міндеттемелердің түрлері:

- 1) біржақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелер;
- 2) зиян келтіру салдарынан, негізсіз баюдан туындайтын (қорғаушылық)

міндеттемелер.

Сонымен қоса, міндеттемелер бір тарапты міндеттейтін және өзара - екі тарапты міндеттейтін (оларды бір жақты және екі жақты мәмілелермен шатастыруға болмайды); балама (альтернативтік) және факультативтік; басты/негізгі және қосымша (акцессорлық); бөлінетін және бөлінбейтін; үлестік, бірлескен (ортақтасқан) және қосымша, субсидиарлық (288-бап); регресстік (289-бап), ақшалай (282-бап) және т. б. болады (P сызбасын қараңыз). Міндеттемелердің әрбір түрлерінің сипаттамаларын/түсініктерін білу қажет.

Міндеттеме – ол ҚР АҚ 268-бабына сәйкес мүліктік құқықтық қатынас. Яғни, міндеттеме бойынша бір тарап (борышкер) екінші тараптың (кредитордың, несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, қызмет көрсету және т. б. сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға, не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал екінші тарап - кредитор (Азаматтық кодексте «несие беруші» деп аталған) борышкерден өз міндеттерін орындауды талап етуге құқылы болады, және борышкерден оның орындағанын қабылдап алуға міндетті болады (ҚР АҚ 268-б.).

Міндеттеменің тараптары тек қана екеу болады: борышкер және кредитор (несие беруші). Азаматтық құқықтық қатынастарды реттейтін қазақ тіліндегі заңнамаларда және оқұлықтарда міндеттеменің екінші тарабы бірде «борышқор», ал бірде «борышкер» деп аталыпты. Біздің пайымдауымызша, «борышкер» деп қолдану дұрыс болады.

Міндеттемеге тараптардан басқа өзге тұлғалар да қатысуына болады, олар «үшінші тұлғалар» деп аталады.

Міндеттемелік құқық бойынша білімдерді тиімді игеру үшін міндеттеменің элементтерін білу абзал, олар: міндеттеменің объектісі, субъектілері және мазмұны. Міндеттеме құқықтық қатынас болуына байланысты оның мазмұнын бірімен бірі тығыз байланысты және сәйкесінше бірінен бірі туындайтын тараптардың субъективтік міндеттері мен құқықтарының айрылмас жиынтығы құрады.

Міндеттемелердің пайда болу негіздері бойынша азаматтық құқық қатынастарының туындау негіздері туралы ережелер толығымен қолданылады (ҚР АҚ 7-б.). Бұл тақырып бойынша міндеттемелердің келесі топтық түрлерін де білу қажет:

- тараптардың міндеттері мен құқықтарының арақатынасы бойынша: бірарапты (бір тарапта тек міндеттер, ал екінші тарапта тек құқықтар пайда болады, мысалы, заем шартында); өзара міндеттемелер (екі тарап та өзара міндеттер мен құқықтарға ие болады, мысалы, сатып алу-сату шарты);

- борышкер орындауға міндетті міндеттер бойынша: нақты белгіленген міндеттемелер; балама міндеттемелер; факультативтік міндеттемелер. Мысалы, балама міндеттемеде борышкер алдын ала белгіленген екі немесе одан көп міндеттердің бірін орындайды, ал факультативтік міндеттемеде тек негізгі міндетті орындауға мүмкіндік болмағанда борышкер шартта немесе заңда айқындалған өзге міндетті орындайды;

- қатаң жеке сипаттағы міндеттемелер, мұндай міндеттемеде борышкер немесе кредитор тұлғалары ауыстырылуға тыйым салынады, мысалы, алимент төлеу, денсаулығына келтірілген зиян үшін төлемдер алу;

- дербестік сипатына қарай міндеттемелер басты/негізгі және қосымша/акцессорлық болып ажыратылады. Мысалы, міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ететін тәсілдер бойынша құқықтық қатынастар тек акцессорлық міндеттемелерге жатады. Олар басты міндеттемені орындауды қамтамасыз ету үшін ғана пайда болады;

- туындау негіздері бойынша: шарттық және шарттан тыс міндеттемелер.

Міндеттемелердің ерекше белгілері:

1) тараптары ретінде нақты айқындалған, белгілі тұлғалар болуы;
2) мазмұны ретінде - тараптардың құқықтары мен міндеттері;
3) объектісі ретінде міндетті тұлғаның белгілі бір әрекеттері (затты беру, қызмет көрсету, жұмыс жасау, ақша төлеу);

4) міндеттеме азаматтық құқықтық қатынастардың динамикасын қарастырады (олардың пайда болуын, өзгертілуін, орындалуын, тоқтатылуын, жауапкершілікті қоса);

5) кредитордың құқықтары тек міндетті тұлғаның әрекеттері тиісінше орындалуы арқылы жүзеге асырылады (сатып алушының тауарға иеленуі тек сатушы оны беру арқылы жүзеге асырылады; тапсырысшының жұмыс нәтижесін алуы тек мердігердің сол жұмысты орындау арқылы, т. с.с.);

6) борышкер өз міндеттерін тиісінше орындамағанда оған азаматтық құқықтық жауапкершілік шаралары қолданады.

II сызбасы



Р сызбасы



24-тақырып. Міндеттемелердің қатысушылары

Міндеттемелерге қатысушылар ретінде екі тарап және өзге де тұлғалар болуы мүмкін. Борышкер - ол міндетті тарап, ал кредитор (несие беруші) құқылы тарап, яғни борышкердің міндеттерін орындауды талап етуге құқылы тарап деп ажыратылады.

Міндеттемедегі тұлғалардың/жақтардың көптілігі. Бұл сұраққа жауапты дұрыс игеру үшін міндеттеменің тараптары екеу ғана екендігін еске ала отырып, сонымен қатар әр тараптың жағында бір ғана тұлға емес, кейбір жағдайларда екі немесе одан да көп тұлғалар болуы мүмкін екендігін білу керек. Мысалы, қайтыс болған азаматтың кредиторы оның заң бойынша мұраға

ие болған үш мұрагеріне мұра қалдырушының борышын өтеу туралы талап қоятын болса, борышкер тарабында осы жағдайда үш тұлға болады. Мұндай жағдайлар міндеттемелік құқықта «бәсең көптілік» немесе «пәс көптілік» деп аталады. Ал егер кредитор тарабында бірнеше тұлға болса, ол «белсенді көптілік»; екі тараптар жағында да екі немесе одан көп тұлға қатысатын болса, ол «аралас көптілік».

Осыған байланысты міндеттемелер үлестік, ортақ, субсидиарлық және регресстік деп бөлінеді.

Сонымен бірге, міндеттемеге оның тараптарымен қоса, туындаған міндеттемемен немесе өзге құқықтық қатынастармен байланысты **үшінші жақтар/тұлғалар** да қатысуы мүмкін (ҚР АҚ 270-б. 2-тармағы).

Жалпы ереже бойынша, міндеттемелер белгілі борышкермен белгілі кредитор (несие беруші) алдында орындалуы тиіс. Бірақта Ежелгі рим мемлекеті заманынан бастап заң міндеттемелердің тараптарының тұлғаларын өзгерту мүмкіншілігін де көздейді. Ол «міндеттеме жақтарын ауыстыру» деп аталады, ал ауыстыру ережелері ҚР Азаматтық кодексінің 19-тарауымен реттеледі (339-348 баптары). Кредиторды (несие берушіні) ауыстыру (рим құқығындағы «цессия» немесе талап ету құқығын басқа тұлғаға ауыстыру) борышкердің келісімінсіз де болуы мүмкін, бірақта бұл ауыстыру туралы борышкер міндетті түрде ескертілуі тиіс.

Борышкерді ауыстыру (яғни, қарызды ауыстыру) тек қана несие берушінің (кредитордың) келісімімен жасалады (ҚР АҚ 348-б.).

Ал несие берушінің немесе борышкердің жеке басымен тығыз байланысты міндеттемелерде тұлғаларды ауыстыруға болмайды (мысалы, алименттік, деликтілік міндеттемелерде).

Ниязов Банктен келісім шарт бойынша кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін 10 млн теңге несие алады. Банктің талабын орындай отырып, ол міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету үшін өз отбасымен тұрып жатқан пәтерін кепілге береді. Бір жылдан кейін Ниязов қызметі бәсеңдегеніне байланысты банкке ай сайынғы қарыз сомасын және пайыздарын төлеуге шамасы болмағандығын білген соң, жұбайына бұл туралы айтуға мәжбүр болады.

Ниязовтың жұбайы Банкке барып, кепіл туралы келісімді жоюды талап етеді, себебі пәтер жұбайылық ортақ мүлік болып танылады, ортақ мүлікпен мәмілелерді тек барлық меншік иелерінің келісімімен жасалуға тиіс, ал ол болса бұл мәміле туралы білмеген де, келісімін де бермеген.

Банктің қызметкері оған келісім шарт тиісті екі тараптың келісімімен жасалғанын, Ниязов бұл шартқа есі дұрыс кезінде, өз еркімен қол қойғандығын, ал оның жұбайы бұл міндеттемеге еш қатысы жоқ екендігін мәлімдейді.

Жағдайды саралаңыз. Ниязовтың жұбайы кепілмен қамтамасыз етілген банктік қызмет көрсету келісім шарты бойынша тұындаған міндеттемеде тарап болып таныла ма, әлде оның құқықтық жағдайы басқадай ма?

Үшінші тұлғалар деген кімдер?

2016 ж. 15 мамырда «АлыпБанк» несие алушы дара кәсіпкер Батаевтан өндіріп алынбаған 1 млн 500 мың теңге несие сомасын цессия бойынша «Борышкерлерден қарызды өндіріп алу» ЖШС-на талап қою құқығын ауыстырды. Бірақ борышкерге кредиторды ауыстыру туралы хабарлама берілмеді.

Батаев қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты 2015 ж. наурыз айынан бастап ай сайынғы негізгі қарызды қайтару сомаларын және банктің айлық сыйақыларын төлеу шамасы болмады. Ал 2016 жылдың шілде айынан бастап ол банкке борыштарын өтеуді жалғастырып, ай сайын шартта көзделген кесте бойынша тиісті сомаларды банктің есебіне төлеп тұрды. 2017 ж. қаңтар айында «Борышкерлерден қарызды өндіріп алу» ЖШС-і сотқа Батаевтан 1 млн 500 мың теңге негізгі қарыз, 300 мың теңге банктің сыйақысын және 300 мың теңге тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арыз береді.

Батаев талапты мойындамай, «Борышкерлерден қарызды өндіріп алу» ЖШС-ін тиісті емес талапкер деп тануды мәлімдеп, «Алыпбанкке» қарыздарын тиісті мөлшерлерде төлеп жатқандығы туралы құжаттарды келтіреді.

Сот қандай шешім шығару қажет?

24-тақырып бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Міндеттемені ерекшелендіретін белгілері:

1. Міндеттеменің шарттан және шарттан тыс пайда болуы;
2. Тек бір жақты шарттан туындайтындығы;
3. Абсолютті және қатыстылығы;
4. Тек екі жақты шарттан туындайтындығы;
5. Міндеттемені ерекшелендіретін белгілерге жоғарыдағылардың барлығы жатады.

2. Міндеттеменің жұп түрлеріне жатпайды:

1. Негізгі және қосымша;
2. Үш жақты және көп жақты міндеттеме
3. Альтернативті және факультативті;
4. Бір жақты және екі жақты ;
5. Бөлінетін және бөлінбейтін

3.Талап ету құқығын өзіне ауыстырып алған тарап қалай аталады:

- 1.Цедент;
- 2.Цессионарий;
- 3.Легатарий;
- 4.Сенім білдіруші,
- 5.Өкіл;

4.Міндеттемеде борышкерді ауыстыруға қандай талап қойылады?

- 1.Борышкердің ауысуы тек кредитордың келісімімен жасалады
- 2.Борышкердің ауыстырылуына кредитор еш қатысы жоқ
- 3.Борышкер тұлғасы ешбір жағдайда ауыстырылуға болмайды
- 4.Міндеттемеде тараптардың ауысуына нақты ережелер көзделмеген
- 5.Борышкер кез келген жағдайға еркін ауыстырылуы мүмкін

5. Субсидиарлық міндеттеме - бұл:

- 1.Несие беруші үшінші тұлғаға төленген ақша сомасын борышқордан талап етуге құқығы бар;
- 2.Негізгі міндеттеменің орындалмаған бөлігіне қосымша міндеттемемен қамтамасыз етілуі;
- 3.Негізгі борышқорға қосымша міндеттеме жүктелуі;
- 4.Қосымша борышқорға қосымша міндеттеме жүктелуі;
- 5.Кері талап қою міндеті;

6. Ортақтасқан міндеттеме мына жағдайларда пайда болады:

- 1.Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы;
- 2.Мүмкін емес міндеттеменің орындалуы;
- 3.Үшінші тұлғалар қатысуымен міндеттеменің пайда болуы;
- 4.Міндеттеме пәнінің бөлінбеуі;
5. Кез келген жағдайларда ортақтасқан міндеттеме пайда болады

7. Несие беруші қай құқығын басқа тұлғаларға ауыстыра алады:

- 1.Міндеттеме бойынша төленбеген сомаларды талап ету;
- 2.Алименттерді өндіріп алу;
- 3.Өмірге келтірілген зиянды өтеу;
- 4.Денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу;
- 5.Ешқандай құқығын ауыстыра алмайды

8.Несие беруші – бұл:

- 1.Кейбір әрекетті жасауға міндетті немесе әрекет жасаудан тартынуға міндетті тарап;
- 2.Тек құқыққа ие тарап;
- 3.Құқыққа да, міндетке де ие тарап;
- 4.Кейбір әрекетті жасауға немесе әрекет жасаудан тартынуды талап етуге құқылы тарап;
- 5.Міндеттемедегі тек міндетке ие тарап

25-тақырып. Міндеттемелерді орындау

Міндеттемелерді орындау дегеніміз – ол борышкердің кредитор өзінен талап етуге құқылы болатын әрекеттерді жасауы. Бұл әрекеттердің мазмұны міндеттемелердің түрлеріне байланысты болады (мүлікті беру, белгілі бір жұмысты орындау, шартта аталған қызметті көрсету, ақша төлеу).

Міндеттеме келісім шартта немесе заңдарда белгіленген талаптарға сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Міндеттемені орындаудың қағидаттары – ол тиісті дәрежеде (тиісінше) орындау және нақтылы орындау (АК 272-б.) және орындаудан бір тараптың еркімен бас тартуына тыйым салу.

Міндеттемені тиісті дәрежеде орындау - ол тиісті борышкермен тиісті несие берушіге, тиісті мерзімде (277, 278 б.б.), тиісті орында (281-б.), тиісті тәсілді қолдана отырып және тиісті нысанда орындау болып танылады (120-б., 274-б.). Нақтылы орындау қағидасы АК 354-бабында бекітілген.

Аталған талаптардың әрқайсысының сипаттамасын білу қажет. Мысалы, міндеттемені орындау нысаны – ол борышкер несие берушіге беретін тиісті мүлік, орындайтын тиісті жұмыс немесе көрсететін тиісті қызмет болып саналады. Қазіргі кезде міндеттемелерді тиісті дәрежеде орындау жағдайлары талаптардың өзара келісімімен немесе іскерлік өрістің әдеттерімен белгіленеді.

Ақшалай міндеттемелерді орындауда заң олардың затына арнайы талаптар қояды (АК 282-б.). Мәселен, бұл міндеттемелер Қазақстан Республикасының аумағында отандық тұлғалар арасында теңгемен жүргізілуге тиіс.

Тиісті жерде орындау талабына келсек, ақшалай міндеттемелер несие берушінің тұрғылықты жерінде, ал егер несие беруші заңды тұлға болса - оның орналасқан жерінде орындалуға тиіс. Егер несие беруші тұрғылықты жерін немесе тұрған жерін өзгертіп, бұл туралы борышкерге хабарласа - оның жаңа тұрғылықты жерінде немесе тұрған жерінде орындалу тиіс.

Ақшалай міндеттемелер тиісінше орындалмаған жағдайда (тиіссіз жерде, тиіссіз мерзімде, т.б.) ҚР АК 353-бабында көзделген өсім түрінде айып төлеу қолданылады. Сонымен бірге, заңда көзделген жағдайларда ақшалай міндеттемелер арнайы тәсілдермен - ақшаны нотариустың депозитіне салу арқылы орындалуы да мүмкін (ҚР АК 291-б.).

Азаматтық кодексінің 290-бабы бойынша міндеттеменің орындалғанын қабылдай отырып, оның ішінде оның өзге де

толық нәтижесін білмейтін жағдайда оның өзге де

растауына қажетті құжаттарды ұсынуы тиіс. Оның өзге де

біржазын растауы тиіс. Оның өзге де

«Қайнар» сауда ұйымы акционерлік қоғамнан көтерме сауда бойынша бір млн теңгеге сапалы да қымбат ыдыс-аяқ сатып алу туралы келісім шарт жасасады. Бұл тауарды көтерме саудамен айналысатын АҚ автокөлікке тиеп алып келіпті. Тауарды қабылдау барысында көптеген фарфор, хрустальдан жасалған ыдыстар сынып немесе шытынап кеткендері анықталды, бүлінген ыдыстардың жалпы сомасы 500 мың теңгені құрады. Мұндай нәтижелердің орын алуы тасымалдаушы шыны бұйымдарды тиеп тасымалдау бойынша ресми бекітілген мемлекеттік стандарттарды сақтамауы болып шықты, себебі шыныдан жасалған ыдыстарды арнайы қораптарға салып, әрбір ыдыстың бүлінбеуін қамтамасыз ететін қосымша шараларды қолданбапты. Оның орнына ыдыстар жүк тасымалдаушы автокөліктің ішіне жаппай үйіліп тиеліпті.

Келтірілген шарттық міндеттеме бойынша қалыптасқан жағдайды талдаңыз.

Сатушы өз міндеттерін тиісінше орындады ма?

Тиісінше орындамаса, бұл тиісінше орындау қағидатының қандай көрінісі болып табылады?

Сатып алушыға келтірілген шығындарын өтеу жолдарын саралаңыз.

25-тақырып бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Тараптардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруымен байланысты міндеттеме талаптарының бір жақты өзгертілуі қандай жағдайда мүмкін болады?

1. Шартта көзделген ретте ғана мүмкін болады;
2. Кез-келген жағдайда да мүмкін емес;
3. Мүмкін емес;
4. Екінші тараптың келісімінсіз де мүмкін болады;
5. Сот шешімі негізінде ғана мүмкін болады;

2. Міндеттемені орындау келесі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

1. Затты несие берушінің өзіне немесе оның өкіліне тікелей беруі арқылы;
2. Затты несие берушінің өкіліне ғана беру арқылы;
3. Міндеттеме пәнін толық және бөлшектеп орындау арқылы ұсыну;
4. Мүлікті иеліктен шығару оны несие берушіге апарып беру міндетінсіз жүзеге асырылатын болса;
5. Барлық жауап дұрыс.

3. Міндеттемені орындау үшінші жаққа жүктелуі мүмкін бе:

1. Егер заңдарда немесе шартта көзделмесе де түгелдей ;
2. Егер заңдарда немесе шартта көзделсе, тек бөлшегінде;
3. Егер шартта көзделсе түгелдей немесе бөлшегінде;
4. Егер заңдарда көзделсе түгелдей немесе бөлшегінде;
5. Егер заңдарда немесе шартта көзделсе, түгелдей немесе бөлшегімен

4. Міндеттемені орындау қағидаты болып табылады:

1. Міндеттемені тиісті орындау;
2. Міндеттеме мазмұнын құрайтын борышкердің атқаратын әрекеттері, басқа мазмұндармен ауыстырылуыға жатпауы;
3. Міндеттемені үнемді орындау;
4. Міндеттемедегі қатысушылардың іскерлік ынтымақтастығын және өзара көмек беруі;
5. Міндеттемедегі қатысушылардың өзара көмек беруі;

5. Регресстік деп аталатын міндеттеме бойынша:

1. Міндеттеменің әр бір тарабы құқыққа және міндетке де ие;
2. Борышкер үшін үшінші тұлғаға төленген ақша сомасын несие беруші борышкерден талап етуге құқылы;
3. Несие беруші талап ету құқығына ие, ал борышкер бір немесе бірнеше әрекетті таңдауы бойынша оған тиесілі міндеттемені орындау;
4. Несие беруші қосымша міндеттемені қосымша борышкерге жүктеуге құқылы.
5. Басқа тұлғаның міндетін орындаған борышкер орындалған міндеттеме мөлшерінде сол адамға кері талап қоюға құқылы;

6. Міндеттемені тиісті орындаудың талабына не жатады:

1. Барлық жауап дұрыс;
2. Орындау пәні мен субъектісі;
3. Орындау орны мен уақыты;
4. Орындау тәсілінің сақталуы
5. Орындау мерзімі

7. Міндеттемені орындау мерзімінде ақылға қонымды мерзім қандай жағдайда қолданылады:

1. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе тиісті уақыт көзделген болса;
2. Кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға заңдарда, шарттарда немесе іскерлік өрісіндегі әдеттегі құқықтар мәнінен өзгеше туындамаса ғана жол беріледі,
3. Тек шартта көзделген болса;
4. Тек заңда көрсетілген болса.
5. Міндеттеме орындалатын мерзім көзделмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса

26-тақырып. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету. Айыппұл, кепіл

Міндеттемелердің тиісті дәрежеде орындалуын қамтамасыз ету үшін заңда борышкерді өз міндеттерін орындауға ынталандыратын және кредитордың мүдделерін қорғауды жеңілдететін арнайы мүлдік шаралардың қолданылуы көзделеді (ҚР АҚ 292-б.). Бұл шаралар шығындарды өтеуге қосымша ретінде қолданылады, олар міндеттеменің орындалуына септігін тигізетін ерекше амалдар. Нақтылы міндеттеменің орындалуы нақтылы тәсілдердің бірімен қамтамасыз етілуі үшін тараптардың келісімі немесе заңдардың арнайы нұсқаулары қажет.

ҚР Азаматтық кодексінде міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің келесі тәсілдері көзделеді: айып төлеу, кепіл, кепіл болушылық (аманат), кепілдік, кепілпұл, борышкердің мүлкін алып (ұстап) қалу, кепілдік жарна. Аталған тәсілдердің ішінен тек қана борышкердің мүлкін ұстап қалу үшін тараптардың алдын ала келісуі және оның жазбаша нысанының сақталуы қажет етілмейді. Кейбір жағдайларда кепіл құқығы да шартта бекітілмей заңмен көзделеді (рента шартында, құрылыс мердігерлігі шартында, тауар жеткізілімі шартында және т.б.). Барлық өзге жағдайларда орындауды қамтамасыз ету тәсілдерінің бірінің қолданылуының міндетті шарттығы ретінде жазбаша нысанда жасалған тараптардың келісімі қажет етіледі. Қамтамасыз ету тәсілдерінің әр қайсысының ұғымы мен сипаттамасы ҚР АҚ 18-Тарауында келтірілген.

Азаматтық кодекстің 292-бабында көзделген әдістерден басқа да қамтамасыз ету әдістері қолдануы мүмкін. Мысалы, мемлекеттік сатып алу қатынастарын реттейтін заңнамаларда «банктік кепілдік» деген міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету әдісі көзделген. Сонымен қатар, мәміле объектілері болатын тауарларды сақтандыру да міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілі ретінде тәжірибеде кең қолдануда.

Айып төлеу (тұрақсыздық төлемі) – ол міндеттеме орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған ретте борышкер кредиторға төлеп беруге міндетті болатын ақшалай сома. Айып төлеу нысандары – айыппұл және өсім. Айып төлеу түрлері – заңда көзделген, шартпен белгіленген (ҚР АҚ 293б., 295б.), есепті, айыппұлдық, балама, ерекше (АҚ 351-б.) болып ажыратылады. Заңда көзделген айып төлеу қазіргі кезде өте сирек кездеседі (мысалы, ҚР АҚ 353-б.). Айып төлеу туралы талап бойынша кредитор оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Кепіл бойынша кепіл ұстаушы болатын несие беруші борышкер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған ретте кепілге салынған мүлдік құнынан осы мүлдік тиесілі тұлғаның (кепіл берушінің) басқа несие берушілерінің алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқығы бар (АҚ 299-б.). Кепіл кредитордың талабын оның нақты қанағаттандырылатын кезіндегі көлемді сыйақыны (мүддені) қоса алғанда, орындау мерзімін өткізіп алу арқылы келтірілген шығындардың өтелуін, айып (айыппұл, өсім) салуды,

кепілге салынған мүлікті ұстау жөніндегі қажетті шығындарды, сондай-ақ өндіріп алу жөніндегі шығындарды өтеуді қамтамасыз етеді. Борышкер өзі жауап беретін кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте кепіл ұстаушының (несие берушінің, кредитордың) талаптарын қанағаттандыру үшін кепілге салынған мүліктен ақы өндіріп алуы мүмкін.

Кепіл түрлері: ипотека, кепілзат, мүліктік құқықтарды кепілге беру, айналымдағы тауарларды кепілге беру, анық кепіл, кейінгі кепіл, ақшалар мен бағалы қағаздарды кепілге беру, ломбардқа заттарды кепілге беру.

Кепіл тараптары – кепіл беруші және кепіл ұстаушы болады және де, кепіл беруші ретінде борышкердің өзі, немесе үшінші тұлға болуы мүмкін.

Негізгі міндеттеме орындалып болғанда, кепіл жөніндегі міндеттеме де тоқтатылады. Негізгі міндеттеме орындалмаған жағдайда, кепілге берілген мүлік заңда көзделген тәртіп бойынша ашық сауда өткізу арқылы сатылуы мүмкін. Кепілге салынған мүлік жария сауда өткізу арқылы сот шешімімен немесе соттан тыс мәжбүр ету тәртібімен жүргізіледі және әртүрлі жағдайларда қолданылады: кәсіпорынды тарату кезінде оның несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру үшін, борышкердің міндеттемелері бойынша қарызды оның мүлкінен өндіріп алу үшін (АК 319, 320 б. б.).

Ломбардта заттарды кепілге салу ерекшеліктері ҚР Азаматтық кодексінің 328-бабымен ретеледі.


Кепіл келесі жағдайларда тоқтатылады;

1) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер тоқтатылғанда;
2) кепіл берушінің талабы бойынша - кепілге салынған мүліктің жоғалуы немесе бүліну қаупі туып, немесе кепіл ұстаушы міндеттерін өрескел бұзған жағдайда;


3) егер кепіл беруші кепілге салынған нәрсені ақылға қонымды мерзімде қалпына келтіруге немесе оны басқа бір сондай мүлікпен алмастыруды талап етпеген, кепілге салынған зат құрыған немесе кепілге салынған құқық тоқтатылған ретте;

4) кепілге салынған мүлікті жария саудаға салып сатқан ретте, сондай-ақ оны сату мүмкін болмаған ретте.

С сызбасы



Т сызбасы



Мақанов Сармановтан автокөлік сатып алады, шартты жазбаша рәсімдеп, оның мазмұнында автокөлік үшін шарт жасасу кезінде жарты бағасын қолма-қол беруді, ал қалған жартысын келесі 6 айдың ішінде 300 мың теңгеден ай сайын төлеп беруге келіскен. Сонымен қатар, келісім шарттарының тағы бір тармағы бойынша айлық төлемдерді кешіктіріп беру үшін төлеуге тиісті соманың 10 пайызы мөлшерінде айып төлеу көзделген.

Мақанов шарт жасасқаннан кейін 3 ай бойы қарызының тиісті бөліктерін төлемеген, 4-6-шы айларында 400 мың теңгеден төлеп тұрды, ал қалған 600 мың теңгені тек тағы 6 айдан кейін төлей алатындығын мәлімдейді.

Сармановтың айып төлеу туралы талабына Мақанов оған ешбір залалдар келтірмегендігіне сілтеп, айып төлеуден бас тартады.
Жағдайды реттеңіз.

Қизатова ақшалай қаражат тез арада қажет болғандықтан, өзінің қымбат тастармен безендірілген алтын білезігін ломбардқа кепілге беріп, несие алды. Ломбард білезікті 120 мың теңгеге бағалап, Қизатоваға сол соманың шегінде 100 мың теңге несие берді, несие мерзімі 30 күн және қосымша күту мерзімі тағы да 30 күн белгіленген. Сонымен қатар ереже бойынша Қизатова ломбардқа бекітілген сыйақы ставкасын, яғни алған несие сомасының 0,4 пайызын әр күн үшін төлеу керек болатын ($100000 \times 0,4 \times 30 = 12000$ т.).

30 күн өткен соң Қизатова ломбардқа несиенің тек 50 мың теңгесін және 30 күннің сыйақысын қайтарды. Келесі 30 күннен кейін қалған қарызын және сыйақыны төлеп, білезігін алуға келгенде, ломбард оған білезіктің сатылып кеткенін мәлімдейді. Ал Қизатова үшін бұл зат анасынан қалған естелік болғандықтан, ол кепілге берілген затын мерзімінен бұрын сатылғанымен келіспей, кепілзатын нақты қайтаруды талап етеді.

Жағдайды саралап, шешім шығарыңыз.

27-тақырып. Кепілдік, кепіл болушылық, кепілпұл және мүлікті ұстап қалу, кепілдік жарна

Кепілдік бойынша кепілдік беруші борышкердің кредиторы (несие берушісі) алдында осы тараптың міндеттерін орындауына толық немесе борышкермен *ортақтасып* ішінара жауап беруге міндеттенеді.

Ал **кепіл болушылық (аманат)** бойынша кепіл болушы басқа тараптың міндеттемесінің орындалуына толық немесе ішінара *қосалқы* жауап беруге міндеттенеді (АК-тің 330-б.). Яғни, кепіл болушыға қарағанда, кепілдік етушінің құқықтық жағдайы бірталай күрделі болады (АК 329 – 336 б., б.).

Кепілдік немесе кепіл болушылық шарттары жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанда жасалуын сақтамау кепілдік немесе кепіл болушылық шартының жарамсыз болуына әкеліп соқтырады. Егер кепілдік беруші немесе кепіл болушы борышкердің міндеттемені орындауын өз жауапкершілігіне алатынын несие берушіге жазбаша түрде хабарласа, ал несие беруші кепілдік берушінің немесе кепіл болушының ұсыныстарынан бұл үшін жеткілікті болатын қажетті уақыт ішінде бас тартпаса, кепілдік немесе кепіл болушылық шарттарының жазбаша нысаны сақталған деп есептеледі.

Міндеттемені орындаған кепілдік берушіге несие берушінің осы міндеттеме жөніндегі барлық құқықтары және кепіл ұстаушы ретінде несие берушіге тиесілі құқықтар кепілдік беруші несие берушінің талабын қанағаттандырған көлемде көшеді. Кепілдік беруші, сондай-ақ, борышкерден несие берушіге төленген соманың айыпақысын және сыйақысын (мүддесін) төлеуді және борышкер үшін жауапкершілікке байланысты шеккен өзге де залалдардың орнын толтыруды талап етуге қақылы. Кепілдік беруші міндеттемені орындағаннан кейін несие беруші борышкерге қойылған талапты куәландыратын құжаттарды кепілдік берушіге тапсыруға және осы талапты қамтамасыз ететін құқықтарды беруге міндетті.

Кепілпұл – ол болашақ міндеттеменің уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алынатын төлемнің есебінен және шарт жасаумен орындауды қамтамсыз етуге екінші тарапқа берілетін ақшалай сома. Сонымен, кепілпұл қамтамасыз ету, төлеу және куәландыру қызметтерін атқарады. Кепілпұл жөніндегі келісім міндетті түрде жазбаша жасалады және онда «кепілпұл» деп аталуы қажет. Егер міндеттеме тараптардың келісімімен орындалмай тұрып тоқтатылатын болса немесе ешкімнің кінәсіз оның орындалуы мүмкін емес болса, кепілпұл қайтарылады. Егер міндеттеме кепілпұл берген тараптың кінәсімен орындалмаған болса, онда кепілпұл екінші тарапта қалады, ал егер кепілпұлды алған тарап кінәлі болса, онда ол кепілпұлдың екі еселенген сомасын қайтаруға міндетті (337 – 338 б.б.).

Борышкердің мүлкін ұстап қалу тәсілі тек борышкердің қайсыбір мүлкі несие берушінің заңды иеленуінде болса ғана қолданылады. Бұл мүлікті несие беруші борышкер онын алдындағы өз міндеттерін орындағанға дейін ұстап қалуға құқылы болады. Борышкердің мүлкін ұстап қалу туралы алдын ала келісім жасау қажет емес, ондай жағдай еш келісімсіз пайда болуы мүмкін.

Кредитор өзіндегі зат иелігіне түскеннен кейін де оны иелену құқығы үшінші тұлғаға ауысқанына қарамастан, ол затты ұстап қала алады.

Затты ұстап қалушы кредитордың талаптары кепілмен қамтамасыз етілген талаптарды қанағаттандыру үшін көзделген көлемде және тәртіппен заттың құнынан қанағаттандырылады, яғни, борышкер өз міндеттерін орындамауды жалғастыра берсе, кредитор осы ұстап қалған заттарды сатуға шығарып, сатылған заттардан алынған ақшадан өз мүліктік талаптарын қанағаттандыра алады.

Кепілдік жарна дегеніміз сауда-саттық немесе өзге де міндеттемені орындау кезінде шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін төлеушінің кепілдік жарнаны алушыға беретін ақша сомасы. Кепілдік жарнаны төлеу жөніндегі міндеттеме заңнамаларда көзделген жағдайларда да, тараптардың келісіміне байланысты да туындайды. Кепілдік жарнамен қамтамасыз етілген міндеттеме төлеушінің кінәсінен орындалмаған жағдайда кепілдік жарна екінші тарапта қалады. Ал кепілдік жарнамен қамтамасыз етілген міндеттеме кепілдік жарнаны алушының кінәсінен орындалмаған не тараптардың келісімі бойынша, немесе олардың кінәсіз орындаудың мүмкін болмауы салдарынан осы міндеттеме тоқтатылған кезде кепілдік жарна төлеушіге қайтарылуға жатады. Кепілдік жарна көбінесе конкурстық міндеттемелерге қатысу үшін төленеді, мысалы, мемлекеттік сатып алу процестеріне, немесе биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін.

Смаилов өзінің жеке автокөлігін сатпақшы болып, ол туралы газеттерге хабарлама береді. Үміткер сатып алушы ретінде азамат Хасанов келіп, көлікті көріп, тағы біраз ойланатынын айтады, бірақта Смаиловқа алдын ала төлем ретінде (аванс) ауызша келісім бойынша 20 мың теңге беріп кетеді. Бір айдан кейін Хасанов басқа көлік сатып алғанына байланысты Смаиловтан беріп кеткен ақшасын сұрайды, бірақта Смаилов бұл ақша кепілпұл деп саналатынын және кепілпұл берушінің кінәсінен мәміле жасалмағандықтан берілген ақша сомасы кепілпұлды алушыда қалатынын мәлімдеп, 20 мың теңгені қайтарудан бас тартады.

Жағдайды саралап, құқықтық квалификациялау жасаңыздар.

Хасановтың талабы қанағаттандыруға жата ма?

Әлде Смаиловтың дәйектері негізді ме?

«Апрель» ЖШС-і «Арман» жобалау-құрылыс фирмасына сауда дүкендерін жобалау және салып беру жұмыстарын шарт жасасу арқылы тапсырады. Жобалау және құрылыс мердігерлігі шарттары жұмыстарының жалпы сомасын тапсырушы мердігерге алдын ала банк арқылы толық төлейді. Бірақта келісілген мерзімде мердігер өз міндеттерін орындамағаны және құрылысты жобалау жұмыстарын жүргізу үшін оның лицензиясы жоқ екендігі анықталады. «Апрель» ЖШС-і мердігерден алдын ала төленген ақша сомасын толығымен қайтаруды талап етеді, бірақ «Арман» ЖШС-і талапты орындамайды.

Құрылыс жүргізу үшін мердігер тапсырысшының құрылыс алаңына кейбір құрылыс материалдарын және құрылыс техникасын орналастырған. «Апрель» ЖШС-і сол мүліктерді борышкерге ол міндеттерін тиісінше орындамағанша бермейтінін хабарлайды.

«Арман» ЖШС-і сотқа талап арыз беріп, «Апрель» ЖШС-ің заңсыз иелігінен өзінің меншігіндегі мүліктерді қайтарып беруді талап етті.

Сот шешімі бойынша талапкердің арызы толық қанағаттандырылып, бөтеннің мүлігін ұстап қалу тек сот шешімі негізінде және сот орындаушының әрекеттері арқылы ғана жүзеге асырылуға тиіс деп көрсетілген.

Жағдайды саралаңыз, құқықтық бағалау беріңіз.

Соттың шешімінің заңға сәйкестігін талдаңыз.

26-27-тақырыптар бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Мыналардың қайсысында кепіл түрлері дұрыс көрсетілген:

- 1.Тек ипотека;
- 2.Ипотека, кепілзат, айналымдағы тауарларды кепілге беру
- 3.Кепілзат, кепілпұл;
- 4.Тек иеліктен айырылуы мүмкін құқықтар;
- 5.Кепілпұл, борышқордың мүлкін ұстап қалу;

2. Кепілпұл – бұл:

- 1.Уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасаумен орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сома;
- 2.Кепілге салынған мүлік кепіл берушіден кепіл алушының меншігіне өтетін кепіл түрі;
- 3.Кепілге салынған мүлік кепіл берушіден кепіл алушының иелігіне өтетін кепіл түрі;
- 4.Кепілге салынған мүлік кепіл салынушының иелігіне және пайдалануында қалатын кепіл түрі;
- 5.Бір тұлға, басқа жақтың несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына борышқормен ортақтасып ішінара жауап беруге міндеттенетін міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдісі;

3. Кепілпұлды алған тарап міндеттемені орындаған тарапқа мына әрекетті жасауға міндетті:

- 1.Кепілпұлды қайтаруға;
- 2.Кепілпұлдың екі еселеген сомасын төлеуге;
- 3.Кепілпұлдың үш еселеген сомасын төлеуге;
- 4.Кепілпұлды өзіне қайтаруға;
- 5.Айып төлеуге;

4. Кепіл зат - бұл:

- 1.Кепілге салынған мүліктің кепіл берушінің иеленуінде және пайдалануында қалатын кепіл түрі;
- 2.Кепілге салынған мүлікті кепіл беруші кепіл ұстаушының меншігіне беретін кепіл түрі;
- 3.Кепілге салынған мүлікті кепіл беруші кепіл ұстанушының иелігіне беретін кепіл түрі;
- 4.Уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алатын төлемінің есебінен екінші тарапқа және шарт жасасумен орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сома;
- 5.Басқа жақтың несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына негізгі борышқормен ортақтасып ішінара жауап беретін тұлғаға қатысты міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етілу тәсілі.

5. Міндеттемені қамтамасыз ету құралы ретінде борышқордың затын ұстап қалу қолданған жағдайда кредитор ол заттарды өзінде қашанға дейін ұстап қала алады:

- 1.Осы қатынас бойынша борышқор өз міндеттерін толық орындағанға дейін;
- 2.Басқа міндеттемелер бойынша борышқор залалдарды өтегенге дейін;
- 3.Басқа міндеттемелерді орындамағаны үшін келтірілген залалды өтеу туралы сот шешімі орындалғанға дейін;
- 4.1 жыл өткенге дейін
- 5.Барлық жауап дұрыс.

6. Кепіл болушылық келісімі қандай нысанда жасалуы тиіс:

- 1.Ауызша;
- 2.Кез-келген нысанда,
- 3.Тек жазбаша;
- 4.Негізгі шарт қандай нысанда жасалса сондай нысан талап етіледі;
- 5.Барлық жауап дұрыс

7. Тұрақсыздық төлемінің толық мазмұнында келесі түрлері бар:

- 1.Шарттық және заңды;
- 2.Есептік және айрықша;
- 3.Айыппұлдық және альтернативті;
- 4.Есептік, айрықша, айыппұлдық және альтернативті;
- 5.Есептік, айрықша, шарттық және альтернативті

28-тақырып. Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық

Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық – азаматтық-құқықтық жауаптылықтың бір түрі болып танылады және құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген, қосымша азаматтық-құқықтық жауаптылық немесе оны мүліктік құқығынан айыру түрінде, қосымша мүліктік жауаптылық ауыртпалығын салу арқылы жүзеге асырылады.

Міндеттемені бұзу дегеніміз – ол міндеттемені мүлдем орындамау немесе тиісінше, тиісті дәрежеде орындамау, яғни, мерзімінде орындамау, қызметтер мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау (349-бап). Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышкер бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Міндеттемені бұзғандық үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша ғана жүргізіледі, сондықтан кредитор белсенді тарап болып танылады.

Міндеттемені бұзған борышкер несие берушіге оның бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырып беруге міндетті.

Азаматтық құқықтық жауаптылық нысандары – ол шығындарды/залалдарды өтеу (АК 9 б.), айып төлеу, кепілпұлдан айыру, мәміле бойынша алғанды қайтару, кепілге берілген мүлікке деген меншік құқығынан айыру, моральдық зиянды өтеу және т. б. Бұл нысандар және де жауаптылық түрлері болып табылады.

Жауаптылықтың өзге түрлеріне: толық және шектеулі, шарттық және шарттан тыс, үлестік, ортақтасқан немесе қосалқы және т. б. жауаптылық жатады.

Келтірілген шығындар/залалдар және тұрақсыздық айыбын төлеудің арақатынасы Азаматтық кодексінің 351-бабының нормаларымен реттеледі. Яғни, егер міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін айып төлеу белгіленсе, залалдар айып төлеумен жабылмаған бөлігінде өтеледі (есептік тұрақсыздық төлемі) немесе залал толық сомасында тұрақсыздық айыбынан тыс өндіріп алынуы мүмкін (айыптық тұрақсыздық төлемі). Міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін тұрақсыздық айыбы ғана белгіленуі мүмкін (айрықша тұрақсыздық төлемі); сонымен қатар кредитордың таңдауы бойынша не айып төлеу, не шығын өндіріп алынуы мүмкін (балама тұрақсыздық төлемі).

Ақшалай міндеттемелерді орындамау салдарынан біреудің ақшасын заңсыз пайдаланғаны, не ақшаны төлеу мерзімін өткізіп жібергені, не оны негізсіз алғаны, немесе басқа тұлғаның есебінен сақтап қалғаны үшін Азаматтық кодекстің 353-бабында көзделген тұрақсыздық айыпақы (өсім нысанында) төленуге тиіс. Айыпақының мөлшері ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы негізінде есептеледі.

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың туындауының жалпы шарттары:

- шығындар мен зиянның болуы;
- құқық бұзушының құқыққа қарсы әрекеті;
- келтірілген зиян мен құқық бұзушының құқыққа қарсы әрекеті арасындағы себепті байланыстың болуы,
- құқық бұзушының кінәсінің болуы.

Жалпы ережелер бойынша кінә қасақана (әдейі) және абайсыздық нысанында болады. Бірақта азаматтық құқықта кінәнің нысанының ешбір маңыздылығы жоқ, керісінше, азаматтық-құқықтық жауаптылықтың туындауы кінәсіз болуы да мүмкін; мысалы: кәсіпкерлік қызмет саласында немесе аса қауіпті болып саналатын қайнар көздерімен зиян келтірілгенде.

Міндеттеме тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда айып төлеу (тұрақсыздық төлемін) және залалдарды өтеу, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, борышкерді міндеттемені орындаудан босатпайды.

Азаматтық кодексте «кәсіпкерлік тәуекел» термині бекітіледі (360-бап), осыған орай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі. Жұмысты тиісті дәрежеде орындаған адам, егер шартта өзге кәсіпкерлік тәуекелді бөлу көзделмесе, орындау дәрежесіне сәйкес ақы алуға құқылы.

Сонымен қатар, Азаматтық кодекстің 359-бабына сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған тұлға, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (зілзала, дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, мысалы, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің айналымда (нарықта) болмауы жатпайды.

Осы орайда қазақстандық заңнамада «форс-мажор» термині бекітілмегенін, оның түсінігі және құрамы келтірілмегенін ескеру жөн, себебі тәжірибеде тараптар осы терминді кең ауқымда қолдануға тырысады.

Борышкер өз міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайларда, егер ол өз еркімен кредитордың мүліктік талаптарын қанағаттандырмаса, борышты өндіріп алу ең алдымен борышкердің ақшасынан жүзеге асырылады. Ал ақшасы болмаған жағдайда борышты өндіріп алу борышкердің өзге мүлкінен оны жариялы сатуға шығару арқылы өндіріледі.

Жеке тұлғалардың борыштары бойынша залалдарды олардың мүлкі есебінен өндіріп алуда Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 61-бабында олардың есебінен өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүліктер тізілімі келтірілген.

ҚР Азаматтық кодексінің 352-бабына сәйкес міндеттеменің бұзылуынан келтірілген моральдық нұқсан залалдардан тыс өтеледі.

Мүліктік жауаптылықтың мөлшерін есептеуде сот кредитордың кінәсі бар/жоғын да ескереді (364-бап). Мысалы, міндеттеменің орындалмауы немесе

тиісті дәрежеде орындалмауы екі тараптың да кінәсінен болса, сот оған сәйкес борышқор жауапкершілігінің көлемін азайтады. Және де кредитор (несие беруші) міндеттеменің орындалмауынан немесе тиісті дәрежеде орындалмауынан келтірілген залал көлемінің ұлғаюына қасақана немесе абайсызда себепкер болса немесе олардың азаюына ақылға қонымды шаралар қолданбаса, сот борышқор жауапкершілігінің мөлшерін азайтады.

Заңдарда немесе шартта жауапкершіліктің және одан босатылудың өзге негіздері ескерілуі мүмкін. Ал міндеттемені әдейі бұзғаны үшін жауапкершілікті жою немесе шектеу туралы алдын ала жасалған шарт маңызсыз болады.

Кәсіпорынның жүргізушісі Мадиев жұмыс бабымен көшеде қызметтік көлікпен келе жатқанда көліктің алдыңғы дөңгелегі үзіліп, ылдидан тез сырғып бара жатып, жолаушы азаматша Рахманованы қағып кетеді. Рахманова жүкті екен, оны тез арада ауруханаға алып барғанымен, құрсағындағы баласынан айырылып қалады. Рахманованың туыстары Мадиевтан барлық шығындарын және моральдық зиянды өтеуді талап етеді, ал полиция органдары оған қатысты қылмыстық іс қозғайды. Тергеу барысында Мадиев айдап келе жатқан қызметтік автокөлік оқиға болған уақыттан екі күн бұрын автосервистен күрделі жөндеуден алынғаны анықталды. Ал дөңгелектің үзіліп кету себебі – осы автосервисте көлікті жөндеу мерзімі негізсіз созыла бергендіктен дөңгелектерін бекітетін бұрамалары (болттар) жоғалып, олардың орнына жөндеуші жұмыскерлер сапасы қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін басқа металлдан болттар жасап, дөңгелектерді бекіткендігі анықталған.

Осы жағдайда Мадиевтің әрекеттері мен келтірілген зиянның арасында себептік байланыс бар ма? Мадиев азаматтық жауапкершілікке тартылуға негіз бар ма?

Банк Балаевқа 2011 ж. 1-наурыздан бастап заем шарты бойынша 5 млн теңге ақшаны 3 жылға, ай сайын 13 пайыз сыйақы төлеп туру шарттығымен береді. 2 жыл бойы Балаев ай сайын шарттың кестесі бойынша белгіленген қарыз сомасын және сыйақыны тиісті мерзімдерде төлеп тұрған. 2013 ж. наурыз айынан ол несиені қайтаруға қабілеті болмай, банкке төлейтін сыйақы көлемі ұлғая бастады.

2016 ж. мамыр айында Банк Балаевтан 1 млн 700 мың теңге негізгі қарыз және 2,5 млн теңге сыйақыны өндіріп алуды сот арқылы талап етті.

Сот Азаматтық кодекстің 364-б. 1-тармағына негізделе отырып, банктің талабын тек ішінара қанағаттандырды, яғни 1 млн 700 мың теңге негізгі қарыз сомасын және 300 мың теңге сыйақыны өндіру туралы шешім шығарды.

- Соттың шешімін талдап, негіздеме беріңіздер.

Балаев сот отырысында Банктің талап қою мерзімінің өтіп кетуі туралы мәлімдеме жасамады.

Егер ол осындай мәлімдеме жасаған болса, сот шешімі өзгерер ме еді?

29-тақырып. Міндеттемелерді тоқтату

Міндеттеме тоқтатылған жағдайда оның тараптарының құқықтарымен міндеттері де тоқтатылады. Міндеттемелерді тоқтатудың ең жиі кездесетін негіздері – олардың тиісті дәрежеде орындалуы.

Бұдан басқа негіздер – тараптардың келісімі бойынша тоқтату, міндеттемені есепке жатқызу, бас тарту төлемін беру, міндеттемені жаңғырту (бастапқы міндеттемені ауыстыру), борышты кешіру – бұлар міндеттемені тоқтатудың ерікті негіздеріне жатады.

Азаматтың қайтыс болуына байланысты немесе заңды тұлғаның таратылуына байланысты, борышкер мен несие беруші бір тұлға болып шыққан жағдайда, мемлекеттік органның актісінің шығуына байланысты, ешкімнің кінәсіз міндеттемені орындауға мүмкіншіліктің болмауына байланысты міндеттеме тараптардың еркінсіз тоқтатылады.

Жоғарыда аталған міндеттемелерді тоқтату негіздерінің әрқайсысының сипаттамасын беру қажет. Мысалы: қарызды/борышты кешіру Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы міндеттемелерді тоқтатудың жана негізі болып танылады. Бұл негіз бойынша кредитор борышкерді өзінің алған міндеттерінен босатады, егер ол босату несие берушінің мүлкіне қатыстығы бар өзге тұлғалардың құқығын бұзбайтын болса.

Ал ҚР АҚ-ң 374-бабына сәйкес, орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеменің тоқтатылуы борышкердің немқұрайдылығы, салақтығы сияқты себептерден болса, қолданылмайды, тек қана борышқор жауап бермейтін жағдайлардан орындауға мүмкіндік болмағанда ғана міндеттеме тоқтатылады.

Бірақта бұл ереже ақшалай міндеттемелерге қолданылмайды.

Ал міндеттемені есепке жатқызу арқылы тоқтату үшін қарсы талаптар біртектес болу қажет, мысалы тек ақшалай борыштар; қарсы талапты есепке жатқызу арқылы міндеттеме толық немесе бөлік-бөлігімен тоқтатылады. Есепке жатқызуға бір тараптың өтініші жеткілікті. Алайда, заңнамаларда кейбір міндеттемелер есепке жатқызу негізімен тоқтату болмастығы бекітілген, мысалы: алимент өндіріп алу туралы, өмір бойы асырау туралы, азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы, т.б. (ҚР АҚ 370-бабының 2 тармағы).

У сызбасы

МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

Міндеттемені орындау арқылы тоқтату

Бас тарту төлемін төлеу арқылы тоқтату

Өзара міндеттерді есепке жатқызу арқылы тоқтату

Борышкер мен несие берушінің бір тұлға болуы себепті тоқтатылуы

Міндеттеменің жаңғыртылуға байланысты тоқтатылуы (новация)

Борышты кешіру арқылы міндеттемені тоқтату

Орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеменің тоқтатылуы

Мемлекеттік органның актісі негізінде міндеттеменің тоқтатылуы (мораторий)

Азаматтың қайтыс болуы

Заңды тұлғаның таратылуы

Дара кәсіпкер Тасымов «Каспибанкінен» 20 млн теңге несие алып, кепілге өзінің офис сыйақыны мерзімде к

шарт бойынша сомасын тиісті масын өсірмеу мақсатымен Тасымов банктің қызметкеріне заемдық міндеттемені тоқтатып, оны сатып алу-сату міндеттемесіне ауыстыруды ұсынады, яғни, ол кепілге берілген офисті банкке сатып, сату сомасынан банк өз шығындарын шегере отырып, қалған ақшаны Тасымовқа қайтарып беруді ұсынады.

Банк қызметкері Тасымовтың ұсынысын заңгермен ақылдасып талдау керек екендігін айтады.

Заңгер ретінде қалыптасқан жағдайды саралаңыз. Заем міндеттемесі өзге жаңа міндеттеме жасау арқылы тоқтатылуға бола ма?

Жұбайлар Амановтар некелерін бұзған соң бір жылдан кейін ортақ бір бөлмелі пәтерлерін бөлісуді қарастырады. Бұл пәтерді екі бөлек тұрғын жайға айырбастау келесі тағы бір жыл бойы мүмкін болмады, ал пәтер бағасының жарты сомасын бірі біріне де төлеу жағдайлары болмады. Аманов Қуат некеде туған 5 жасар қызына табысының барлық сомаларынан 25 пайызы көлемінде алимент төлеп жүрген. Осыны ескере отырып, ол қыздың анасына пәтерді толық меншігіне беруді, ал онын есесіне Қуат алимент төлеуден босатылатындығы туралы ұсыныс жасайды.

Аманова Назия бұл ұсынысты қолдауын, не қолдамауын білмей, заңгерден кеңес сұрайды.

Жағдайды саралап, Амановтарға құқықтық кеңес беріңіз.

Борыштарды есепке жатқызу деген не?

Ортақ мүлікті бөлу бойынша міндеттеме Аманов Қуат ұсынған жолмен тоқтатылуға бола ма?

28-29-тақырыптар бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Міндеттемені тоқтату негізі болып табылады:

1. Тиісті орындау, есепке жатқызу арқылы тоқтату,
2. Бір уақытта борышқор мен несие берушінің бір тұлға болуы себепті;
3. Міндеттеменің жаңғыртылуына байланысты тоқтату;
4. Борышты кешіру, міндеттемені орындау мүмкіндігінің болмауы
5. Барлық жауап дұрыс;

2. Қандай талаптарды есепке жатқызуға жол берілмейді:

1. Егер тараптардың бірінің өтініші бойынша талапқа заңды талап мерзімін қолдануға болса және ол мерзім өтіп кетсе;
2. Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы;
3. Алимент өндіріп алу туралы,
4. Өмір бойы асырауында ұстау туралы талаптарды.
5. Барлық көрсетілгендерге жол берілмейді;

3. Тек тараптардың келісімінсіз міндеттемені тоқтатудың негізі болып не танылады:

1. Азаматтың қайтыс болуы;
2. Борышты кешіру;
3. Міндеттеменің жаңғыртылуы;
4. Есепке жатқызу,
5. Бас тарту төлемі танылады.

4. Міндеттеменің тоқтатылуы ретінде борышты кешіру - бұл:

1. Бір тарап міндеттемені орындаудан бас тартады;
2. Бастапқы міндеттеме басқамен ауыстырылады, бірақ тараптар солар болып қалуы тиіс;
3. Міндеттемені орындау материалдық құндылықтарды ұсынумен ауыстырылады;
4. Міндеттемені орындауға мүмкіндіктің болмауы;
5. Борышкердің міндеттемелері бойынша кредитор оны орындаудан босатады, егер несие берушінің мүлкіне қатысты басқа тұлғалардың құқығына зиян келмесе;

5. Міндеттемені тоқтату негізі ретінде жаңғыртылу – бұл:

1. Міндеттеменің пәні мен тараптары міндеттеменің алғашқы күйінде қала береді, бірақ соңғысының орындау тәсілі ауысады;
2. Міндеттемені орындау материалдық құндылық беру арқылы айырбасталады;
3. Несие берушінің борышкерге жүктелген міндеттен босатуы арқылы жүзеге асырылады;
4. Бастапқы міндеттеменің орындауды көздейтін өзге нысан мен әдісін көздейтін міндеттеменің тоқтатылуы;
5. Бұқаралық ақпарат арқылы жария ету

6. Субсидиарлық жауаптылық:

1. Зиянды келтіруші үшін залады өтеу туралы үлестік міндеттемеде қатысушы тұлғалар, соңғысына залады өтеу туралы талапты қоюы;
2. Бірлесіп келтірілген зияндары үшін тұлғалар өз үлестеріне сәйкес несие берушінің алдында ортақтасқан жауаптылықта болады;
3. Зиян келтіргені үшін зиянды өтеу міндеттемесін орындаған борышқор, соңғысына залады өтеу туралы талапты қоюы;
4. Зиянды бірлесіп келтірген тұлғалар жәбірленушінің алдында бірлесіп жауапты болады.
5. Негізгі борышқор үшін жауаптылықты өзіне алған тұлға, несие берушінің талабын қанағаттандырады, егер негізгі борышқор бұл талапты қанағаттандыра алмауы;

7. Ортақтасқан (бірлескен) жауаптылық:

1. Зиянды бірлесіп келтірген тұлғалар жәбірленушінің алдында бірлесіп ортақ жауапты болуы;
2. Негізгі борышқор үшін жауаптылықты өзіне алған тұлға, несие берушінің талабын қанағаттандыруы, егер негізгі борышқор бұл талапты қанағаттандыра алмаса;
3. Зиянды келтіруші белсенді сипатта басқа тараптың міндетін бұзуы;
4. Бірлесіп келтірілген зияндары үшін тұлғалар өз үлестеріне сәйкес несие берушінің алдында ортақ жауаптылықты көтеруі

30-тақырып. Келісім шарт туралы жалпы ережелер

Келісім шарт – ол азаматтық құқықтың негізгі институттарының бірі. Азаматтық құқықта келісім шарттың мәміле ретіндегі және құқықтық қатынас ретіндегі ұғымдары беріледі. Келісім шарт мәміле ретінде – ол азаматтық құқықтар мен міндеттерді тағайындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған, екі немесе одан да көп тұлғалардың келісімі. Шарт - мәміле түрі болғандықтан оған екі және көп тарапты мәмілелер жөніндегі барлық ережелер қолданылады (АК 378-б. 2-т.).

Бұл жерде «бір тарапты және екі тарапты мәмілелер» деген ұғымды «бір тарапты және екі тарапты шарттар» деген ұғымнан айыру қажет. Бір тарапты мәміле - ол келісім шарт емес. Ал бір тарапты шарттар – ол мысалы, заем шарты. Бұл шарт бойынша, ол жасалғаннан кейін, заем берушіде тек қана талап ету құқығы пайда болады, ал заем алушыда – тараптардың келісімімен белгіленген уақытта тек қарызды қайтару міндеті пайда болады. Бірақта заем шарты – ол екі тарапты мәміле, сонымен қатар бір тарапты келісім шарт.

Көп тарапты мәмілелерге бірлесіп қызмет ету шарты, үш және одан да көп қатысушылармен жасалған құрылтай шарты жатқызылады.

ҚР Азаматтық кодексінің 2-бабында азаматтық құқықтың қағидаттарының құрамында шарт еркіндігі қағидаты бекітілген. Оның бір көрінісі ҚР АК-ң 380-бабында көзделеді:

«1. Азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті. Осы Кодексте, заң құжаттарында немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүр етуге жол берілмейді.

2. Тараптар заңдарда көзделген шартты да, көзделмеген шартты да жасаса алады».

Шарт еркіндігі абсолюттік болмағандықтан шарт жасасу кезінде тараптар қолданыстағы заңдармен белгіленген міндетті ережелерді (императивтік қалыптарды) қолдануға міндетті болып табылады (383-бап).

Келісім шарт нысандары толық түрде мәміле нысандары сияқты болады (ауызша, жазбаша). Шарт түрлері де мәміле түрлері сияқты болады (мәмілелердің түрлері бойынша сызбаны қараңыз).

Шарттардың өзге түрлері:

- негізгі және алдын ала шарттары (390-б.);
- бір тарапты және екі тарапты міндеттейтін шарттар;
- бір типті (388-б.) және аралас шарттар (381-б.);
- өзінің қатысушылары пайдасына және үшінші жақтың пайдасына жасалған шарттар (391-б.);
- ерікті және міндетті шарттар, оның ішінде жария шарттары (387-б.);
- екі жақтың өзара келісіп жасалатын және қосылу шарттары (389-б.);
- атауы бар және заңда аталмаған келісім шарттар, т.б.

Кейбір ғалымдар қатерлі (тәуекелдік, алеаторлық) шарттар түрлерін де атайды, оларға, мысалы, сақтандыру шарттарын жатқызады. Кәсіпкерлік келісім шарттарын да жеке топқа бөліп шығаруға болады.

Келісім шарттардың әрбір түр-түрлерінің ұғымдарын, белгілерін білу қажет. Мысалы, ҚР АҚ-ң 387-бабында «жария шарты» туралы нормалар бекітілген. Атап айтқанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғамен жасалған және мұндай тұлға өз қызметінің сипатына қарай оған жүгінетін әркімге қатысты жүзеге асырылуға тиіс тауарларды сату, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету (бөлшек сауда, көпшілік пайдаланатын көлікпен тасымалдау, байланыс қызметі, энергиямен жабдықтау, медицина, қонақүй қызметін көрсету және т.б.) жөніндегі оның міндеттемелерін белгілейтін шарт жария шарт деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға осы баптың нормаларында бірталай міндеттер жүктеледі:

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, жария шарт жасасуға қатысты бір тұлғаға басқалардың алдында артықшылық көрсетуге құқығы жоқ;

- тұтынушылардың кейбір категорияларына жеңілдік беру заңдармен жол берілетін жағдайларды қоспағанда, тауарлардың, жұмыс пен қызметтің бағасы, сондай-ақ жария шарттың өзге ережелері тұтынушылардың бәріне бірдей болып белгіленеді;

- тұтынушыға тиісті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсыну мүмкіндігі бола тұра кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаның жария шарт жасасудан бас тартуына жол берілмейді;

- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға жария шарт жасасудан негізсіз жалтарған кезде ҚР АҚ-ң 399-бабының 4-тармағында көзделген міндеттер қолданылады;

- заңнамаларда көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі жария шарттарды жасау және орындау кезінде тараптар үшін міндетті ережелер (үлгі шарттар, ережелер және т.б.) шығаруы мүмкін.

Жария шарттың жоғарыда белгіленген талаптарына сәйкес келмейтін ережелері маңызсыз болып табылады.

Қосылу шартын талдайтын болсақ, АҚ-ң 389-бабына сай, қосылу шарты деп шарт ережелерін тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілеген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдай алатын шарт танылады.

Қазіргі таңда кәсіпкерлік салада қолданатын шарттардың басым пайызы қосылу шарт түрінде жасалады (тасымалдау, білім беру, сақтандыру, энергиямен жабдықтау, банктік шарттар, өзге қызмет көрсету шарттары, т.б.).

Алдын ала жасалатын шарт бойынша тараптар алдын ала жасалатын шартта көзделген жағдайларда мүлік беру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету туралы болашақта шарт (негізгі шарт) жасасуға міндеттенеді (390-бап). Бұл шарттың нысаны жазбаша болу керек, себебі нысаны туралы қағидаларды сақтамау оның маңызсыздығына алып келеді.

Алдын ала жасалатын шартта негізгі шарттың мәнін, сондай-ақ басқа да елеулі жағдайларын белгілеуге мүмкіндік беретін ережелер болуға тиіс, оның ішінде негізгі шартты жасасуға міндеттенетін мерзім көрсетіледі. Егер алдын

ала жасалатын шартта мұндай мерзім белгіленбесе, олар көздеген шарт алдын ала жасалған кезден бастап бір жыл ішінде жасалуға тиіс.

Алдын ала шартты шарт жасасуға ниеттер білдіру келісімінен/хаттамасынан ажырату керек (390-баптың 7-тармағы). Ниеттерді жазбаша түрде білдіру нәтижесінде сол ниеттерді орындамау ешбір құқықтық жауаптылыққа әкелмейді, ал алдын ала шартта көзделген шартты жасасудан жалтарған реттерде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, осы арқылы келтірілген залалды кінәлі тарап екінші тарапқа өтеуге міндетті болады.

Тағы бір шарт түріне тоқтала кетейік, ол үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт, мысалы, автокөлік иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шартты айтуға болады. ҚР АҚ-н 391-бабында көрсетілгендей, тараптар несие берушіге емес, шартта көрсетілген немесе көрсетілмеген және борышқордан міндеттемені өзінің пайдасына орындауды талап етуге құқығы бар үшінші жаққа борышқор орындап беруге міндетті деп көрсеткен шарт үшінші жақтың пайдасына жасалған шарт болып танылады.

Келісім шарт мазмұны – ол жасасу кезінде тараптар өзара келіскен шарт ережелерінің, жағдайларының жиынтығы. Шарт келісім болғандықтан, тараптар болашақ шарттың елеулі жағдайлары жөнінде келісімге келуі қажет.

Әр келісім шартта көптеген ережелер болуы мүмкін, олардың ішінде шарттың **елеулі ережелерін** айқындап алу қажет. Шарттың **елеулі ережелері** – ол тараптармен келісілмесе шарт жасалды деп саналмайтын ережелер, яғни, ол ережелер жөнінде тараптар келісімге келе алмаған жағдайда шарт жасалмады дегенге әкелдіретін жағдайлар (ҚР АҚ 393-б.). Заң келесі төрт жағдайды елеулі ережелерге жатқызады:


- шарттың мәні (заты) жөніндегі ережелер;
- заңда елеулі деп танылған ережелер;
- шарттардың осы түрлері үшін қажетті ережелер;
- бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті ережелер.

Барлық өзге ережелерді дағдылы және кездейсоқ ережелерге бөлуге болады.

«Міндетті» (мысалы, жария) шарттарда оның елеулі ережелері бойынша тараптар келісімге келе алмауы міндетті тарапқа шарт жасасудан жалтаруға негіз бермейді. Бұл шарттар бойынша тараптар келісімге келе алмаған жағдайда, шарт жасасу алдындағы дауды шешу үшін сотқа жүгіну қажет және сот шешімі тараптар үшін міндетті болады, яғни, келісім шарт сот белгілеген ережелермен жасалатын болады (399-бап).

Сонымен бірге, тараптар ерікті келісім шарттар жасау кезеңінде де өзара келісімі бойынша шартты жасау алдындағы дауды шешу үшін сотқа жүгінуі мүмкін.

Ұ сызбасы



Тәуекелді (алеаторлық) шарттар

Мейрамов Азамат өзінің танысы Тоғаевтан қарызға ақша беруді сұрайды, Тоғаев келісіп, бір айдан кейін беруге уағдаласады. Бірақта келісілген мерзімде үдесін орындамай, Тоғаев тағы бірнеше рет куәгерлердің көзінше де қарызға 500 мың теңге беретіндігін растайды, тіпті қолхат та жазып береді: «Мен, Тоғаев Ринат, Мейрамов Азаматқа қарызға 500 мың теңге беруге уәде беремін» деп.

Тоғаев өз үдесін орындамайтынына көзі жеткен соң Мейрамов сотқа талап арыз беріп, Тоғаевтан мәжбүрлі түрде қарыз беруді талап етеді, оның қолхатын қоса келтіреді.

Мейрамов пен Тоғаевтің арасында шарттық міндеттеме пайда болды ма?

Сот қандай шешім қабылдайды?

Қараевтар отбасы азаматша Титовадан пәтер сатып алады, ақшасын қолына беріп, енді жақында орналасқан Халыққа қызмет көрсету Орталығы арқылы осы шартты рәсімдеуді ұсынады. Алайда Титова оларға алдымен нотариусқа барып, шартты нотариалды рәсімдеуді талап етті. Қараевтар оған бұл келісім шарт міндетті нотариалды нысанын талап етпейтіндігін, тек міндетті жазбаша нысанда болуы және құқықтар мемлекеттік тіркелуі керек екендігін негіздеп түсіндіргендеріне қарамастан, Титова айтқанынан таймады. Қараевтар оған қоса нотариусқа едәуір ақша төлеп шығындануға мәжбүр болатындарына да Титова көнбеді.

Келісім шарттың елеулі ережелері дегеніміз не?

Сатушының талаптары елеулі ережелер деп таныла ма?

Жасалуы басталған келісім шартты мақсатына жеткізу үшін Қараевтар не істеу керек?

31-тақырып. Келісім шартты жасасу, өзгерту және тоқтату

Шарт жасасу келесі тәртіпке бағынады: мүдделі тарап бірнеше нақты тұлғаларға шартты жасау жөнінде жеткілікті дәрежеде айқын ұсыныс жасайды, ол ұсыныс **оферта** деп аталады (АК 395-б.). Жасалатын шарттың нысанына қарай, оферта ауызша немесе жазбаша болуы мүмкін. Мысалы, жазбаша нысандағы келісім шарттардың офертасы ретінде болашақ келісім шарттың жобасы танылады. Офертаны алған тарап оны қарастырып келесі әрекеттердің бірін жасауы қажет: оферта шарттарын толық әрі бұлтарыссыз қабылдау; өз өзгерістері мен қосымшаларын енгізе отырып, ұсынылған шартты жартылай қабылдау; офертаны қабылдаудан бас тарту. Офертаны толық және бұлтарыссыз қабылдау азаматтық құқықта **акцепт** деп аталады. Офертаны өзгерістер мен қосымшалар енгізу арқылы қабылдау акцепт деп саналмайды, ол **жаңа оферта** болып табылады.

Офертаға өзгерістер мен қосымшалар енгізу ұсыныстары жөнінде **келіспеушіліктер хаттамасы** толтырылады. Келісімге келмеген жағдайлар келіссөз жүргізу арқылы шешіледі. Ал елеулі ережелер бойынша келісімге келмеген жағдайда еркін түрде жасалатын шарттар жасалмаған деп саналады.

Азаматтық қатынастарды **жария оферта** арқылы шарт жасасу кең тараған, сондықтан оның ерекшеліктерін де білу жөн.

Шарттарды міндетті жасасу тәртібі мен мерзімі ҚР АК-ның 399-бабында бекітіледі. Бұл тәртіпті азаматтық құқықты оқушылар нақты біліп, тәжірибеде қолдануды үйренгені жөн болады. Осыған орай, заң бойынша шарт жасасу тараптардың бірі үшін міндетті болған реттерде, бұл тарап екінші тарапқа акцепт туралы, не акцепттен бас тартатыны туралы немесе офертаға (шарт жобасына) өзгеше жағдайларға акцепт жасалатыны туралы (шарт жобасына келіспеушілік хаттамасы), егер заңдарда өзге мерзім белгіленбесе, не тараптар келіспеген болса, офертаны алған күннен бастап 30 күннің ішінде хабар жіберуі тиіс.

Офертаны жіберген және шартты жасасуға міндетті тараптан оған өзге жағдайлармен акцепт жасау туралы хабар (шарт жобасына келіспеушілік хаттамасын) алған тарап шарт жасасу кезінде пайда болған келіспеушілікті осындай хабар алған күннен бастап 30 күн ішінде, не акцептіге арналған мерзім өткен соң, егер заңдарда шарттардың жекелеген түрлері туралы өзге мерзім белгіленбесе, соттың қарауына беруге құқылы.

Ал егерде шарт жасасуға міндетті тарап жіберген шарт жобасына 30 күн мерзімде шарт жобасына келіспеушілік хаттамасы алынса, бұл тарап екінші тарапқа шартты сол редакциясында қабылдайтыны туралы, не келіспеушілік хаттамасын қабылдамайтыны туралы келіспеушілік хаттамасын алған күннен бастап 30 күн ішінде хабарлауға міндетті.

Келіспеушілік хаттамасын қабылдамаған не оны көрсетілген мерзімде қарау нәтижелері туралы хабарды алмаған жағдайда келіспеушілік хаттамасын жіберген тарап, егер заңдарда шарттардың жекелеген түрлері туралы өзгеше

белгіленбесе, шарт жасасу кезінде пайда болған келіспеушіліктерді соттың қарауына беруге құқылы.

Егер шарт жасасуға міндетті тарап оны жасасудан жалтарса, екінші тарап шарт жасасуға мәжбүр ету туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы. Сот шешімі бойынша шарт жасасудан негізсіз жалтаратын тарап екінші тарапқа шарт жасасудан бас тарту туғызған залалдың орнын толтыруға тиіс.

Жасалған шартты өзгертуге және тоқтатуға оның орындалуының кез келген кезеңінде тараптардың келісімі бойынша болады (ҚР АҚ 24-Тарауы). Өзге негіздер бойынша шартты АҚ-пен, өзге заңдармен немесе шартпен көзделген жағдайларда ғана өзгерту немесе бұзуға болады.

Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт оның бір тарабымен едәуір бұзылған кезде немесе заңнамаларда көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соғатын жағдайлар танылады.

Шартты орындаудан біржақты бас тарту (шарттан бас тарту) негіздері АҚ-ң 404-бабында келтірілген:

1) заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

2) шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмағанда (ҚР АҚ 374-бабы);

3) екінші тарап банкрот деп танылғанда;

4) шарт жасалғанда негізге алынған мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайларда.

Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда бір тарап бұл туралы екінші тарапқа бір айдан кешіктірмей ескертуге тиіс.

Шартты өзгерту және бұзу салдары ҚР АҚ 403-бабында көзделген. Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту заң тәжірибесінде пролонгация деп аталады (ҚР АҚ 404-б.).

Тәжірибеде қалыптасқан дәстүр бойынша келісім шарттың жазбаша жобасы шартты орындаудың негізгі міндеті жүктелетін тараппен жасалады. Тәжірибеде шарт жобасын жасау көптеген тұлғалар үшін қиын болып келеді. Сондықтан шарт жасасуды жеңілдетіп, шарт ережелерін толықтыра енгізуге мүмкіншілік беретін **шарт реквизиттерінің тізімін** білген жөн. Олар:

- келісім шарт атауы;

- жасалған жері мен орны;

- тараптардың, олардың өкілдерінің атаулары және өкілеттілігінің негіздері;

- тараптардың құқықтары мен міндеттері;

- тауар (заттар, жұмыстар, қызметтер) бағасы және шарттың тұтас бағасы;

- есеп айырысу тәртібі мен тәсілі, төлем валютасы;

- міндеттерді орындау мерзімі (оны шарттың әрекет ету мерзімімен шатастыруға болмайды).

Қазіргі кезде жазбаша нысандағы шартта тараптардың мүліктік жауаптылығы туралы ережелер енгізу міндетті болып танылады. Сонымен бірге шартқа қолданылатын құқық жөнінде, арбитраж жөнінде (әсіресе тараптардың бірі ТМД мемлекеттерінен немесе алыс шетелдік болса) ережелерді енгізу қажет болады. Тараптардың мекенжайы, банк реквизиттері және тиіп атқару реквизиттері де міндетті ережелерге жатады. Шарт жасасу тараптардың немесе олардың өкілдерінің қолын қоюмен, егер олар заңды тұлғалар, кәсіпкерлер болса мөрін басумен, келісім шарт данасының санын көрсетумен аяқталады.

Келісім шартты келесі кезеңге ұзарту/жасасу екі жолмен жүзеге асырылады: пролонгация жасау арқылы немесе 397-баптың ережелері бойынша қайтадан оферта мен акцепт жасасу арқылы (405-бап).

Н. қаласында электр қуатымен жабдықтау ұйымы келесі жылға шарт шасасу бойынша барлық тұтынушы заңды тұлғаларға типтік шарт жобасын жібереді. Жобаның 3.2 тармағында тұтынушылардың Азаматтық кодексте бекітілген құқықтарын бұзатын нормалар келтіріліпті. Осы тармақ бойынша тұтынушы – «Арай» ЖШС-і – келіспеушілік хаттама жазып, сол норманы өзгерту туралы нақты ұсыныс беріп, оны энергиямен қамтамасыз етуші ұйымына тиісті мерзімдерде жібереді. Алайда жаңа жыл басталған соң «Арай» ЖШС-ін электр қуатымен қамтамасыз етілетін желілерден айыру жүргізіліпті. Бұл жағдайды анықтауда Электр қуатымен қамтамасыз ететін ұйым тұтынушыны электр желілерінен айырғанын «біз ол тұтынушымен келісімге жетпедік, ал келісім болмағанда шарт жасалмады» деп негіздейді.

- *Шарт жобасы бұл жағдайда не болып танылады?*
- *Келіспеушілік хаттамасының мәні қандай?*
- *Энергиямен қамтамасыз ету шарттары келісім шарттардың қандай түрлеріне жатады? Оның құқықтық салдары қандай?*
- *Азаматтық кодекстің 399-бабының нормалары келтірілген жағдайды қалай реттейді?*
- *Жауабыңызды негіздеңіз*

«Астық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Сауда-саттық фирмасы» ЖШС-не дәнді дақылдардың өнімдерін сатуға келісті.

Келісім шарттың жобасында:

«бидай – 100 тонна»,

«арпа – 200 тонна»,

«күріш – 50 тонна» тапсырылады деп көрсетіліпті.

Алайда сатып алушы бидай мен арпаның көлемін азайтып, күріштің мөлшерін көбейтуді сұрап еді, едәуір келіспеушіліктер туындады.

Оферта мен акцепт осы жағдайда орын алды ма?

Келіспеушілікті реттеп, шарттың осы даулы тармақтарын тараптардың келісімімен реттеңіз, шартты жасасыңыз.

Ресейлік «Мода» акционерлік қоғамы Астанадағы сауда-саттық қызметпен шұғылданатын ЖШС-қа қыс-күз мерзіміне арналған 1500 дана көлеміндегі әйелдердің сырт киімін сату туралы келісім шарттың жобасын жібереді.

Жоба бойынша бұл киімдердің келесі түр-түрлері ұсынылыпты:

1) Көртешелер (куртки):

56-60 размерлер – 500 дана;

50-54 размерлер – 300 дана;

44-48 размерлер – 200 дана

2) Тондар:

44-52 размерлер – 100 дана;

54-60 размерлер – 400 дана.

-Астана қаласының ауа райына және қазақстандық әйелдердің/қыздардың сырт пішіндеріне қарай сіз осы киімдерді тез арада сата аласыз ба?

Осыған байланысты сатушының оффертасына акцент бересіз бе?

Шарт жасасу ережелерін, тәсілдерін қолдана отырып, осы жағдайды қалай реттеуге болады?

30-31-тақырыптар бойынша білімдерді бекітуге арналған қысқаша тестілер

1. Азаматтық құқықтағы келісім шарт дегеніміз не?

1. Екі немесе бірнеше тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған өзара келісімі;
2. Азаматтардың арасындағы келісім,
3. Нақты бір өтінішке қол қою;
4. Қатынастарды реттеуге бағытталған, келісілген ережелер;
5. Заңи белгіленген өкілеттіктердің жиынтығы.

2. Акцепт - бұл:

1. Шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше тұлғаға жасалған ұсыныс, егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып, және ол қабылданған жағдайда өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсетсе;
2. Талаптардың арасындағы барлық елеулі ережелерді сақтай отырып жасалынған шарт;
3. Жарнама және беймәлім адамдар тобына жіберілген өзге де ұсыныстар;
4. Заң құжатынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе тараптардың бұрынғы іскерлік қатынастарынан өзгеше туындамаса, жауап қайтармау
5. Оферта жолданған жақтың ұсынысты толық қабылдағаны туралы жауабы;

3. Шарттың түрлеріне жатпайды:

1. Алғашқы және туынды;
2. Бір жақты, көп жақты
3. Ұйымдастырушылық және мүліктік шарттар
4. Жария және қосылу шарттары
5. Реалды, консенсуалды

4. Шарттың елеулі ережелеріне қайсылар жатқызылады:

1. Шарттың пәні туралы ережелер
2. Заңдарда және басқа да құқықтық актілерде тікелей елеулі ережелер деп аталған ережелер
3. Шарттың осы түрі үшін қажетті ережелер
4. Бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге жетуге тиісті болатын ережелер
5. Барлық көрсетілген ережелер дұрыс;

5. Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға қандай жағдайларда жол беріледі:

1. ҚР Азаматтық кодексінде, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда;
2. Борышқордың өзінің еркі бойынша;
3. Заңда көзделген ретте де, тараптар өзара келісе отырып өзгертуге жатады,
4. Тек құқылы тарапқа бір жақты бас тартуға жол беріледі;
5. Ешқандай жағдайда да рұқсат берілмейді.

6. Шарт бойынша тарап өз міндеттерін орындағаны үшін ақы алуы немесе бір-біріне бір нәрсе беруі керек болса, ол:

1. Ақылы шарт
2. Ақысыз шарт
3. Жария шарты
4. Қосылу шарты
5. Аралас шарты деп аталады

7. Шарт жасау туралы бір немесе бірнеше тұлғаға жасалған ұсыныс, егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып, және ол қабылданған жағдайда өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсетсе, бұл:

1. Акцепт деп аталады
2. Оферта деп аталады
3. Жария оферта деп аталады
4. Ешқандай да атауға ие емес
5. Реалды шарт деп аталады